

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ СЕНАТЫ**

**Сенат Аппараты**

**АЛТЫНШЫ ШАҚЫРЫЛЫМДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІНІҢ ҮШІНШІ СЕССИЯСЫНДА СЕНАТТА  
ЗАҢ ЖОБАЛАРЫН ҚАРАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ**

Астана – 2018

## Алтыншы шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Парламентінің үшінші сессиясы кезіндегі Сенаттың заң шығарушылық қызметі

Көрсетілген уақыт мерзімінде Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты **84** заң қабылдады. Оның ішінде:

Конституциялық заңдарға өзгерістер мен толықтырулар – **2**;

Кодекстер – **3**;

дербес заңдар – **9**;

қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін заңдар – **33**;

халықаралық шарттар мен келісімдерді ратификациялауға бағытталған заңдар – **37**.



Қаржы-экономика саласы бойынша **салықтық және кедендік заңнама жаңартылды.**

Кәсіпкерлікті тұрақты дамытуға, инвестицияларды ынталандыруға, салықтық тәртіптемелерді оңтайландыруға, жеңілдіктер мен салықтық басқарудың тиімділігін арттыруға, адал салық төлеушілердің мүддесін қорғауды күшейтуге бағытталған «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексі (Салық кодексі) жаңа редакцияда қабылданды.

Ұлттық заңнаманы ЕЭО-ның жаңа Кедендік кодексімен сәйкес келтіру мақсатында «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі қабылданды. Кодекс сыртқы экономикалық қызметтерге қатысушылар үшін бюрократтық кедергілерді азайтуға және кедендік басқаруды айтарлықтай жеңілдетуге бағытталған. Кедендік кодекспен кедендік реттеу саласында жаңа басым бағыттар қарастырылған. Олар: кедендік ұйымға қажет құжаттарды ұсынбай-ақ кедендік декларацияны электронды түрде тапсыру мүмкіндігі; кедендік

төлемдерді аванстық төлем енгізу арқылы төлеу; мемлекеттік ұйымдардың өзара ақпараттық байланысында «бір терезе» механизмін қолдану.

Жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнама нормаларын жүйелендіруді көздейтін, сонымен қатар инвестициялық тартымдылықты арттыруға бағытталған **«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы»** Кодекс қабылданды. Кодекстің басты жаңалықтары «бірінші келген – бірінші алады» қағидаты бойынша жер қойнауын пайдаланудың Аустралиялық моделін ендіру, пайдалы қазбалардың қорларын есептеудің халықаралық жүйесіне көшу, геологиялық ақпараттардың қолжетімділігімен қамтамасыз ету болып табылады.

**«Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Конституциялық заң қабылданды. Осы Заң арқылы «Астана» Халықаралық қаржы орталығының нақты құрылымы және оның органдарының қызметін алмастыру тәртібі анықталды, сонымен қатар заңда сот жүйесінің мәселелеріне қатысты және мемлекеттік рәміздерді орналастыру, Конституциялық Кеңестің қызметіне байланысты конституциялық заңдардың жекелеген ережелерін нақталайтын нормалар қарастырылған.

**«Қаржы топтамасын құрайтын заңнама 2018 жылға республикалық бюджеттің параметрлерін белгілейтін «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2018–2020 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы»** заңдармен толықты.

Сонымен қатар өткен жылдың соңында бюджеттің кіріс және шығыс бөлімдеріне, Ұлттық қорға түсетін түсім көлеміне қатысты 2017 жылдың бюджетінің параметрлері нақтыланды.

Бір топ депутаттар тарапынан әзірленген, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылауды әрі қарай жетілдіруге бағытталған **«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды.

**«Бюджеттік заңнамаға да өзгерістер енгізілді. Бюджет шығындарының тиімділігін және мемлекеттік органдардың дербестігін арттыруды, бюджеттік процедураларды жеңілдетуді көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды. «Республикалық бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті)» көрсеткіштері заңнамалық тұрғыдан пысықталды. Бұл өз кезегінде ел бюджетінің мұнайдан түсетін түсімдерге тәуелділігінің шынайы деңгейін көрсетуге мүмкіндік тудыратын болады.

**«Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы»** жаңа редакцияда қабылданған Заң нарықтың қарқынды дамуы жағдайында валюталық реттеу және валюталық бақылау саласын жетілдіруге бағытталған және либералды валюталық тәртіп қағидасын сақтауды қарастырады.

Қазақстандағы инновациялық белсенділікті және венчурлік капиталдың жеке нарығын ынталандыру мақсатында венчурлік қаржыландыру саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне венчурлік қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды.

**Экономикалық блокты** заңнамалық күшейту аясында келесі заңдар қабылданды.

2018 жылдың 24 мамырында Мемлекет Басшысы **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заңға жариялы түрде қол қойды. Заңның басты мақсаты кәсіпкерлікті реттеу саласындағы заңнаманы ырықтандыру болып табылады. Заңда мемлекеттің бақылау қызметін азайту, бәсекеге кедергі нормаларды алып тастау, сонымен қатар кәсіп шығындарын жаппай азайту бойынша шаралар регламенттелді. Құқық бұзушылықты ескертіп отыратын, олардың алдын алуды бақылаушы институт енгізілді. Квазимемлекеттік сектор және табиғи монополиялар қызметі реттелді.

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заңмен ауылшаруашылығы жерлерін пайдалануға берудің ашық механизмдері қалыптастырылды, оны пайдалану тәртібі реттелді және жерді пайдалануға бақылау күшейтілді.

Бағалау қызметін әрі қарай жетілдіру мақсатында бағалау қызметін реттеуді, мемлекеттік бақылауды оңтайландыруды және тиімсіз мемлекеттік реттеу қызметтерін болдырмауды көздейтін **«Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы»** Заң қабылданды.

Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау саласындағы қолданыстағы заңнамасын жетілдіруге, әсіресе ішкі нарықта сұйытылған мұнай газының тапшылығын болдырмауға бағытталған **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне газ және газбен жабдықтау бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды.

**Әлеуметтік саланы** реттеуге арналған бірқатар заңдар қабылданды.

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заңымен әскери қызметкерлерді тұрғын үймен қамтамасыз ету тетіктері нысаналы тұрғын үй төлемдері арқылы жетілдірілді.

Сонымен қатар **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың жұмыспен қамтылуы және көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды. Өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес адамның жасына байланысты және

еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақы төлемдері арттырылды. Медициналық қызметкерлер үшін қосымша атқаратын жұмысқа тыйым салу алынып тасталды және зейнеткерлік жасқа толған қызметкерлермен еңбек қатынастарын тоқтату туралы жұмыс берушінің хабардар ету тәртібі бекітілді. Жұмыс беруші мен жұмыс іздеушілер жайлы барлық ақпараттарды топтастыратын, жұмысқа орналастыру бойынша республикалық онлайн-кеңістігі саналатын – «Еңбек биржасы» мемлекеттік интернет ресурсын құру заңнамалық тұрғыдан шешімін тапты. Сонымен қатар жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін жеке меншік агенттіктерді тартуды ынталандыруда осы заң аясында қарастырылған.

Ақпараттық салада азаматтардың құқығын қамтамасыз етуді, БАҚ қызметіне жағдай жасауды, отандық телевизиялық және жарнамалық нарықты, коммуникацияны дамытуды көздейтін **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат және коммуникациялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды.

**«Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** қабылданған Заң этносаралық салада азаматтық қоғам институттары мен ұйымдарының, мемлекеттік органдардың өзара байланысын, жалпыұлттық бірлік пен қоғамдық келісімнің Қазақстандық моделінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Осы аталғандармен қоса, көптеген салалардағы құжаттардың жаңа ақпараттық формаға ауысуына және электронды құжат айналымына толықтай өтуіне байланысты архив істері саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне архив ісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды.

**«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы»** қабылданған Заңның басты міндеті балаларды физикалық және психикалық денсаулығына, имандылық, рухани, психикалық, физикалық және әлеуметтік жағынан дамуына зардабын тигізетін ақпараттан, оның ішінде зорлық-зомбылық пен қатыгездікті, порнографияны, қоғамға жат және құқық бұзушылық мінез-құлықты насихаттайтын баспа, аудио және аудио-бейне өнімдерді, электрондық және компьютерлік ойындарды таратудан қорғаудың ұйымдастырушылық-құқықтық тетіктері мен заңнамалық кепілдіктерін енгізу болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауында, «Бес әлеуметтік бастама» атты үндеуінде, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жарияланған тапсырмаларды іске асыру мақсатында **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық**

**актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды. Заңда келесідей негізгі мәселелер қамтылған:

2018 жылғы 1 шілдеден бастап бала кезінен бірінші топтағы мүгедекке күтім жасауды жүзеге асыратын адамдарға жәрдемақы енгізу;

айына 25 еселік айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен аспайтын жалақысы төмен жұмыскерлердің салықтық жүктемесін азайту;

заңнамалық тұрғыдан «кіші отан» ұғымын бекіту және жеке тұлғалардың ерікті түрде кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі шарттарын анықтау көзделеді.

Бұдан басқа, заң жобасымен Қазақстан ратификациялаған БҰҰ-ның Мүдегектердің құқықтары туралы конвенциясы шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында оқуға қабылдау тәртібі, ауылдық жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік сала мамандарын атаулы әлеуметтік қолдау, арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлерін әлеуметтік қорғау шараларын күшейту тәртібі нақтыланады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы заңнамасын мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асырудың тиімділігін және ашықтығын арттыру, сондай-ақ уәкілетті органға мәліметтер беретін коммерциялық емес ұйымдардың тізбесін оңтайландыру арқылы жетілдіруге бағытталған **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коммерциялық емес ұйымдардың қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды.

Тегін кәсіптік-техникалық білім беруді тиімді жүзеге асыру бағытындағы заңнаманы әрі қарай жетілдіру және кәсіптік-техникалық білім беру саласындағы қолданыс барысында анықталған заңнамалық олқылықтарды болдырмау мақсатында **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды. Бұл Заң мемлекет басшысының 2017 жыл 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру мақсатында Парламент депутаттары тарапынан дайындалған.

**Құқық қорғау саласын** жетілдіру аясында келесі заңдар қабылданды.

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметінің процестік негіздерін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** қабылданған Заң соттың санкциясыз адамды ұстау мерзімін 48 сағатқа дейін қысқартуды және қылмыстық теріс қылықтар мен онша ауыр емес қылмыстар бойынша бұйрықтық іс жүргізу институтын енгізуді көздейді. Бюджет қаражатын оңтайландыру және үнемдеу үшін заңда қылмыстық процесті электрондық форматта жүргізу мүмкіндігі қарастырылған.

Лауазымды және заңды тұлғаларға қатысты қысқартылған іс жүргізу институтын қолдануды кеңейту нормаларын енгізу, айыппұлдардың көлемін азайту, «ескертулерді» кеңірек қолдануды арттыру, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізетін жекелеген институттарды жетілдіру, сонымен қатар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің іс жүргізу ережелері мен тәртіптерін жүйелендіру арқылы **әкімшілік заңнама ізгілендірілді.**

Жәбірленушілердің, олардың заңды өкілдерінің құқықтарын қорғаудың құқықтық тетігін қалыптастыруға, сондай-ақ өтемақы қорының құқықтық, ұйымдастырушылық, қаржылық, әкімшілік-өкімдік ресурстарын шоғырландыру арқылы қаржыландыру және қаражатты төлеу тәртібін жүйелендіруге қолайлы жағдай жасауды көздейтін **«Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы»** Заң қабылданды.

Қылмыстық заңнаманы әрі қарай жетілдіру мақсатында **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнама мен құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды. Заңмен орта және жеңіл қылмыстар үшін жазаның қоғамдық жұмыстарға тарту сыйды балама түрлерін енгізу, сонымен қатар бас бостандығынан айырмай жазалауды кеңейту және бас бостандығынан айыру арқылы жазаланған жағдайда жазалау шарттарын жеңілдету мүмкіндіктері қарастырылған.

Сонымен қатар заңгерлер қауымдастығы өкілдері – адвокаттар, заң кеңесшілері, нотариустер, жеке сот орындаушыларының құқықтық статусын нығайтуға бағытталған **«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы»** Заң қабылданды.

**«Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы»** Заң арқылы Кеңестің жаңа мәртебесі анықталды. Атап айтқанда Кеңес консультативтік-кеңесші органнан Қазақстан Республикасының Президентімен құрылатын, ішкі саяси тұрақтылықтың сақталуын, конституциялық құрылымды қорғауды қамтамасыз ететін, мемлекеттік тәуелсіздікті, территориялық тұтастықты, Қазақстанның ұлттық мүдделерін халықаралық аренада қорғайтын, Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілеттілігі мен ұлттық қауіпсіздік саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты бақылаушы конституциялық органға айналдырылды.

**«Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** конституциялық Заңға маслихат депутаттарын сайлау кезінде сайлаудың барабар жүйесіне өтуді қарастырған түзетулер енгізілді. Атап айтқанда, маслихаттар депутаттарының сайлау округінен саяси партиялардың ұсынатын партиялық тізім негізінде сайлануы регламенттелді. Заң жобасын Парламент Сенатында қарау барысында өзгерістер енгізу қажеттілігі туындады. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерін лауазымға сайлаудың және

лауазымнан босатудың қолданыстағы тәртібін сақтау мақсатында, Сенат депутаттары тарапынан төте сайлауды енгізуге қатысты нормаларды алып тастауды көздейтін түзетулер енгізілді.

Заң жобаларын Парламент Сенатында қарастыру барысында **9 заң жобасы түзетулермен Парламенттің Мәжілісіне қайтарылды.** Атап айтқанда: «2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»; «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)», «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»; «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар.

Мәжіліс Сенаттың түзетулерімен келісіп, аталған заңдарды қабылдады.

Осы айтылғандармен қоса, **республиканың келісімдері мен халықаралық шарттарды ратификациялау** аясында автомобиль жолдарын дамыту жобаларын жүзеге асыруға бағытталған заңдар қабылданды. Сонымен қатар ЕЭО аясындағы интеграциялық құжаттамаларды, қосарланған салық салуды болдырмауды, сотталған адамдарды ұстап беруді, құқықтық көмекті регламенттеуші бірқатар келісімдер ратификацияланды.

Парламент Сенатында тиісті заң жобаларын қарау жөніндегі бас комитеті ретінде:

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті** – 24 заң жобасын;

**Қаржы және бюджет комитеті** – 19 заң жобасын;

**Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті** – 13 заң жобасын;

**Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті** – 12 заң жобасын;

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті** – 11 заң жобасын;

**Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті** – 5 заң жобасын жүргізді.





## **КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢНАМА, СОТ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ КОМИТЕТІ**

### **1. «Қазақстан Республикасы мен Сербия Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат В. Волков.

Қазақстан Республикасы мен Сербия Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) 2016 жылғы 24 тамызда Белградта жасалған.

Шарт уағдаласушы мемлекеттердің Шарттың ережелеріне және ұлттық заңнамаға сәйкес қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсетуіне бағытталған.

Шартта мемлекеттер арасында қылмыстық істер бойынша құқықтық көмекті іске асырудың ұйымдастыру-құқықтық тетігі егжей-тегжейлі регламенттелген.

Иммунитет, банк шоттарын және қаржылық ақпаратты анықтау, заттар мен құжаттарды қайтару, ақпаратты ерікті түрде беру, шығыстар, сотталғандықтар туралы ақпарат алмасу, құжаттар мен материалдарды заңдастырудан босату мәселелеріне жеке норма арналған.

Шартты ратификациялау Қазақстан Республикасы мен Сербия Республикасы арасындағы қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастықты жетілдіруге ықпал ететін болады.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы осы Шарт бойынша орталық орган болып табылады.

Заң 2017 жылы 5 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 18 қазанда № 98-VI ҚРЗ қол қойды.

### **2. «Қазақстан Республикасы мен Сербия Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Тағымов.

Қазақстан Республикасы мен Сербия Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шарт 2016 жылғы 24 тамызда Белградта жасалды.

Шарт қылмыстық қудалаудан жасырынып жүрген, сондай-ақ жазаны өтеуден жалтарып жүрген адамдарды ұстап беру бойынша Тараптардың құзыретті органдары арасындағы ынтымақтастықтың құқықтық негіздерін реттейді.

Шарттың ережелеріне сәйкес Тараптар бір біріне жазбаша сұрау салу бойынша олардың аумағында жүрген, іздестіріліп жатқан адамдарды ұстап беруге әкеп соғатын қылмыстар үшін қылмыстық жауапқа тарту не заңды күшіне енген сот үкімін орындау үшін ұстап беруге міндеттенеді.

Ұстап беру екі Тараптың заңнамаларына сәйкес тек қылмыстық жаза қолданылатын әрекеттерге байланысты жүргізіледі, оларды жасағаны үшін бір жылдан кем емес мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза және неғұрлым қатаң жаза көзделеді.

Шартты ратификациялау экстрадициялау мәселелерінде Қазақстан Республикасы мен Сербия Республикасы арасындағы ынтымақтастықты жетілдіруге ықпал етеді.

Осы Шарт бойынша орталық орган Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы болып табылады.

Заң 2017 жылы 5 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 18 қазанда № 99-VI ҚРЗ қол қойды.

### **3. «Қазақстан Республикасы мен Сербия Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Р. Әбдікерев.

Қазақстан Республикасы мен Сербия Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) 2016 жылғы 24 тамызда Белградта жасалған.

Шарт сотталған адамдарды оналтуға және әлеуметтік қайта интеграциялауға жәрдемдесу мақсатында оларды беру саласындағы ынтымақтастықты орнатуға, сондай-ақ сотталған адамдарға өзінің қоғамдық ортасында жазасын өтеуге мүмкіндік жасауға бағытталған.

Шартта сотталған адамдарды өз отанында жазасын одан әрі өтеу үшін бір мемлекеттен екінші мемлекетке берудің ұйымдастырушылық-құқықтық тетігі нақты регламенттелген.

Жекелеген норма екінші уағдаласушы мемлекетке үшінші мемлекет берген сотталған адамның транзиті, сондай-ақ беруге байланысты пайдаланылатын тілдер мен шығыстар мәселелеріне арналған.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы осы Шарт бойынша Орталық орган болып табылады.

Заң 2017 жылы 5 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 18 қазанда № 100-VI ҚРЗ қол қойды.

#### **4. «Қазақстан Республикасы мен Сауд Арабиясы Корольдігі арасындағы ұстап беру туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Құсдәулетов.

Келісім әрбір уағдаласушы мемлекеттің өзінің аумағында жүрген ұстап беруге алып келетін қылмыстары үшін күдік келтірілетін, айыпталатын немесе сотталған кез келген адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе сот үкімін орындау мақсаттарында ұстап беруіне бағытталған.

Келісімге сәйкес Тараптар бір-біріне олардың аумағында жүрген, іздестіріліп жатқан адамдарды ұстап беруге алып келетін қылмыстары үшін қылмыстық қудалауды жүзеге асыру немесе сот үкімін орындау үшін ұстап беруге міндеттенеді.

Келісімде адамды ұстап берудің және одан бас тартудың негіздері көзделген.

Келісімді ратификациялау екі елдің қылмыстылықпен күрестегі ынтымақтастығының тиімділігін арттырады.

Осы Келісім бойынша Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы орталық орган болып табылады.

Заң 2017 жылы 26 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 10 қарашада № 107-VI ҚРЗ қол қойды.

#### **5. «Қазақстан Республикасы мен Сауд Арабиясы Корольдігі арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Г. Ким.

Қазақстан Республикасы мен Сауд Арабиясы Корольдігі арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) 2016 жылғы 25 қазанда Эр-Риядта жасалды.

Келісімнің мақсаты сотталған адамдардың азаматтығы жағынан тиесілі қоғамға қайта араласуына жәрдем көрсету болып табылады.

Келісім сотталған адамдарды беру мәселелері бойынша Тараптардың құзырлы органдарының арасындағы ынтымақтастықтың құқықтық негіздерін реттейді.

Келісімнің ережелеріне сәйкес Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа оның аумағында екінші Тараптың кез келген азаматына қатысты шығарылған, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны көздейтін, соттың заңды күшіне енген үкімдері туралы дереу хабарлауға міндеттенеді.

Тараптар екінші тараптың азаматтарына қатысты бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындау немесе сотталған адам азаматы болып табылатын мемлекетте жазаны орындауды жалғастыру мақсатында барынша ынтымақтасуды жүзеге асырады.

Осы Келісім бойынша Қазақстан Республикасынан орталық орган – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, ал Сауд Арабиясы Корольдігі тарапынан Ішкі істер министрлігі (Қамаудағыларды беру жөніндегі тұрақты комитет) болып табылады.

Заң 2017 жылы 26 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 10 қарашада № 106-VI ҚРЗ қол қойды.

#### **6. «Ұстап беру туралы конвенцияны ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат С. Айтпаева.

Конвенцияға 1933 жылғы 26 желтоқсанда Монтевидео қаласында (Уругвай Республикасы) қол қойылған.

Конвенцияның негізгі мақсаты айыпталушыларды немесе сотталған адамдарды әлеуметтік оңалтуға жәрдемдесу мақсатында оларды ұстап беру саласындағы ынтымақтастықты орнату, сондай-ақ сотталған адамдар үшін жазасын өз елінде өтеу мүмкіндігін жасау.

Осы Конвенцияның ережесіне сәйкес қатысушы мемлекеттер өздерінің аумағында жүрген айыпталушыларды немесе сотталған адамдарды қылмысы үшін қылмыстық қудалауды және сот үкімін орындауды жүзеге асыру үшін беруге міндеттенеді.

Конвенцияға сәйкес ұстап берілген адамның ұстап беруді сұратуға себеп болған құқыққа қарсы іс-әрекетті жасау жолымен алынған немесе дәлелдеме ретінде пайдаланылуы ықтимал мүлкі тәркіленуге және талап етуші елге берілуге жатады.

Конвенцияны ратификациялау кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 11-бабына сәйкес Конвенцияның 2-бабы бойынша өздерінің азаматтарын ұстап бермеуі туралы, сондай-ақ 15-бабы бойынша іздестіріліп жатқан адамның мүліктерін тәркілеу және беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатыны жөнінде мәлімдеме жасау ұсынылады.

Заң 2017 жылы 26 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 10 қарашада № 105-VI ҚРЗ қол қойды.

#### **7. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметінің процестік негіздерін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Г. Ким.

Заң жобасының негізгі мақсаты қылмыстық процесті және тұтастай құқық қорғау қызметін жаңғырту болып табылады.

Заң жобасының тұжырымдамасымен адамның конституциялық құқықтарын қорғауды нығайту, тергеу тиімділігі мен тараптардың жарыспалылығын арттыру, сот бақылауын одан әрі кеңейту, бұйрықтық іс жүргізу институтын енгізу арқылы тергеп-тексеру рәсімдерін оңайлату, сондай-ақ қылмыстық қудалау органдары, прокуратура және сот арасында

өкілеттіктердің қайталануын болдырмау және оларды нақты бөлу жөніндегі міндеттерді іске асыру көзделеді.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне, «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» және «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Осы заң жобасының шеңберінде оларға сәйкес:

- Конституцияда көзделген 72 сағаттық шекті мерзімді пайдалануды айрықша жағдайларда ғана сақтай отырып, соттың санкциясыз адамды ұстау мерзімі 48 сағатқа дейін, кәмелетке толмаған адамдар бойынша 24 сағатқа дейін қысқартылатын;

- қылмыстық теріс қылықтар мен онша ауыр емес қылмыстар бойынша бұйрықтық іс жүргізу институты енгізілетін;

- адвокаттарға дәлелдемелер жинау бойынша неғұрлым кең өкілеттіктер беру арқылы қылмыстық процесс тараптарының жарыспалылығы арттырылатын;

- сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының адамдарға қатысты жүргізілген жасырын тергеу әрекеттері туралы оларға хабардар ету міндеті бекітілетін;

- құқық қорғау органдарының тергеп-тексерілетін іс-әрекеттің шегінен шығатын дәлелдемелерді жинау практикасы алып тасталатын;

- сотқа кепілді, куәландыруды және үлгілер алуды, сондай-ақ жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау бойынша өкілеттіктер берілетін;

- қаржылық пирамидалар, жалған ақша жасау, экономикалық контрабанда, рейдерлік және ұйымдасқан қылмыс түрлері сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтардан басқа, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды жасады деп күдік келтіріліп, айыпталып жатқан адамдарға күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылмайтын;

- арнайы жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге жол берілетін қылмыстар тізбесі шектелген нормалар көзделген.

Бюджет қаражатын оңтайландыру және үнемдеу үшін заң жобасымен қылмыстық процесті электрондық форматта жүргізу мүмкіндігі көзделген.

Заң 2017 жылы 7 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 21 желтоқсанда № 118-VI ҚРЗ қол қойды.

## **8. «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің автокөлік құралдарын жымқыруға қарсы күрестегі және оларды қайтаруды қамтамасыз етудегі ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат В. Волков.

Келісімнің мақсаты автокөлік құралдарын жымқыруға қарсы күрес мәселелері бойынша құқықтық негіздерді жасау болып табылады.

Келісімнің шеңберінде автокөлік құралдарын жымқырумен байланысты қылмыстардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру, іздестіру және оларды қайтару бойынша Тараптардың ынтымақтасуы

көзделеді. Тараптардың бірінің аумағында жымқырылған автокөлік құралы табылған кезде осы Келісімде белгіленген рәсімдерге сәйкес автокөлік құралдарын қайтару бойынша шаралар жүргізіледі.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 1) тармақшасына сәйкес Келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2017 жылы 7 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 15 желтоқсанда № 117-VI ҚРЗ қол қойды.

## **9. «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Г. Ким.

Заң жобасының мақсаты конституциялық заңдардың жекелеген ережелерін, оның ішінде сот жүйесі, мемлекеттік рәміздерді орналастыру, Конституциялық Кеңестің, «Астана» халықаралық қаржы орталығының (бұдан әрі – Орталық) қызметі мәселелерін нақтылайтын заңнаманы одан әрі жетілдіру болып табылады.

Заң жобасы 6 конституциялық заңға түзетулер енгізуді көздейді.

«Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңға Конституциялық Кеңес Төрағасының және мүшелерінің анты Президент айқындайтын тәртіппен қабылданатынын нақтылайтын түзету енгізіледі.

«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» Конституциялық заңға Тұңғыш Президенттің мәртебесін нақтылайтын түзету енгізіледі.

Заң жобасымен «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға сот төрелігін ұйымдастырушылық қамтамасыз етумен тікелей байланысты лауазымдарды алмастыру, сондай-ақ облыстық сот судьясы лауазымына кандидаттар үшін судьялардың жазбаша кепілгерліктерін алу тәртібін айқындауға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың» деген ұғымның Конституциядан алып тасталуына байланысты «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңға мемлекеттік рәміздерді орналастыру тәртібін айқындау бойынша түзетулер ұсынылады.

«Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Конституциялық заңда Орталықтың сақтандыру және банктік қызметтер көрсету нарығындамытумен, қаржылық технологияларды, электрондық коммерция мен инновациялық жобаларды жетілдірумен байланысты міндеттері кеңейтіледі.

Заң 2017 жылы 14 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 22 желтоқсанда № 119-VI ҚРЗ қол қойды.

## **10. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Құсдәулетов.

Заң жобасының мақсаты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасын одан әрі жетілдіру, әкімшілік-деликтілік заңнаманы ізгілендіру, жекелеген процестік нормаларды жүйелеу, сондай-ақ құқықтық олқылықтар мен коллизияларды жою болып табылады.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (бұдан әрі – ӘҚБтК) мыналарды:

- әкімшілік құқық бұзушылықтың жекелеген құрамы бойынша әкімшілік айыппұлдардың мөлшерлерін төмендетуді;
- алдын алу институтын қолдануды кеңейтуді;
- жеке тұлғаға салынатын айыппұлдың ең жоғарғы мөлшерін бес жүз айлық есептік көрсеткіштен екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейін төмендетуді;
- қысқартылған іс жүргізуді қолдану аясын кеңейтуді;
- тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды жойған кезде рұқсаттың (немесе оған жеке қосымшаның) қолданысын мерзімінен бұрын қайта бастауды;
- оларды жүзеге асыруға рұқсаттама құжаттары берілген қызметтің не әрекеттердің (операциялардың) жекелеген түрлерінің (кіші түрлерінің) қолданысын тоқтатуды, тоқтата тұруды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасымен құқық бұзушылықтың маңызы болмашы болған кезде әкімшілік жауапкершіліктен босататын, жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың маңызы болмашы болғанда судья, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайтын орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамды ауызша ескертумен шектеле отырып, әкімшілік жауапкершіліктен босату мүмкіндігін көздейтін тетіктер енгізіледі.

Заң жобасымен ӘҚБтК-тің 789-бабына әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға қатысты жиырма төрт сағатқа дейін әкімшілік ұстау мерзімін белгілейтін, әкімшілік жазалау шарасының бірі ретінде әкімшілік қамақты көздейтін толықтыру енгізіледі.

Заң жобасын талқылау барысында комитеттің ескертпелері мен ұсыныстарын ескере отырып Мәжіліс мақұлдаған заң жобасына мынадай негізгі бағыттар бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігі туындады:

- заң жобасын «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының нормаларымен сәйкес келтіру;

- әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау бойынша сот пен уәкілетті орган (олардың лауазымды адамдары) арасындағы құзыреттердің аражігін ажырату;

- барлық рұқсаттама құжаттың емес, тек оның этил спирті мен алкоголь өнімдерінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңнаманы; өндіруші мен импорттаушының алкоголь өнімдерін маркалау (қайта маркалау) қағидаларын бұзғаны үшін жекелеген кіші түрлерінің қолданысынан айыру немесе тоқтата тұру;

- кодекстің құрылымдық элементтеріндегі сілтемелерді сәйкес келтіру;

- заң жобасының ішкі қайшылықтарын жою.

Заң жобасы 2017 жылы 14 желтоқсанда толықтырулар мен түзетулер енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

2017 жылы 20 желтоқсанда Мәжіліс Заңды қабылдады.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 28 желтоқсанда № 127-VI ҚРЗ қол қойды.

## **11. «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат В. Волков.

Заң жобасының мақсаттары Қазақстан Республикасында бағалау объектісінің құнын бағалау бойынша сапалы түрде көрсетілетін қызметтерді қамтамасыз ететін бағалау қызметінің өзін-өзі реттеу жүйесін одан әрі жетілдіру, сондай-ақ бағалау қызметін әлеуметтік-экономикалық процестерге толыққанды қосуды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру болып табылады.

Заң жобасында мынадай негізгі бағыттар:

- бағалаушылар палатасының өз мүшелерінің бағалау қызметінің сапасын бақылауды, бағалаушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыруы;

- саны кемінде үш жүз мүшені құрайтын бағалаушылар палаталарында бағалаушылардың міндетті мүшелігіне негізделген кәсіптік қызмет саласында өзін-өзі реттеуді енгізу;

- бағалаушылар палаталары беретін «бағалаушы», «сарапшы» біліктілігін беру туралы куәліктерді, бағалаушылар мен сарапшылардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарынан өткені туралы сертификаттарды енгізе отырып, бағалау қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияны жою;

- бағалаушылар палаталарының құқықтары мен міндеттерін белгілеу;

- бағалау туралы есептің анықтығы туралы дау туындаған жағдайда бағалаушылар палаталарының сарапшылық кеңесі өткізетін бағалау туралы есеп сараптамасын енгізу;

- мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз ету тәсілдерінің біреуін таңдау құқығын бере отырып, тапсырыс берушілер және үшінші тұлғалар



алдында бағалаушылар палаталары мен олардың мүшелерінің мүліктік жауапкершілігін жүзеге асыру;

- бағалау қызметі саласындағы уәкілетті орган бекітетін ұлттық бағалау стандарттарын да, палаталар мүшелерінің орындауы үшін міндетті бағалаушылар палатының стандарттары мен қағидаларын да қамтитын бағалау қызметі стандарттарын белгілеу көзделеді.

Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» 2000 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп таниды.

Заң 2017 жылы 28 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 10 қаңтарда № 133-VI ҚРЗ қол қойды.

## **12. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бағалау қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат В. Волков.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының Азаматтық, Еңбек кодекстеріне, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, сондай-ақ «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы», «Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы», «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына қолданыстағы заңнаманы «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына сәйкес келтіруге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылықты және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі органдарының қарауын көздейтін өзгерістер енгізіледі.

Заң жобасы жұмыскер «бағалаушы» біліктілігін беру туралы куәлігінен айырылған жағдайда еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзудың негіздерін көздейді.

Заң 2017 жылы 28 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 10 қаңтарда № 134-VI ҚРЗ қол қойды.

## **13. «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат С. Айтпаева.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 278 өкімімен бекітілген Қылмыстық заңның және қылмыстық сот өндірісінің жаңа моделіне көшу жөніндегі бірыңғай мемлекеттік іс-қимыл жоспарының 17-тармағын орындау үшін әзірленді.

Заң жобасының негізгі мақсаты жәбірленушілердің, олардың заңды өкілдерінің құқықтарын қорғаудың құқықтық тетігін қалыптастыру, сондай-ақ Жәбірленушілерге өтемақы қорының құқықтық, ұйымдастырушылық, қаржылық, әкімшілік-өкімдік ресурстарын шоғырландыру арқылы қаржыландыру және қаражатты төлеу тәртібін жүйелендіру үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады.

Заң жобасымен құқық бұзушылықтардың жекелеген құрамдары бойынша жәбірленушілерге өтемақы төлеуді қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздері айқындалған.

Заң жобасында Қор қаражатынан біржолғы өтемақы алуға құқығы бар адамдардың үш санаты көзделеді: 1) сексуалдық зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстар бойынша жәбірленушілер болып табылатын кәмелетке толмағандар, адам саудасымен және азаптаулармен байланысты қылмыстар бойынша жәбірленушілер деп танылған адамдар; 2) денсаулығына ауыр зиян келтірілген не адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтырған адамдар; 3) жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, жәбірленуші құқықтары берілген адамдар.

Біржолғы өтемақыны төлеу тәртібі мен мерзімдері, кінәлі адамға регрестік талаптар қою үшін негіздер айқындалады.

Қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органның уәкілетті басшысы өтемақыны негізсіз тағайындағаны үшін жауаптылықта болады.

Заң жобасын қабылдау республикада қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген құрамдары бойынша жәбірленушілерге өтемақы төлеудің жаңа институтын енгізуге алып келеді.

Заң 2017 жылы 28 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 10 қаңтарда № 131-VI ҚРЗ қол қойды.

#### **14. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Жәбірленушілерге өтемақы қоры мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат С. Айтпаева.

Заң жобасының негізгі мақсаты Жәбірленушілерге өтемақы қорынан (бұдан әрі – Қор) біржолғы төлемақы төлеу жолымен жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, әлеуметтік бағыттағы қаржы құралын құру, мемлекеттің қатысуы арқылы зиянды өтеу институтының тиімділігін арттыру болып табылады.

Заң жобасымен Бюджет, Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер енгізу көзделеді.

Бюджет кодексіне Қорды қалыптастыру көздерін және ақшалай өндіріп алу түсімдері тәртібін айқындай отырып, оның қолма-қол ақшаның бақылау шоты ретіндегі қызметіне байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Қылмыстық кодекске енгізілетін өзгерістер Қорға өндіріп алынатын «мәжбүрлі төлем» ұғымын айқындайды және оны өндіріп алу тәртібін белгілейді.

Қылмыстық-процестік кодекске енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жәбірленушілердің өтемақы төлемдерін алуға құқықтарын регламенттейді, сондай-ақ кінәлі адамға қойылатын кері талаптардың негіздерін айқындайды.

Қылмыстық-атқару кодексінің 52, 55 және 56-баптарына түзетулер жәбірленушілерге қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген құрамдары бойынша төлемдерді жүзеге асыру мақсатында Қорға сотталғандардың еңбекақысынан ұстап қалуды көздейді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға жекелеген нормаларды қолданысқа енгізу мерзімдерін белгілейтін түзету енгізілді.

Заң жобасының қабылдануы жәбірленушілерге қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген құрамдары бойынша «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» Заң жобасында көзделген өтемақы төлеудің тәртібі мен негіздерін айқындайды.

Заң 2017 жылы 28 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 10 қаңтарда № 132-VI ҚРЗ қол қойды.

## **15. «Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Р. Түсіпбеков.

Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) 2017 жылғы 15 маусымда Ханойда жасалған.

Шарт әрбір уағдаласушы мемлекеттің өз аумағында болатын, ұстап беруге алып келетін қылмыстар үшін қылмыстық қудалау немесе сұрау салушы тараптың аумағында соттың үкімін орындау мақсатында іздестіріліп

жатқан адамды ұстап беруіне бағытталған.

Шартта ұстап беру және ұстап беруден бас тарту үшін негіздер көзделген.

Шартты ратификациялау қылмысқа қарсы күресте екі ел ынтымақтастығының тиімділігін арттырады.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы осы Шарт бойынша орталық орган болып табылады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 1) тармақшасына сәйкес Шарт ратификациялануға жатады.

Заң 2018 жылы 15 ақпанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 1 наурызда № 142-VI ҚРЗ қол қойды.

## **16. «1992 жылғы 6 шілдедегі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Экономикалық Сотының мәртебесі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат В. Волков.

1992 жылғы 6 шілдедегі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Экономикалық Сотының мәртебесі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама ТМД Экономикалық Сотының қызметін «ad hoc» қағидаты бойынша жаңа жұмыс істеу форматына көшіру арқылы жетілдіру мақсатында әзірленді.

«ad hoc» қағидаты бойынша жұмыс істеу форматы тұрақты негізде жұмыс істейтін Сот төрағасын қоспағанда, судьялардың нақты дауды қарау кезіндегі ғана қызметін қарастырады.

Мұндай жұмыс істеу форматы Экономикалық Сотты күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарды қысқартуға мүмкіндік береді, бұл ТМД органдарының бірыңғай бюджетінен қаражатты тиімді пайдалануға алып келеді.

Заң 2018 жылы 31 мамырда Сенат отырысында қабылданды.

## **17. «Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Г. Ким.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің құқықтық мәртебесін, құзыретін және қызметін ұйымдастыруды айқындайды.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің ішкі саяси тұрақтылықты сақтау, конституциялық құрылысты, мемлекеттік тәуелсіздікті, аумақтық тұтастықты және халықаралық аренада Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті құратын және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізуді үйлестіретін конституциялық орган болып табылатыны

көзделеді.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне – Елбасына оның тарихи миссиясына байланысты Қауіпсіздік Кеңесін Төраға ретінде басқару құқығы өмір бойы тиесілі екендігі белгіленеді.

Қауіпсіздік Кеңесінің құрамын Қазақстан Республикасы Президентінің Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасымен келісе отырып қалыптастыруы ұсынылады.

Қауіпсіздік Кеңесінің негізгі міндеттері елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қорғаныс қабілетін нығайту, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын жоспарлау, қарау және олардың іске асырылуын бағалау болып табылады.

Заң жобасымен Қауіпсіздік Кеңесінің мынадай функцияларын айқындау ұсынылады:

1) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың елдің ұлттық қауіпсіздігі мен халықаралық ұстанымдарын, мемлекеттің қорғаныс қабілетін, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы іс-шараларды іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіру;

2) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдерін іске асыру мақсатында құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;

3) ел дамуының аса маңызды бағыттары бойынша мемлекеттің стратегиялық құжаттарының орындалу жай-күйін мониторингілеу және бағалау;

4) мемлекеттік бағдарламаларды, заң жобаларын, маңызды сыртқы саяси және мемлекеттік мәні бар өзге де бастамаларды, сондай-ақ елдегі жағдайдың дамуын, әлемдік және өңірлік үрдістерді кешенді талдау және бағалау, ұлттық қауіпсіздіктің ішкі және сыртқы қатерлерін болжау, олардың алдын алу және оларды бейтараптандыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу және шараларды айқындау;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұлттық қауіпсіздікті, қорғаныс қабілетін, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы қызметінің нәтижелері мен негізгі бағыттары туралы жыл сайынғы баяндамасын тыңдау;

6) елдің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың бірінші басшыларын тыңдау;

7) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздікті, қорғаныс қабілетін және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы заңдарының орындалуын, оның ішінде осы мақсаттарға жұмсалатын қаражаттың тиімді пайдаланылуын бақылауды ұйымдастыру;

8) орталық және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін

мемлекеттік органдардың бірінші басшы лауазымдарына тағайындауға ұсынылатын кандидатураларды талқылау;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функциялар.

Заң жобасымен Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының және оның мүшелерінің өкілеттіктері белгіленеді, сондай-ақ Қауіпсіздік Кеңесі мен оның Аппаратының қызметін ұйымдастыру регламенттеледі.

Заң 2018 жылы 31 мамырда Сенат отырысында қабылданды.

### **18. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Г. Ким.

Заң жобасы заңнамалық актілерді «Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы» Заңының жобасына сәйкес келтіру мақсатында әзірленді.

Заң жобасымен Бюджет кодексіне, «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» және «Құқықтық актілер туралы» заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Атап айтқанда, Бюджет кодексіне Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Аппаратына стратегиялық жоспарлар әзірлеу жөніндегі талап қолданылмайтынын көздейтін толықтыру енгізу ұсынылады.

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңға түзетулер «Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы» Заң жобасының ережелеріне сәйкес келтіруге бағытталған.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының актілері нормативтік құқықтық актілер сатысынан тыс тұратынын көздейтін толықтыру енгізіледі.

Заң 2018 жылы 31 мамырда Сенат отырысында қабылданды.

### **19. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат В. Волков.

Заң жобасы қолданыстағы заңнамалық актілерді «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңының жобасына сәйкес келтіру мақсатында әзірленген.

Заң жобасымен мынадай негізгі өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі:

- сайлаушылар мен сайлау комиссиясының мүшелерін жергілікті бюджет қаражатының есебінен оқыту;

- сайлауға қатысатын кандидаттардың, саяси партиялардың үгіт материалдарын жариялау немесе эфирге шығару тәртібін бұзғаны үшін

жауаптылық;

- сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сауал салуды жүргізу шарттарын бұзғаны үшін жауаптылық.

Бюджет кодексіне түзетулер сайлаушылар мен сайлау комиссиясының мүшелерін оқытуға жергілікті бюджет қаражатын жұмсау мүмкіндігімен шарттастырылған.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске түзетулер сайлауға қатысатын кандидаттардың, саяси партиялардың үгіт материалдарын жариялау немесе эфирге шығару тәртібін, сондай-ақ сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сауал салуды жүргізу шарттарын бұзғаны үшін жауаптылықты белгілеумен байланысты.

Партиялық тізім бойынша сайланатын мәслихат депутаттарын сайлаудың барабар жүйесін енгізуге байланысты «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Саяси партиялар туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына түзетулер топтамасы ұсынылады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Сенат отырысында қаралды және бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң жобасын талқылау барысында комитеттің ескертпелерін ескере отырып, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін лауазымға сайлау, лауазымнан босатудың қолданыстағы тәртібін сақтауды көздейтін Мәжіліс мақұлдаған заң жобасына өзгерістер енгізу қажеттігі туындады.

Барлық ескертпелер салыстырма кестеге жинақталған.

Заң жобасы 2018 жылы 14 маусымда түзетулер енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

2018 жылы 20 маусымда Мәжіліс Заңды қабылдады.

## **20. «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат В. Волков.

Заң жобасы сайлау тетіктерін жетілдіруге, оның ішінде жаңа институттарды енгізу, құқықтық олқылықтар мен қайшылықтарды жою арқылы жетілдіруге бағытталған. Заң жобасын әзірлеудің мақсаты негіз құраушы сайлау қағидаттарының сақталуын одан әрі қамтамасыз ету болып табылады.

Заң жобасында «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді, олар мынадай жаңалықтарды қамтиды:

- партиялық тізім бойынша сайланатын мәслихат депутаттарын

сайлаудың пропорционалды жүйесін енгізу;

- округтік сайлау комиссияларын алып тастау;

- аумақтық сайлау комиссиясының екі мүшесінің өкілеттіктерді тұрақты негізде жүзеге асыруы;

- сайлау процесіне цифрландыру элементтерін ендіру, соның ішінде сайлаушылар тізімін цифрландыру;

- электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында сайлау алдындағы үгітті жүргізу регламенттеледі;

- халықаралық байқаушыларды аккредиттеуді кері қайтарып алу тәртібі нақтыланады.

Заң жобасымен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына да Мемлекеттік Елтаңба түріндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәмізіне қатысты түзетулер енгізіледі, оған сәйкес «Қазақстан» деген жазу латын әріптерімен беріледі.

Заң жобасын талқылау және екінші оқылымға әзірлеу барысында өзгерістер енгізу қажеттігі туындады.

Мәселен, лауазымға сайлаудың және лауазымнан босатудың қолданыстағы тәртібін сақтау мақсатында енгізілген түзетулер аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерін төте сайлауды енгізуге қатысты нормаларды алып тастауды көздейді.

Заң жобасы 2018 жылы 14 маусымда толықтырулар мен түзетулер енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

2018 жылы 20 маусымда Мәжіліс Заңды қабылдады.

## **21. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Құсдәулетов.

Заң жобасының мақсаты зияткерлік меншік (бұдан әрі – ЗМ) саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру, ЗМ объектілерін тіркеу рәсімдерін оңайлату, құқықтық олқылықтарды жою, сондай-ақ ЗМ-ды қорғау саласында әкімшілік кедергілерді туындататын нормаларды алып тастау болып табылады.

Заң жобасымен Азаматтық кодекске, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, Кәсіпкерлік кодекске, Салық кодексіне, «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы», «Қазақстан Республикасының Патент заңы», «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы», «Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы», «Әділет органдары туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.



Заң жобасымен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына құқық иеленушінің тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын бұзған тұлғадан шеккен залалдардың орнына сот айқындайтын мөлшерде өтемақы төлеуді талап ету құқығы көзделетін толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасымен тауар белгілеріне құқықтар бұзылған кезде залалды өтеудің орнына өтемақы төлеу институты енгізіледі. Құқық иеленушінің құқықтары бұзылған жағдайларда, бұзушылықтың сипатын, біртектес (түпнұсқа) тауарлардың нарықтық құнын негізге ала отырып, ол залалды өтеудің орнына талап етуге құқылы өтемақының сот белгілейтін мөлшерін айқындау ұсынылады.

Сонымен қатар, Заң жобасымен тауар белгілеріне өтінімдер сараптама ұйымына келіп түскен кезден бастап оларды міндетті түрде жариялау туралы жаңа норма енгізіледі.

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған авторлық құқық немесе сабақтас құқықтар субъектісінің осындай құқықтарды пайдаланушыға немесе басқа да тұлғаға міндетті түрде сотқа дейінгі жүгінуі алып тасталады.

Заң жобасында уәкілетті органның авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды тіркеу, өнеркәсіптік меншік объектілеріне қорғау құжаттарын тіркеу мен беру жөніндегі құзыретін сараптама ұйымына («Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК) беру ұсынылады. Осыған байланысты «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) уәкілетті органның жоғарыда аталған әрекеттері үшін алымды және мемлекеттік бажды алып тастау бөлігінде түзетулер енгізіледі.

Заң 2018 жылы 11 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

## **22. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнама мен құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат С. Айтпаева.

Заң жобасы қылмыстық заңнаманы ізгілендіруге, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметін жетілдіруге бағытталған.

Атап айтқанда, осы заң жобасы шеңберінде мынадай нормалар көзделген, оларға сәйкес:

- қылмыстық заңнама ізгілендіріледі, қоғамдық жұмыстар, бас бостандығын шектеу, айыппұл түріндегі бас бостандығынан айыруға балама жазаларды қолдану саласы кеңейеді;

- күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шараларын қолдану аясы

қысқартылады және бұлтартпаудың өзге шараларын, оның ішінде үйқамақта ұстауға және кепіл қолдануға арналған мүмкіндіктер кеңейеді;

- ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартудың және айыптау үкімін орындаудың ескіру мерзімдері төмендетіледі;

- қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі әкімшілігінің заңды талабына әлденеше рет бағынбау белгілері қылмыстық сипаттан арылады;

- ауыр салдарлармен байланысты емес, кейбір лауазымдық, экономикалық және басқа да қылмыс құрамдары бойынша бас бостандығынан айыру мерзімдері қысқарады;

- бұйрықты іс жүргізу тәртібімен айыптау үкімін шығарған кезде сот сотталған адамның мүліктік жағдайын ескере отырып, оны процестік шығындарды төлеуден толық немесе ішінара босатуға құқылы;

- азаптаулар туралы істер бойынша шын ниетімен өкінгені немесе татуласқаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкіндігі алып тасталынады;

- мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген, өздері тұратын тұрғын үйді меншікке өтеусіз алуға құқығы бар ішкі істер қызметкерлерінің санаттары нақтыланады, сондай-ақ қайтыс болған (қаза тапқан) қызметкер-зейнеткердің отбасының тұрғын үйді жекешелендіруге құқығы белгіленеді.

Ішкі істер органдары жүйесіндегі дарабасшылық қағидасын сақтау кезінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мәселелеріндегі әкімдердің рөлі артады.

Мәселен, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар басшыларының Президенттік резервте тұрған полиция қызметкерлерінің ішінен Ішкі істер министрінің ұсынымы бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдерінің құрылатын департамент басшыларын тағайындау және оларды босату құқығымен жергілікті полиция қызметтері мен ішкі істер департаменттерін біртұтас департаментке біріктіру көзделеді.

Бұдан басқа, заң жобасы әкімдерге жедел-ізвестіру және процестік қызметтерге араласпай бүгінгі күні жергілікті полиция қызметтерінің құзыретіне жататын міндеттерді аумақтық полиция органдарының алдына қою құқығын береді.

Заң жобасының нормаларымен құқық бұзушылықтардың алдын алуды қамтамасыз етуге, терроризмге қарсы іс-қимылға, тұрмыстық және рецидивті қылмыстарға байланысты шаралардың тиімділігі артады.

Осы заң жобасымен Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстеріне, «Жедел-ізвестіру қызметі туралы», «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы», «Тұрғын үй қатынастары туралы», «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы», «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы», «Күзет қызметі туралы», «Қазақстан Республикасындағы

жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы», «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы», «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне екінші деңгейдегі банктердің жұмыс істемейтін кредиттері мен активтері, қаржылық қызметтер көрсету және қаржы ұйымдары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң 2018 жылы 21 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

### **23. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат В. Волков.

Заң жобасы білікті заң көмегін алуға конституциялық құқықты іске асыру, халықтың әлеуметтік осал топтарына, қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдарға тегін негізде заң көмегін алуға қол жеткізуді қамтамасыз ету және адвокаттық қызмет пен заң көмегін көрсету жүйесін кешенді түрде жетілдіру мақсатында әзірленді.

Заң жобасымен адвокаттар алқасының және заң консультанттары палатасы басқару органдарының құрылымы, оларды қалыптастыру тәртібі және олардың құзыреттері айқындалады. Бұл ретте адвокаттар алқасы президиумының төрағасы мен мүшелері үшін төрт жылдан аспайтын, ал алқалық басқару органы мен заң консультанттарының атқарушы басқару органы үшін – олардың жарғысымен өкілеттік мерзімі белгіленеді.

Адвокаттар алқасына және заң консультанттары палаталарына оларға мүшелікке қабылдау шарттары, заң көмегін көрсету стандарттары және оларға мүшелікке қабылдау кезінде кіру жарналарын төлеуге тыйым салу белгіленеді.

Заң жобасымен:

- заң көмегін көрсету жөніндегі қызметті реттеу және өз мүшелерінің Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын сақтауы бөлігінде олардың қызметін бақылау мақсатында құрылған, заң консультанттары палаталарының тізіліміне енгізілген, мүшелік шарттарында кемінде елу заң консультантын біріктіретін, міндетті мүшелікке негізделген өзін-өзі реттейтін ұйым заң консультанттарының палатасы болып танылатыны;

- жоғары заң білімі бар, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар, аттестаттаудан өткен, заң консультанттары палатасының мүшесі болып табылатын және заң көмегін көрсететін жеке тұлға заң консультанты болып табылатыны белгіленген.

Заң консультантының соттарда тұлғалардың мүдделерін білдіру түрінде

заң көмегін көрсету үшін заң консультанттары палаталарының бірінің мүшесі болу міндеті де регламенттеледі.

Уәкілетті орган заң көмегін көрсету саласында заң консультанттары палаталарының Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, заң консультанттары палатасы қағидаларының және стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын орындауына бақылауды жүзеге асырады.

Заң жобасымен 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу үшін заң консультанттарының қызметін міндетті сақтандыру институты қолданысқа енгізіледі.

Заң 2018 жылы 28 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

#### **24. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат В. Волков.

Заң жобасы заңнамалық актілерді «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына сәйкес келтіру мақсатында әзірленді.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне, «Нотариат туралы», «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Әділет органдары туралы», «Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» және «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде және «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында адвокаттық ордерді қолдану алып тасталады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде адвокаттың сұрау салуы бойынша мәліметтерді белгіленген мерзімдерде ұсынудан бас тартқаны үшін жауаптылыққа тартылатын адамдардың тізбесіне заңды тұлғалар енгізілді.

Заң жобасымен «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына:

- нотариус лицензиясының қолданысын кәсіпкерлік немесе ақы төленетін өзге қызметпен айналысқан, мерзімді әскери қызметті өткерген және нотариус өзінің өтініші негізінде өкілеттіктерін орындамаған кезеңде тоқтата тұруды;

- нотариустың төрелік талқылауда төреші болып сайлануға

(тағайындалуға) құқығын;

- жеке практикамен айналысатын нотариустың тәртіптік жауаптылығын көздейтін толықтырулар енгізіледі.

Заң 2018 жылы 28 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

## **ҚАРЖЫ ЖӘНЕ БЮДЖЕТ КОМИТЕТІ**

**1. «Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорына, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясына, Халықаралық Даму Қауымдастығына, Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігіне, Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне мүшелігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат С. Плотников.

Заң жобасымен «Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорына, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясына, Халықаралық Даму Қауымдастығына, Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігіне, Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне мүшелігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына Қазақстан Республикасының жаңа халықаралық ұйымға – Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкіне (бұдан әрі – АИИБ) мүшелігінің құқықтық шарттарын көздейтін өзгерістер енгізіледі.

Келісімнің АИИБ құру, оның қызметінің тәртібі мен шарттары туралы Баптарына 57 құрылтайшы елдің өкілдері, оның ішінде Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 29 маусымда Пекин қаласында қол қойды. Қазақстан Республикасы талап етілетін мемлекетішілік барлық рәсімдерді орындауда. Мәселен, 2016 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңымен АИИБ Келісімінің Баптары ратификацияланды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасынан АИИБ Басқарушылар кеңесіндегі өкілдер айқындалды.

Осы заң жобасымен АИИБ-мен қарым-қатынас жасауға уәкілетті мемлекеттік органдар айқындалды:

байланыс арнасы ретінде – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тиісті ресми орган (Ұлттық экономика министрлігі);

барлық қаржылық операциялар мен мәмілелерді жүзеге асыру үшін – Қаржы министрлігі;

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы мен АИИБ-ның басқа да активтеріндегі барлық авуарлардың депозитарийі ретінде – Ұлттық Банк.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының АИИБ-ға мүшелігімен байланысты Қаржы министрлігі мен Ұлттық Банк атынан оның қаржылық өзара қатынастары көзделген.

АИИБ капиталының бөлінуіне сәйкес Қазақстанның АИИБ капиталындағы жалпы үлесі (қол қойылған капитал) 729,3 млн. АҚШ долларын (0,7930%) құрады, жалпы үлестегі дауыстар саны 10 387 дауыс (0,9612%). Төленетін капитал 145,9 млн. АҚШ долларын құрайды, бұл бес жыл бойы (2016 – 2020 жылдары) 29,180 млн. АҚШ доллары мөлшерінде жыл сайынғы мүшелік жарнаны төлеп тұруды талап етеді.

Тұтастай алғанда заң жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және басқа да заңнамалық актілерге сәйкес келеді.

Заң 2017 жылы 12 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 30 қазанда № 103-VI ҚРЗ қол қойды.

## **2. «2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат О. Перепечина.

«2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы 2017 – 2019 жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштер болжамының өзгеруіне және жыл басынан бастап салықтық түсімдердің серпінін нақтылауға байланысты әзірленді. Заң жобасы Қазақстанның үшінші жаңғыруының міндеттерін іске асыруды жалғастыруға, қабылданған міндеттемелердің іске асырылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Әлемдік экономикадағы ағымдағы ахуалды, экономика салаларының 9 айдағы даму қорытындыларын есепке ала отырып, 2017 жылға арналған макроэкономикалық көрсеткіштер болжамы нақтыланды.

Ағымдағы жылдың басынан бастап экономикалық белсенділіктің жақсаруына байланысты ЖІӨ нақты өсімі 2,5%-дан 3,4%-ға дейін ұлғаю жағына қарай қаралды.

Мұнайдың орташа жылдық бағасы 2017 жылы бір баррель үшін 50 АҚШ доллары деңгейінде сақталды.

АҚШ долларына шаққанда теңгенің есептік бағамы 330,0 теңге деңгейінде анықталды.

Өнеркәсіптің өсуі тау кен өндірісінің 8,2%-ға дейін (4,6 пайыздық тарифқа жоғары) және өңдеу өнеркәсібінің 4,5%-ға дейін (1,9 пайыздық тарифқа жоғары) күтілетін анағұрлым жоғары өсім есебінен 6,2%-ға дейін (мақұлданған көрсеткіштен 3,2 пайыздық тарифқа жоғары) ұлғаю жағына қайта қаралды.

Мұнай өндіру көлемі ірі кен орындарында (Қашаған, Теңізшевройл, Қарашығанак) кен өндіру жоспарының асыра орындалуы есебінен 81,0 млн. тоннадан 84,5 млн. тоннаға дейін ұлғайды.

Экспорт болжамы 1,9 млрд. АҚШ долларына өсіп 47,0 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғайды, импорт мақұлданған 32,7 млрд. АҚШ доллары деңгейінде сақталды.

Ұлттық Банктің болжамы бойынша инфляция бекітілген 6,0-8,0% аралығында күтілуде.

2017 жылға арналған республикалық бюджет кірістерінің нақтыланған болжамы (трансферттер түсімдерінсіз) 4 952,8 млрд. теңге сомасында айқындалды немесе 60,8 млрд. теңгеге ұлғайды, оның ішінде салықтық түсімдер бойынша 23,2 млрд. теңгеге, салықтық емес түсімдер бойынша 37,4 млрд. теңгеге, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша 206,3 млн. теңгеге ұлғайған.

2017 жылғы қаңтар – қыркүйек айларындағы іс жүзіндегі түсімдерге сүйене отырып, есептеулерді, макроэкономикалық көрсеткіштер өлшемдерін нақтылау 2017 жылғы республикалық бюджет кірістерін қайта қарау үшін негіз болды.

Бекітілген жоспарға қарағанда республикалық бюджет кірістерінің жалпы алғанда 195,3 млрд. теңгеге ұлғаюы болжанып отыр.

Сонымен қатар, бюджеттен ҚҚС қайтару сомасының ұлғаюы есебінен 134,5 млрд. теңгеге азаю есепке алынған.

Салықтық түсімдер бойынша болжам жалпы алғанда 4 811,0 млрд. теңге сомасында немесе бекітілген жоспарға қарағанда 23,2 млрд. теңгеге ұлғаюмен анықталды.

Түсімдердің негізгі өсімдері:

- корпоративтік табыс салығы (КТС) бойынша 61,3 млрд. теңгеге;
- табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланудан түсетін түсімдер бойынша 75,7 млрд. теңгеге;
- басқа төлеушілерден түсетін түсімдер бойынша 5,5 млрд. теңгеге;
- ойын бизнесіне салынатын салықтар бойынша 0,8 млрд. теңгеге;
- салықтық емес түсімдер бойынша 37,4 млрд. теңгеге;
- негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша 0,2 млрд. теңгеге күтілуде.

Түсімдердің азаюы:

- қосылған құн салығы (ҚҚС) бойынша 80,3 млрд. теңгеге;
- Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарлар акцизі бойынша 19,1 млрд. теңгеге;
- кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар бойынша 0,3 млрд. теңгеге;
- халықаралық саудаға және сыртқы операцияларға салынатын салықтар бойынша 14,9 млрд. теңгеге күтілуде.

2017 жылға арналған **трансферттердің түсімдері** 4,9 млрд. теңгеге ұлғая отырып, жалпы сомасы 4 656,3 млрд. теңге көзделуде.

**Бюджеттік кредиттерді өтеу бойынша 2017 жылға арналған болжам** 82,4 млрд. теңге сомасында немесе 0,1 млрд. теңгеге ұлғая отырып анықталды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес республикалық меншікті жекешелендіруден алынатын қаражат Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберіледі. Осыған байланысты 2,9 млрд. теңге сомасында мемлекеттің **қаржы активтерін сатудан түсетін бұрын көзделген түсімдер** алынып тасталды.

**2017 жылға арналған республикалық бюджет шығыстары** нақтыланған бюджетпен салыстырғанда 1,0 млрд. теңгеге ұлғая отырып, 11 177,4 млрд. теңге сомасында көзделеді.

Бюджеттің шығыс бөлігі бойынша өзгерістер:

1) Мемлекет басшысының тапсырмаларын және мемлекеттің халықаралық міндеттемелерін іске асыруға;

2) Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансферт есебінен жүзеге асырылатын іс-шаралар шеңберінде шығыстарды қайта бағыттауға;

3) Басқа жобалар мен бағдарламалар шеңберінде шығыстарды қайта бағыттауға арналған.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша шығыстардың ұлғаюы да, азаюы да орын алды.

Шығыстар сомасының анағұрлым ұлғаюы **Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі** бойынша 24,5 млрд. теңгеге белгіленді.

Бірқатар бағдарламалар бойынша шығыстар жалпы сомасы 26,5 млрд. теңгеге *ұлғайтылды*, оның ішінде:

- ішкі істер органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілердің лауазымдық жалақысын 2017 жылғы 1 шілдеден бастап 25%-ға көтеруге 17,5 млрд. теңге;

- келісімшарт бойынша әскери қызметшілерге тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін өтемақы төлеуге 4,4 млрд. теңге;

- күрделі шығыстарға 2,6 млрд. теңге бағытталды.

Сонымен қатар, кейбір бағдарламалар бойынша міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар мөлшерлемесінің төмендеуіне, мемлекеттік сатып алулардың қорытындылары бойынша үнемдеуге, еңбекақы төлеу қоры бойынша үнемдеуге байланысты 1,9 млрд. теңге сомасында шығыстардың *азаяуы* көзделді.

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі** бойынша шығыстар 17,6 млрд. теңгеге ұлғайтылды.

Бірқатар бағдарламалар бойынша шығыстар 18,5 млрд. теңгеге, оның ішінде мынадай бюджеттік бағдарламалар бойынша:

249 «Мал шаруашылығын дамытуға және мал шаруашылығы өнімін өндіруге, қайта өңдеуге, өткізуге жағдай жасау» - 8,9 млрд. теңге;

254 «Су ресурстарын тиімді басқару» - 9,1 млрд. теңге сомасына *ұлғайтылды*.



Сонымен бірге өткізілген мемлекеттік сатып алулар бойынша үнемдеуге, елдегі эпизоотиялық жағдайдың жақсаруына, Астана қаласының жасыл аймағын құру бойынша жұмыс көлемінің толық орындалмауына және орман шаруашылығын жобалау жұмыстарының орындалмауына, конкурстық рәсімдердің ұзақ жүргізілуіне байланысты 0,9 млрд. теңге сомасына шығыстар *азайтылды*.

Шектес елдердегі күрделі эпизоотиялық жағдай ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының республикалық қорына аса қауіпті мал ауруларына қарсы 18,2 млн доза вакцина қосымша қажеттілікті сатып алу үшін 0,5 млрд. теңге сомасына шығыстар *қайта бөлінді*.

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі бойынша** 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап әскери қызметшілердің лауазымдық жалақысын 25%-ға арттыруға байланысты, еңбек сіңірген жылдары 15 жыл және одан жоғары, күнтізбелік есептеумен әскери қызметте 20 жылдан асқан әскери қызметшілерге өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына өтемақы төлеуге және авиациялық техника сатып алуға шығыстар 16,2 млрд. теңге сомасында *ұлғайтылды*.

Бұдан басқа, бюджеттік бағдарламалар арасында 250,0 млн. теңге сомасында шығыстарды *қайта бөлу* ескерілді.

**Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі бойынша** шығыстар 13,8 млрд. теңгеге, оның ішінде ел тұрғындарын жылу-электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында жаңа және жалғасатын бағдарламаларды іске асыруға 11,2 млрд. теңгеге *ұлғайтылды*.

Бірқатар бағдарламалар бойынша шығыстар 242,1 млн. теңге сомасына *азайтылды*.

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бойынша** шығыстардың неғұрлым азаюы 95,4 млрд. теңгеге орын алды.

Бірқатар бағдарламалар бойынша шығыстар 0,3 млрд. теңге сомасына *ұлғайтылды*.

Бағамдық айырмаға, мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша үнемдеуге, кейбір іс-шаралардың өткізілмеуіне, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар мөлшерлемесінің азаюына байланысты бірқатар басқа бағдарламалар бойынша шығыстар жалпы алғанда 95,8 млрд. теңгеге *азайтылды*.

Бағдарламалар арасында 675,4 млн. теңге сомасындағы шығыстар *қайта бөлінді*.

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі бойынша** шығыстар тұтастай алғанда 24,3 млрд. теңгеге *азайтылды*.

Кейбір бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстар жалпы 44,7 млрд. теңгеге *ұлғайтылды*, оның ішінде кейіннен «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның жарғылық капиталын *ұлғайтумен* «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның жарғылық капиталын *ұлғайтуға* 20,0 млрд. теңге, «Құрық – Құрық порты» автомобиль жолын реконструкциялау» жобасын іске асыру үшін 7,7 млрд. теңге сомасында, отандық автомобиль өндірушілерді

қаржыландыру үшін «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ кейіннен кредиттеумен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ кредиттеуге 10,0 млрд. теңге.

Шығыстар 69,0 млрд. теңге сомасына, оның ішінде «Республикалық деңгейдегі автомобиль жолдарын дамытуға» 32,6 млрд. теңгеге, «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберіндегі іс-шараларды іске асыруға 22,2 млрд. теңгеге азайтылды.

28,9 млрд. теңге сомасындағы шығыстар қайта бөлінді.

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бойынша** шығыстар тұтастай алғанда 12,0 млрд. теңгеге азайтылды.

Бірқатар бағдарламалар бойынша шығыстар 158,2 млн. теңгеге ұлғайтылды.

Осымен қатар басқа бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстар 12,1 млрд. теңгеге азайтылды, оның ішінде азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қамсыздандыру және алушылар санының және төлемдер мөлшерінің азаюы есебінен оларды төлемдер бойынша қолдау 10,6 млрд. теңгеге азайтылды.

35,0 млн. теңге сомасындағы шығыстар қайта бөлінді.

2017 жылға арналған республикалық бюджет тапшылығы 62,0 млрд. теңгеге азайтылды және 1 485,9 млрд. теңгені немесе ЖІӨ бағамының 2,9% құрайды.

**Тұтастай алғанда** заң жобасы мемлекеттік бюджеттік жоспарлау жүйесінің нормаларын айқындайтын Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің ережелеріне сәйкес келеді.

Заң 2017 жылы 9 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 13 қарашада № 109-VI ҚРЗ қол қойды.

### **3. «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2018 – 2020 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат О. Перепечина.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 24-бабы 2-тармағына сәйкес әзірленді.

Заң жобасы 2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджетке Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферттің мөлшерін бекітуді көздейді.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 385 Жарлығына сәйкес 2020 жылдан бастап республикалық бюджетке берілетін кепілдендірілген трансферт теңгемен абсолюттік мәнде тіркеліп, 2,0 трлн. теңге мөлшерінде белгіленді. Бұл ретте, жаңа қағидаға біртіндеп көшу мақсатында Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін кепілдендірілген трансферт мөлшері кезең-кезеңімен төмендетіледі: 2018 жылы – 2,6 трлн. теңге,

2019 жылы – 2,3 трлн. теңге, 2020 жылы және одан кейінгі жылдары – 2,0 трлн. теңге.

Ұлттық қордан 2018 – 2020 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферттің мөлшері Ұлттық қорда тиісті қаржы жылының соңына ЖІӨ-нің болжамды мәнінің 30 %-ы мөлшерінде азаймайтын қаржы қалдығы бойынша талаптың орындалуын қамтамасыз етеді.

Тұтастай алғанда, заң жобасын қабылдау бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз етуге және республикалық бюджеттің шығыстарын, оның ішінде экономикалық белсенділік пен экономикадағы жұмыспен қамтуды арттыруға бағытталған шығыстарды толық көлемде қаржыландыруға мүмкіндік береді.

Заң 2017 жылы 16 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 30 қарашада № 111-VI ҚРЗ қол қойды.

#### **4. «2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат О. Перепечина.

Осы «2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының 2018 – 2020 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мен бюджет параметрлерінің және Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдаулары негізінде әзірленді.

Елдің 2018 – 2022 жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштерінің болжамы 2017 жылғы ЖІӨ бойынша бағалауды түзету және әлемдік экономиканың өсуі мен тауар нарықтарындағы әлемдік бағалардың өзгеру үрдістері бойынша халықаралық ұйымдардың болжамдары ескеріле отырып қалыптастырылды.

2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасын дайындау кезінде негізге алынған базалық сценарий 2018 – 2022 жылдары тұрақтылығы сақтала отырып, әлемдік экономиканың өсу қарқынының біртіндеп ұлғаюын болжайды. 2018 – 2022 жылдары әлемдік мұнай бағасы барреліне 45 АҚШ доллары деңгейінде болады.

Номиналды ЖІӨ 2018 жылы 55,9 трлн. теңгеден 2022 жылы 75,9 трлн. теңгеге дейін өседі. Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ 2022 жылы 11,7 мың АҚШ долларына дейін ұлғаюмен 2018 жылы 9,0 мың АҚШ долларын құрайды.

«Қашаған» кен орнында өндірудің біртіндеп ұлғаюын ескере отырып, мұнай өндіру көлемі 2016 жылы 78,0 млн. тоннадан 2018 жылы 86,0 млн. тоннаға және 2022 жылы 88,6 млн. тоннаға дейін өседі.

Өнеркәсіп 2018 – 2022 жылдары орташа алғанда 2,7 %-ға өсетін болады.

Экспорт көлемі 2022 жылы 60,6 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғаюмен 2018 жылы 47,5 млрд. АҚШ долларын құрайды, импорт 2018 жылы 34,0 млрд. АҚШ долларынан 2022 жылы 45,5 млрд. АҚШ долларына дейін өседі.

Ұлттық Банк жылдық инфляцияның нысаналы дәлізін кейіннен

2020 – 2022 жылдары 3,0 – 4,0%-ға дейін төмендете отырып, 2018 жылы 5,0 – 7,0%, 2019 жылы 4,0 – 6,0% шегінде сақтап отыр.

Біртіндеп жақсарып келе жатқан сыртқы және ішкі жағдайды ескере отырып, 2015 – 2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының жобаларын енгізу, «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды жалғастыру және «Цифрлы Қазақстан» жаңа мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде цифрлық технологиялар негізінде перспективалы салаларды дамыту есебінен дәстүрлі жүйе құраушы салалар өсудің негізгі драйверлеріне айналады. 2017 – 2021 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жолымен ауыл шаруашылығын дамытудың орнықты серпіні сақталатын болады, сондай-ақ «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде жаппай тұрғын үй құрылысы қамтамасыз етілетін болады.

Парламент Мәжілісінде заң жобасын талқылау барысында оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, заң жобасының 17-бабында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылға арналған резервінің сомасы 15,9 млрд. теңгеге азайып, 101,5 млрд. теңгені құрады.

Резервтің азайтылған сомасы 2018 жылы бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығындарын қаржыландыруға қайта бөлінді. Тұтастай алғанда, қайта бөлу есебінен Парламент Мәжілісі 2018 жылы 22,0 млрд. теңге сомасына шығындарды қосымша қаржыландыруды енгізді. 2019 жылға 11,1 млрд. теңге, 2020 жылға 8,6 млрд. теңге қосымша енгізілді.

Қосымша қаржыландыру шығыстарды қайта бөлу есебінен көзделгендіктен, республикалық бюджеттің негізгі параметрлері өзгерген жоқ.

**Республикалық бюджеттің 2018 жылға кірістер болжамы** (*трансферттер түсімдерін есепке алмағанда*) **5 528,4 млрд. теңге** сомасында айқындалды немесе 521,3 млрд. теңгеге арта отырып, ағымдағы жылғы бағалауға 110,4% құрайды.

Республикалық бюджеттің 2019 жылға **кірістер болжамы** (*трансферттер түсімдерін есепке алмағанда*) **6 403,9 млрд. теңге** сомасында немесе 2018 жылдың болжамына қарағанда 875,5 млрд. теңгеге (15,8%) өсумен, 2020 жылға – 2019 жылмен салыстырғанда 771,9 млрд. теңгеге (12,1%) өсумен **7 175,8 млрд. теңге** сомасында айқындалды.

**Трансферттердің түсімі** 2018 жылға - **2 921,5 млрд. теңге**, 2019 жылға - **2 665,4 млрд. теңге**, 2020 жылға **2 301,7 млрд. теңге** сомасында көзделіп отыр. Оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферт сомасы 2018 жылы 2,6 трлн. теңгені, 2019 жылы 2,3 трлн. теңгені, 2020 жылы 2,0 трлн. теңгені құрайды.

**Бюджеттік кредиттерді өтеу бойынша болжам** 2018 жылға – **128,4 млрд. теңге**, 2019 жылға – **120,9 млрд. теңге**, 2020 жылға **88,7 млрд. теңге** сомасында айқындалды.

**Республикалық бюджет шығыстарының жалпы көлемі** 2018 жылы –

**9 217,9 млрд. теңге, 2019 жылы – 9 798,2 млрд. теңге, 2020 жылы – 10 219,7 млрд. теңге** сомасында жоспарланып отыр.

2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет шығыстарының негізгі бағыттары:

- жалпы мемлекеттік шығыстар;
- адам капиталын дамыту;
- экономикалық өсудің жаңа үлгісі;
- қорғаныс қабілеттілігі және қауіпсіздік.

Үш жылдық бюджет шеңберінде **жалпы мемлекеттік шығыстарға** 7 669,5 млрд. теңге, оның ішінде 2018 жылға – 2 275,2 млрд. теңге, 2019 жылға – 2 630,3 млрд. теңге, 2020 жылға 2 764,0 млрд. теңге көзделген.

Осы шығыстарға *субвенцияларға* арналған шығыстар да жатады, олар бойынша жоспарлы кезеңге 4 747,9 млрд. теңге, оның ішінде 2018 жылға – 1 573,3 млрд. теңге, 2019 жылға – 1 584,1 млрд. теңге, 2020 жылға 1 590,5 млрд. теңге көзделген.

*Борышқа қызмет көрсетуге* тұтастай алғанда 1 970,4 млрд. теңге, оның ішінде 2018 жылға – 600,3 млрд. теңге, 2019 жылға – 665,1 млрд. теңге, 2020 жылға 705,0 млрд. теңге көзделген.

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві* 2018 жылға 101,5 млрд. теңге, 2019 – 2020 жылдарға 119,7 млрд. теңге сомасында бекітілді.

**Адам капиталын дамытуға** 2018 жылы 4,1 трлн. теңге немесе барлық шығыстардың 44,6 %-ы көзделген, бұл ретте осы бағыттың үлесі ұлғаятын болады және 2019 жылы 45,3 %-ды немесе 4,4 трлн. теңгені, 2020 жылы 47,4 %-ды немесе 4,8 трлн. теңгені құрайды. Осылайша, 2018–2020 жылдары ішінде республикалық бюджет әлеуметтік бағдарланған бюджет болып қала береді.

Осы бағыт бойынша шығыстардың негізгі көлемі *әлеуметтік қамсыздандыруға және ел азаматтарына әлеуметтік көмек көрсетуге* жұмсалады, бұларға 2018 жылы – 2 612,9 млрд. теңге, 2019 жылы – 2 952,6 млрд. теңге және 2020 жылы 3 142,0 млрд. теңге жоспарланды.

Осы бағыт бойынша шығыстардың өсуі зейнетақы төлемдерінің өсуімен және атаулы әлеуметтік көмектің жаңа форматының енгізілуімен байланысты.

*Денсаулық сақтау* жүйесіне арналған шығыстар 2018 – 2020 жылдары 3 342,5 млрд. теңгені, оның ішінде 2018 жылы – 1 070,3 млрд. теңгені немесе 31,5 млрд. теңгеге өсумен, 2019 жылы – 1 078,7 млрд. теңгені, 2020 жылы 1 193,5 млрд. теңгені құрайды.

Қаржыландырудың ұлғаюы негізінен кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемінің ұлғаюына байланысты, оның мақсаты – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға көшудің сапасын қамтамасыз ету.

*Білім және ғылым* жүйесін дамытуға бюджет жобасында 2018 – 2020 жылдарға 1 123,1 млрд. теңге, оның ішінде 2018 жылға – 340,6 млрд. теңге, 2019 жылға – 342,4 млрд. теңге, 2020 жылға 440,1 млрд. теңге көзделген.

2018 жылға арналған республикалық бюджеттің 157,9 млрд. теңге сомасындағы білім беру саласының негізгі шығыстары экономика саласы үшін техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар білікті мамандарды дайындауға бағытталады.

Бұдан басқа, үш ауысымдық, авариялық мектептердің орнына және оқушы орны тапшылығын жою мақсатында мектептер салу ісі жалғасады.

Сонымен қатар жоспарлы кезеңде орта білімді жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу бойынша қолданыстағы «пилоттық жобаны» кеңейту көзделіп отыр.

**Мәдениет пен спортты** дамытуға арналған шығыстар 2018 – 2020 жылдары 219,7 млрд. теңгені, оның ішінде 2018 жылы – 82,0 млрд. теңгені, 2019 жылы – 68,3 млрд. теңгені, 2020 жылы 69,4 млрд. теңгені құрайды.

**Экономикалық өсудің жаңа үлгісін** қалыптастыру жөніндегі міндеттерді іске асыру үш жылдық кезеңде технологиялық жаңғырту және экономиканы цифрлау, бұқаралық кәсіпкерлікті қолдау, сондай-ақ дәстүрлі негізгі салаларды – аграрлық секторды, көлік және логистика инфрақұрылымын дамыту арқылы жүзеге асырылатын болады. Осы бағыт бойынша үш жылдық бюджетте 3 626,8 млрд. теңге, оның ішінде 2018 жылға – 1 367,7 млрд. теңге, 2019 жылға – 1 220,2 млрд. теңге, 2020 жылға 1 038,9 млрд. теңге көзделген.

Осы бағыт шеңберінде **«Нұрлы Жол» мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасын** іске асыруды жалғастыруға 511,9 млрд. теңге, оның ішінде 2018 жылға – 242,7 млрд. теңге, 2019 жылға – 162,1 млрд. теңге, 2020 жылға 107,1 млрд. теңге сомасында шығыстар көзделген.

Осы бағдарлама шеңберінде автомобиль жолдарын дамытудан басқа инженерлік-коммуникациялық және индустриялық инфрақұрылым құру бойынша жұмыстар жалғасады.

**«Нұрлы Жер» тұрғын үй құрылыс бағдарламасын** іске асыру үшін үш жылдық кезеңге 211,2 млрд. теңге, оның ішінде 2018 жылға – 127,1 млрд. теңге, 2019 жылға – 49,4 млрд. теңге, 2020 жылға 34,7 млрд. теңге көзделген.

Осы бағдарлама бойынша қаражат тұрғын үй құрылыстарына және көп пәтерлі тұрғын үйлерге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жеткізу бойынша жобаларды іске асыруға, халықтың әлеуметтік-осал топтары үшін сатып алу құқығынсыз жалдамалы тұрғын үй салуға, «ҚТҚЖБ» АҚ-ның салымшыларына төмендетілген пайыздық мөлшерлемелер бойынша алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беруге және құрылыс салушылардың кредиттері мен ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бөлігін субсидиялауға жіберілетін болады.

**Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға** үш жылдық кезеңге 556,5 млрд. теңге, оның ішінде 2018 жылға – 195,0 млрд. теңге, 2019 жылға – 182,2 млрд. теңге, 2020 жылға 179,3 млрд. теңге көзделген.

Осы қаражат агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін субсидиялауға, ауыл

шаруашылығы тауарларын өндірушілерге кредит беруге, су шаруашылығын дамытуға, ветеринария саласын, фитосанитариялық қауіпсіздікті дамытуға, жер ресурстарын басқаруға, ғылыми зерттеулер мен іс-шараларды өткізуге бағытталатын болады.

**Индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының** екінші кезеңін іске асыруға 232,9 млрд. теңге, оның ішінде 2018 жылға – 76,1 млрд. теңге, 2019 жылға – 118,9 млрд. теңге, 2020 жылға 37,9 млрд. теңге көзделген.

Осы бағдарлама ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруға, жаңа жобаларды іске асыруға және шикізаттық емес экспортты дамытуға, сондай-ақ инвестициялар тартуға, техникалық реттеу мен метрологияны қамтамасыз етуге, өңдеу өнеркәсібінің басым салаларындағы инновацияларды дамытуға бағытталады.

**Көлік және логистика инфрақұрылымын дамытуға** үш жылдық кезеңде жалпы 1 311,7 млрд. теңге жұмсалатын болады, бұл ретте «Нұрлы Жол» бағдарламасының шеңберінен тыс – 914,4 млрд. теңге, оның ішінде 2018 жылы – 293,8 млрд. теңге, 2019 жылы – 306,6 млрд. теңге, 2020 жылы 314,0 млрд. теңге.

«Орталық – Оңтүстік», «Орталық – Шығыс», «Ұзынағаш – Отар», «Жетібай – Жаңаөзен – Түрікменстан шекарасы», «Ақтөбе – Атырау – Астрахань» ірі көлік дәліздерін іске асыру бойынша жұмыс жалғастырылады.

**Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын** іске асыруға үш жылдық кезеңге 194,4 млрд.теңге, оның ішінде 2018 жылға – 115,2 млрд.теңге, 2019 жылға – 54,6 млрд.теңге, 2020 жылға – 24,6 млрд.теңге көзделген.

Осы бағдарлама шеңберінде «Ақ бұлақ» бағдарламасын іске асыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту, өңірлер мен шағын қалаларды дамыту жоспарланып отыр.

**Цифрлы Қазақстан мемлекеттік бағдарламасы** жобасын іске асыруға үш жылдық бюджет жобасында 17 млрд.теңге, оның ішінде 2018 жылға – 6,4 млрд.теңге, 2019 жылға – 9,2 млрд.теңге, 2020 жылға – 1,4 млрд.теңге көзделген.

**Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың** трансформациялық бағдарламасы шеңберінде жұмыс жалғастырылуда, оған 141,6 млрд.теңге, оның ішінде 2018 жылы 46,5 млрд.теңге, 2019 жылы – 47,3 млрд.теңге, 2020 жылы – 47,8 млрд.теңге жұмсалатын болады.

**«Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы** шеңберінде үш жылға 26,4 млрд.теңге, жыл сайын 8,8 млрд.теңгеден көзделген.

Тұтастай алғанда мемлекеттің қорғаныс қабілеттілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, құқықтық тәртіпті қорғау мен ішкі тәртіпті қолдауға, дағдарысты жағдайларда халықтың қорғалуын қамтамасыз ету мен

басқарудың орнықтылығын қамтамасыз етуге үш жылдық кезеңге 3 473,3 млрд. теңге, оның ішінде 2018 жылға ағымдағы жылдың деңгейіне 103,8 млрд. теңгеге немесе 10,5% өсумен 1 089,2 млрд.теңге көзделіп отыр. 2019 жылға 1 164,2 млрд.теңге, 2020 жылға 1 219,9 млрд.теңге көзделген. Осылайша, қорғанысқа жұмсалатын шығыстарды 2020 жылға қарай кезең-кезеңмен ЖІӨ-нің 1% деңгейіне дейін жеткізу жоспарланып отыр.

***Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2017 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама*** жобасын одан әрі іске асыруға жалпы сомасы 142,5 млрд.теңге, оның ішінде 2018 жылы – 56,0 млрд.теңге жұмсалатын болады.

Киберқылмыстылыққа қарсы күреске және ұлттық киберкеңістікті қорғаудың тиімді жүйесін құру жөніндегі шараларды тұжырымдау үшін үш жылдық кезеңге **«Қазақстанның киберқалқаны»** Ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығын құруға 28,8 млрд. теңге, оның ішінде 2018 жылға – 6,4 млрд.теңге сомасында шығыстар көзделген.

2018 жылға арналған республикалық бюджеттің **тапшылығы** 639,6 млрд. теңге мөлшерінде айқындалды, бұл ЖІӨ-нің 1,1 % құрайды, 2019 жылға – 608,0 млрд. теңге немесе ЖІӨ-нің 1 %, 2020 жылға – 653,5 млрд.теңге немесе ЖІӨ-нің 1 %.

**Ұлттық қорға** түсімдер болжамы 86,0 млн. тонна мұнай өндіру көлеміне, мұнайға баррелі 45 доллар әлемдік баға мен АҚШ долларына шаққанда теңге бағамы 340 теңге болатынына байланысты. Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдер ағымдағы жылғы бағалаумен салыстырғанда 106,9 млрд.теңгеге азайып, 2018 жылы 1,5 трлн. теңгені құрайды.

Заң жобасын талқылау барысында комитеттерден және жекелеген депутаттардан заң жобасына мемлекет тіршілігінің түрлі салаларына қатысты өзгерістер мен толықтырулар жөнінде ұсыныстар келіп түсті.

Сенат депутаттары мен комитеттерінің келіп түскен ұсыныстары салыстырма кестеге жинақталды.

Тұтастай алғанда 85,6 млрд. теңге сомасына, оның ішінде 2018 жылы 22,0 млрд. теңгеге ұсыныстар қолдау тапты.

Осы ұсыныстарды қаржыландыру 2018 жылы Үкімет резервінің бастапқы жоспарланған сомасын 4,8 млрд. теңгеге азайту және «Құрық» портындағы құрылысқа көзделген шығыстарды 16,9 млрд. теңгеге азайту, Ішкі істер министрлігінің 0,4 млрд. теңге сомасындағы қаражатын қайта бөлу есебінен жүзеге асырылатын болады. 2019-2020 жылдары жаңа бастамаларға шығыстар азайтылатын болады.

Өзгерістер бойынша ұсыныстар мына бағыттарды қаржыландыру мәселелерін көздейді:

- Ішкі істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелері мен гидрометеорологиялық қызметті материалдық-техникалық жарақтандыру;
- Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Ақтөбе облыстарының экологиялық қолайсыз аудандарының тұрғындарына үстемақылар бойынша



берешекті өтеу;

- еліміздің түрлі өңірлерінде денсаулық сақтау, спорт объектілерін салу;
- тұрғын үйлерді, сумен жабдықтау объектілерін, инженерлік желілерді және газбен жабдықтау желілерін салу, реконструкциялау;
- өзендердің суын молайту бойынша жұмыстарды жүргізу және гидрологиялық режимін жақсарту;
- қазақ әліпбиінің латын қарпіне көшу жөніндегі іс-шараларды іске асыру және өзге де жалпы мемлекеттік іс-шаралар.

Заң жобасы 2017 жылғы 16 қарашада толықтырулар мен түзетулер енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

2017 жылы 22 қарашада Мәжіліс Заңды қабылдады.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 30 қараша № 113-VI ҚРЗ қол қойды.

## **5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Е. Мұқаев.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Сенат отырысында қаралып, бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң жобасын талқылау және оны екінші оқылымға әзірлеу барысында Сенат комитеттері мен депутаттарының ескертулері және ұсыныстарын ескере отырып, заң жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігі туындады.

Республикалық бюджет туралы заңның жобасын әзірлеу және қарау процестерін жетілдіру мақсатында Бюджет кодексінің 61, 74-баптарына өзгерістер ұсынылады.

Макрокөрсеткіштер болжамына ішкі және сыртқы үкіметтік борыштың жоспарлы кезеңге арналған болжамы, мемлекеттік қаржының тұрақтылығын бағалау түріндегі қосымша параметрлер мен мәліметтерді қосу ұсынылып отыр.

Сондай-ақ республикалық бюджет туралы заңның жобасына берілетін материалдардың ұсынылып отырған қамтуын кеңейту мен нақтылауын тереңдету Парламент пен жұртшылыққа мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы мейлінше толық ақпарат алуға және бюджеттің түсімдері мен шығыстарының жоспарланатын көлемдері мен бағыттарын нақты бағалауға мүмкіндік береді. Мәселен, екі есепті қаржы жылындағы және ағымдағы қаржы жылының 1 шілдесіне борыштың түрлері бойынша мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың жай-күйі туралы, жергілікті бюджеттік инвестициялар мен шығыстардың атауы көрсетілген төмен тұрған бюджеттер бөлінісінде нысаналы даму трансферттерін пайдалану туралы,

республикалық бюджеттің жобасында бюджет қаражаты көзделетін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің екі есепті қаржы жылындағы қызметі нәтижелерінің көрсеткіштері туралы материалдарды қосымша беру ұсынылады. Сонымен қатар, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің республикалық бюджет жобасын алдын ала бағалау шеңберінде енгізілген ұсынымдарын ескеру туралы ақпарат ұсынылатын болады.

Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру мен пайдаланудың жаңа тұжырымдамасына сәйкес мұнайға қатысты емес тапшылық көрсеткішінің мәртебесін арттыру бөлігінде бюджетке қосымшалардың құрамында жоспарлы кезеңге арналған мұнайға қатысты емес тапшылықтың абсолюттік көрсеткішін бекіткен дұрыс деп есептейміз. Тиісті өзгерістер Бюджет кодексінің 71-бабына ұсынылады.

Жоспарланатын қаражаттың тиімділігін айқындау мақсатында Бюджет кодексінің 67-бабына өзгеріс енгізіледі, оған сәйкес бюджеттік өтінім мәлімделген қаржыландырудың бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізуге ықпалын сипаттай отырып, шығыстардың түрлері бойынша есеп-қисапты қамтитын болады.

Бюджет кодексінің 53-бабына өзгеріс енгізіледі, ол мемлекеттік органдар қызметкерлерінің санын қысқартқан кезде бекітілген штат санының лимиттеріне сәйкес есептелген, мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге көзделген қаражат мөлшері мемлекеттік органдарда тиісті және кейінгі жылдарда сақталады деген норманы Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімшілік реформаны одан әрі жүргізу жөніндегі кейбір шаралар туралы» 2007 жылғы 29 наурыздағы № 304 Жарлығына сәйкес келтіреді.

Сонымен қоса, заң жобасының нормаларын бір-бірімен үйлестіретін түзетулер енгізілді. Бұл бекітілген республикалық үш жылдық бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде мемлекеттік тапсырманы орындаумен байланысты, сондай-ақ «бюджеттік кредиттер бойынша мерзімі өтіп кеткен берешек» және «болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік» деген ұғымдарды нақтылайтын түзетулер.

Сондай-ақ нақтылайтын, оның ішінде заң техникасының қағидаларымен байланысты өзгерістер енгізілді.

Заң жобасы 2017 жылғы 16 қарашада толықтырулар мен түзетулер енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

2017 жылы 22 қарашада Мәжіліс Заңды қабылдады.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 30 қарашада № 112-VI ҚРЗ қол қойды.

## **6. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі)»**

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Әділбеков.

Кодекстің жобасы салық саясатын жетілдіру, салықтық әкімшілендіруді жақсарту, салық салу саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тиімділігін арттыру жолымен Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформа, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауын, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын, бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын орындауды іске асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауындағы негізгі міндеттердің бірін – салық және бюджет саясатын жаңа экономикалық ахуалға сәйкестендіруді іске асыру мақсатында әзірленді.

Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін Кодекстің жобасында мынадай жаңалықтар көзделеді.

*Салық заңнамасын оңайлатуға қатысты.*

Адал салық төлеушінің мүдделерін қорғау мақсатында мыналар ұсынылады.

Біріншіден, барлық анық емес ұғымдар мен дәлсіздіктер салық төлеушілердің пайдасына түсіндірілетін болады. Бұл қағидат салық дауларын әділ қарастыруға мүмкіндік береді.

Екіншіден, егер салық төлеуші салық органының түсіндірмесіне сәйкес әрекет етсе және сол бойынша кейіннен ұстаным өзгерген болса, айыппұлдар мен өсімпұлдарды қолданбау көзделеді.

Үшіншіден, бизнеске заңнаманың өзгерістерін зерделеу үшін көбірек уақыт берілетін болады. Түзетулерді 1 шілдеден кешіктірмей қабылдау, сондай-ақ барлық туындаған түзетулерді шоғырландырылған түрде бір заң жобасымен енгізу ұсынылады.

*ШОБ және АӨК үшін режимдерге қатысты.*

Шағын және орта бизнесті дамыту үшін қолданыстағы арнайы салық режимдерін сақтау көзделеді.

Тіркелген шегерімнің жаңа балама режимі ұсынылады. Бұл айналымдары ауқымды, бірақ пайдасы төмендерге тиімді болады. Осы режим өз табысының тең жартысын растаусыз шегеруге мүмкіндік береді. Ал шығыстарды есепке алуды жүргізген жағдайда шығыстарды растағаны үшін сыйлықақылар (шегерімдер) алу мүмкіндігін береді. Салық төлеушілерге режимді таңдау құқығы беріледі.

Оңайлатылған декларация негізіндегі АСР үшін заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге арналған кірістері мен қызметшілер санының бірыңғай шекті мөлшерін белгілеу көзделеді.

Патентте мөлшерлеме 2%-дан 1%-ға дейін төмендетіледі. Бұл МӘМС және ЖМЗЖ жарналарының енгізілуіне байланысты салықтық жүктемені азайту үшін жасалып отыр.

Аграрлық сектор үшін де ынталандыратын шаралар көзделеді.

Бірыңғай жер салығы режимінде, егер айналым ҚҚС бойынша есепке қою міндеті туындайтын шектен асып кетсе, шаруа немесе фермер қожалығы (бұдан әрі – ШФҚ) ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қойылмауы мүмкін. Бұл ретте ШФҚ бірыңғай жер салығын пайдалануға құқылы болады.

МӘМС және ЖМЗЖ жарналарының енгізілуіне байланысты еңбекке ақы төлеу қорына жүктемені азайту үшін ШФҚ басшысы, мүшелері және жұмыскерлері үшін әлеуметтік салықты алып тастау көзделеді. Бөлек есепке алуы бар өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға рұқсат берілетін болады.

*Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салуға қатысты.*

Жер қойнауын пайдалану саласында геологиялық барлауға инвестициялар ынталандырылатын болады.

Сәтті барлауды ынталандыру мақсатында 2019 жылдан бастап коммерциялық табу бонусын алып тастау жоспарлануда.

Теңіздегі және терең мұнай кен орындары үшін жер қойнауын пайдалануға арналған неғұрлым қарапайым балама салық ұсынылып отыр.

Жер қойнауын пайдалануға арналған балама салықты енгізу кезінде салық төлеушіге жер қойнауын пайдаланушының арнайы салықтарын төлеудің жалпыға бірдей белгіленген тәртібінде қалу құқығы беріледі. Төлеудің таңдап алынған әдісі келісімшарт қолданысының бүкіл кезеңіне қолданылады.

Қатты пайдалы қазбаларды барлауды жеделдету үшін жалға алу төлемдерінің тетігі енгізіледі.

Сәтті болмаған барлаудың шығыстарын бір заңды тұлғаның шеңберіндегі басқа өндіру келісімшартында ескеру мүмкіндігі беріледі.

Сондай-ақ, қалайыға арналған ПҚӨС мөлшерлемесін 6%-дан 3%-ға дейін төмендету көзделеді. Бұл металлургияның жаңа саласын – қалайы өнеркәсібін қолдау үшін жасалып отыр.

*Қаржы секторына қатысты.*

Қаржы секторын сауықтыру үшін де ынталандыру шаралары ұсынылады.

Күмәнді активтерді басқару жөніндегі ұйымның сатып алынған мүлікке салық салуды екі түрлі түсіндіруі алып тасталатын болады.

Жеке тұлғалар үшін берешекті кешіру кезінде ЖТС-тан босату көзделеді.

Проблемалы активтерді коллекторларға берген кезде актив жұмыс істегеннен кейінгі факті бойынша коллектордың дисконтына салық салынатын болады.

*Жинақтаушы сақтандыруға ЖТС салу тәртібін өзгерту ұсынылады.*

Бүгінгі таңда сақтандыру жарналары ЖТС бойынша шегерімдерге жатқызылады, ал сақтандыру төлемдеріне салық салынады. Енді, сақтандыру төлемдері ЖТС-тан босатылатын болады, жарналарға салық салынатын болады.

*Арнайы экономикалық аймақтарға (бұдан әрі – АЭА) салық салуға*

*қатысты.*

Салықтық жеңілдіктердің ынталандырушы рөлін күшейту үшін АЭА-ға қатысушыларға арналған жеңілдіктерді қолдану шарттарын кеңейту ұсынылады.

Жеңілдіктердің тиімді болуы мақсатында жеңілдік берілетін және басқа да қызметтен бөлек есепке алуды жүргізу және жер салығы мен мүлік салығы бойынша тіркелген кезден бастап салықтық жеңілдіктер беру ұсынылады.

«ИТП» АЭА-ға қатысушылар үшін аумақтан тысқарылық режимін 2028 жылға дейінгі мерзімге ұзарту көзделген.

Сондай-ақ, «ИТП» АЭА-ға қатысушылар үшін әлеуметтік салық бойынша жеңілдік жөніндегі шарттар еңбекке ақы төлеуге арналған шығыстардың жалпы шығыстарға арақатынасымен байланысты болады.

*Инвестициялық жобаларға қатысты.*

Қазіргі кезде инвестициялық преференциялар жаңа жобалар мен жаңа кәсіпорындарға ғана беріледі. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға қолданыстағы қуаттарын жаңғырту мен реконструкциялау кезінде жеңілдіктер көзделмеген.

Осындай кәсіпорындарды ынталандыру үшін жаңғырту мен реконструкциялау жобаларын іске асыратын жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға КТС бойынша жеңілдіктер ұсынылады. Жеңілдіктер жаңғырту мен реконструкциялауды аяқтаған кезден бастап 3 жылдан аспайтын мерзімде және инвестициялар кемінде 5 млн. АЕК-ті құраған жағдайда қолданылатын болады.

Инвестициялық келісімшарттар үшін де кірістер бойынша 90/10 талабы алып тасталады және бөлек есепке алу жүргізілетін болады.

Инвестициялық салықтық преференциялар сақталады, олар келісімшарт жасаспай қолданылады.

*Салықтық әкімшілендіруге қатысты Кодекстің жобасында мынадай:*

- салық базасын бұзуға және пайданы салық салудан шығарып алуға (BEPS) қарсы іс-қимыл;

- жекелеген салықтық көрсетілетін қызметтерді электрондық форматқа ауыстыру;

- мемлекеттік органдардың ақпаратпен алмасуды электрондық форматқа ауыстыруына байланысты салықтық есептіліктің кейбір нысандарын беруді жою;

- тексерулер тағайындау рәсімдерін жетілдіру, сондай-ақ жоспардан тыс салықтық тексерулер тағайындау үшін негіздерді қайта қарау және қысқарту;

- қызметін 5 жыл бойы және одан да көп уақыт жүзеге асырмаған салық төлеушілердің қызметін мәжбүрлі тәртіппен тоқтату;

- аудиторлық ұйымның тексеру мүмкіндігі үшін таратылатын салық төлеушілердегі жиынтық жылдық кірістің шегін 150 000 АЕК-ке дейін ұлғайту;

- камералдық бақылау негізінде (салықтық тексеру жүргізусіз) жеке

практикамен айналысатын жеке тұлғалардың қызметін тоқтатудың оңайлатылған тәртібін қолдану;

- салықтық тексерулер жүргізу кезінде лауазымды адамдардың және тексерілетін тұлғалардың құқықтары мен міндеттері бойынша баптарды енгізу;

- артық төленген салықтың, төлемақының сомасын айқындау кезінде салық кезеңімен байланыстыруды алып тастау;

- салық төлеушілерді тәуекел дәрежесіне қарай бөлу негізінде сараланған тәсілді енгізу;

- деңгейлес мониторингті енгізу;

- ҚБЖ негізінде лицензиядан кейінгі бақылауды қамтамасыз ете отырып, алкоголь өнімін бөлшек саудада өткізуге лицензия алу үшін лицензия алдындағы қарап тексеруді алып тастау;

- акцизделетін тауарлар экспортын растау үшін құжаттардың көшірмелерін ұсыну туралы талапты алып тастау;

- салық берешегін өндіріп алу тетігін жетілдіру бағыттарындағы нормалар көзделген.

Жанама салықтарды өндіріп алу тетіктерін жетілдіру мақсатында ерікті негізде қосылған құн салығының бақылау шотын енгізу жолымен ҚҚС-ты әкімшілендіру жүйесін реформалау ұсынылады.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) жобасы Сенат отырысында қаралып, бірінші оқылымда мақұлданды.

Салық кодексінің жобасын талқылау және оны екінші оқылымға әзірлеу барысында Салық кодексінің жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туындады.

Мәселен, мынадай:

- фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді және дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды есепке алу және өткізу бойынша көрсетілетін қызметтерді ҚҚС-тан босату;

- 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін де, 2012 жылғы 1 қаңтардан кейін де еркін қойма иелері ретінде тіркелген, ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілер үшін ҚҚС-тан босатуды ұсыну;

- электр, жылу энергиясын, жүйелік көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым жасау күні мен осындай көрсетілетін қызметтер бойынша есепке жатқызуды ҚҚС сомаларына жатқызу күні арасындағы уақыт алшақтығын болғызбау;

- жеке тұлғалар салық салу объектілеріне меншік құқықтарын берген жағдайда осындай жеке тұлғалардың мүлік салығын есептеу үшін салықтық базаны айқындау;

- алкоголь өнімін сақтау және көтерме (бөлшек) саудада өткізу жөніндегі қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға берілетін лицензияны пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін айқындау;

- жоғары мөлшерлемелер бойынша мемлекеттік баж салынатын, үлкен сұранысқа ие тіркеу нөмірлік белгілері (автомобильдерге арналған), оның ішінде бірдей әріптік белгілеулер тізбесін кеңейту;

- букмекерлік кеңселер үшін электрондық касса бойынша 1,5 есеге ұлғайтылатын мөлшерлемелерді қоспағанда, ойын бизнесіне арналған салықты 2 есеге арттыру;

- Қазақстан Республикасының аумағында қалдықтарды қайта өңдеу ауқымын ынталандыру және дамыту, сондай-ақ қайтарымсыз алынған мемлекеттік техногендік минералды түзілімдер құнын жер қойнауын пайдаланушының кірісі ретінде тануды болғызбау;

- салықтық шегерімді және кірісті түзетуді қолдану кезінде медициналық көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстар бойынша жеке тұлғаның кірісін ЖТС салудан босату шегін айқындау;

- мемлекеттің қаржылық қажеттіктерін уақтылы айқындау және мемлекет пен салық төлеушілердің экономикалық мүдделерінің теңгерімін сақтау үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орталық мемлекеттік органға салықтық құпияны құрайтын мәліметтерді уақтылы ұсыну бөлігінде түзетулер ұсынылады.

Сонымен қатар Салық кодексі жобасының нормаларын нақтылайтын, жоба баптарының нормаларын үйлесімді ететін, сондай-ақ заң техникасының қағидаларымен байланысты бірқатар өзгерістер енгізілді.

Заң жобасы 2017 жылы 7 желтоқсанда толықтырулар мен түзетулер енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

2017 жылы 13 желтоқсанда Мәжіліс Заңды қабылдады.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 25 желтоқсанда № 120-VI ҚРЗ қол қойды.

## **7. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Әділбеков.

Заң жобасының мақсаты «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу тәртібін айқындау болып табылады.

Салық кодексінің жобасында 2019 жылдан және 2020 жылдан бастап күшіне енетін немесе 2022 жылға дейін қолданыста болатын баптар саны біршама. Бұл ретте Кодекс жобасы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәселен, жеке табыс салығы бойынша ережелер (оның ішінде жалпы ережелер, салықтық шегерімдер, есептеу, төлеу және салықтық есептілікті ұсыну тәртібі) жалпыға бірдей декларациялауды енгізуге байланысты 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап реформаланатын болады.

Сондай-ақ шот-фактураларды жазып беруге және акциздердің

мөлшерлемелеріне (алкоголь өнімі, сыра және сыра сусыны, фильтрлі және фильтрсіз сигареттер, папиростар бөлігінде) қатысты белгілі бір нормаларды 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап реформалау ұсынылады.

Дивиденттер мен құн өсіміне салық салу бөлігіндегі нормаларды 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап реформалау ұсынылады.

Арнайы экономикалық аймақтарға салық салуға қатысты белгілі бір нормалар 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады.

Осыған қосымша, инвестициялық стратегиялық және басым жобаларға салық салуды реформалаумен байланысты салықтық жеңілдіктерді қолдану тәртібін айқындайтын жекелеген ережелер ұсынылады.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Сенат отырысында қаралып, бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң жобасын талқылау және екінші оқылымға әзірлеу барысында оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туындады.

Салық төлеушілерді шот-фактураларды электрондық нысанда жазып беруге кезең-кезеңмен көшуге дайындау мақсатында шот-фактурада тауарларға қатысты СЭҚ ТН кодын көрсетудің міндеттілігі жөніндегі норманы 2019 жылға дейін тоқтата тұру ұсынылды.

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап құмар ойындарын және бәс тігуді ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді өткізу жөніндегі айналымдарды, сондай-ақ қызметі бойынша ойын бизнесіне арналған салық салынатын, ҚҚС төлеуші ретінде тіркелуге жатпайтын тұлғаларды қосылған құн салығынан босатуды көздейтін нормаларды алып тастау ұсынылды.

Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация тапсыратын субъектілер ретінде, тіркелген шегерімді пайдалана отырып арнаулы салық режимін қолданатын салық агенттерін анықтау бөлігінде өзгерістер енгізілді.

Бұдан басқа, Салық кодексі жобасы баптарының қолданысын тоқтата тұруға және қолданысқа енгізуге қатысты бірқатар түзетулер енгізілді.

Заң жобасы 2017 жылы 7 желтоқсанда толықтырулар мен түзетулер енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

2017 жылы 13 желтоқсанда Мәжіліс Заңды қабылдады.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 25 желтоқсанда № 121-VI ҚРЗ қол қойды.

## **8. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Әділбеков.

Бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі «100 нақты кадам» Ұлт жоспарында, сондай-ақ 2017 жылғы 31 қаңтардағы



«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысының берілген тапсырмаларын іске асыру мақсатында «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) жобасы (бұдан әрі – Салық кодексінің жобасы) әзірленді.

Өз кезеңінде, Салық кодексі жобасының нормаларын іске асыру бірқатар заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырудар енгізуді талап етеді, осыған байланысты «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы әзірленді.

Осы заң жобасы мыналарды көздейді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне жеке тұлғаны дара кәсіпкер ретінде тіркеуге қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің жекелеген бағалары мен тарифтерін мемлекеттік реттеу бөлігінде, инвестициялық жобаларды, олардың іске асырылуын айқындау, инвестициялық келісімшарттар талаптарын сақтау бөлігінде де Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне өзгерістер енгізілді. Инвестициялық преференциалар және субсидияларды белгілеудің шарттары мен тәртібі көзделді.

Арнайы экономикалық аймаққа қатысушыларды салықтық ынталандыру тетіктерін жетілдіруге байланысты Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне бірқатар өзгерістер мен толықтырулар көзделеді.

Мемлекет басшысының әкімшілік және қылмыстық заңнаманы ізгілендіру жөніндегі тапсырмасына, сондай-ақ мониторингке жататын ірі салық төлеушілердің мониторингтеу бойынша мерзімді негізде есеп беру жөніндегі міндеттерін алып тастауға байланысты:

салықтық есептілікті, мәмлелер мониторингі бойынша есептілікті, трансферттік баға белгілеу бойынша есептілікті, трансферттік баға белгілеу кезінде бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды ұсынбағаны үшін;

салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомаларын төмендеткені, сондай-ақ мемлекеттік кіріс органдарының және олардың лауазымды адамдарының заңды талаптарын орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілік бойынша нормаларды өзгерту және толықтыру ұсынылады.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі республикалық, облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттеріне түсетін салықтық түсімдерді құрайтын айқындалған қосымша алымдарды белгілеуге қатысты нормалармен толықтырылды. Сондай-ақ, аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджетке және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар,

кенттер, ауылдық округтер бюджеттеріне түсетін салықтық түсімдерді нақтылау бөлігінде де өзгерістер енгізілді.

Қызметтің жекелеген түрлеріне салық салуды ретке келтіру мақсатында «Салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) ретроспективті сипаты бар өзгерістер енгізілді.

Еңбекке ақы төлеу қорына жүктемені төмендету және салықтық әкімшілендіруді жетілдіру мақсатында «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы», «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы», Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына әлеуметтік аударымдардың мөлшері және әлеуметтік төлемдер бойынша берешекті өндіріп алу тәртібін өзгерту бөлігінде өзгерістер енгізу ұсынылады.

Салықтық базаны азайтуға және пайданы салық салудан шығарып алуға жол бермеу мақсатында «Трансферттік баға белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер енгізіледі. Мынадай жаңа: халықаралық топ, халықаралық топтың қатысушысы ұғымдары, сондай-ақ олардың тиісті есептілікті табыс ету шарттары мен тәртібі көзделеді.

Салық төлеуден жалтару фактілерінің жолын кесу, ақша айналымын көлеңкеден шығару мақсатында «Төлемдер және төлемдер жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркеу есебінде тұрған дара кәсіпкерлер үшін қолма-қол тәртіппен төлемдерді шектеуді белгілеу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Бұдан басқа, Салық кодексі жобасының ережелерімен сәйкес келтіру мақсатында, сондай-ақ сілтеме нормаларын өзгерту бөлігіндегі редакциялық сипаттағы түзетулердің болуына байланысты Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасы тұтастай алғанда Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді, Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңына және басқа да заңнамалық актілерге қайшы келмейді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Сенат отырысында қаралды және бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң жобасын талқылау және оны Сенат комитеттері мен депутаттарының ескертпелері мен ұсыныстарын ескере отырып екінші оқылымға әзірлеу барысында заң жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігі туындады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 251-бабынан борышкердің мемлекеттік кіріс органдары салған шектеулері және сот орындаушыларының тыйым салулары бар мүлкі есебінен талаптарды қанағаттандыру кезектілігін көздейтін, толықтырылған 3-тармақты алып

тастау ұсынылды.

Азаматтық кодекстің 251-бабы меншік иесінің мүлкін сот тәртібімен өндіріп алу жолымен меншікке құқықты тоқтату тәсілдерінің бірін регламенттейді, ол соттың меншік иесінің мүлкін өндіріп алудағы кредитордың құқығын тануын не танымауын білдіреді. Меншік иесінің басқа құқық субъектілерінің алдындағы міндеті негіз болып танылады. Бұл ретте меншік құқығын тоқтатуға әсер етуі мүмкін міндеттеме, тікелей затты иеленуге байланысты және жария құқықтық қатынастардан да жеке меншік құқықтық қатынастардан да туындайтын міндеттеме болып табылады.

Осылайша ұсынылып отырған кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру кезектілігі Азаматтық кодекстің 251-бабының нысанасы болып табылмайды және барлық кредиторлардың, оның ішінде кепілдікті кредиторлардың меншік иесінің мүлкін сот тәртібімен өндіріп алуға құқығын шектейді. Бұдан басқа, Азаматтық кодекстің 251-бабында кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру кезектілігін белгілеу кепіл институтына (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 299, 318, 322-баптары) қайшы келеді.

Тиісінше «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 55, 57, 74, 108-баптарына енгізілген өзгерістерді заң жобасынан алып тастайтын түзетулер енгізілді, өйткені олар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі 251-бабының 3-тармағымен өзара байланысты болды.

Мемлекеттік кірістерді қысқартуға және мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуға алып келетін бірқатар ұсыныстар енгізілді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 6-тармағына сәйкес олар Қазақстан Республикасы Үкіметіне олар бойынша қорытынды алу үшін жіберілді. Мынадай мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 5 желтоқсандағы № 20-8/3167 оң қорытындысы алынды.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) шеңберінде ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау, сақтау және өткізу жөніндегі ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметіне, осындай кооператив мүшелері өндірген акваөсіру (балық шаруашылығы) өнімдеріне, сондай-ақ қайта өңдеу нәтижесінде алынған өнімдерге арнайы салық режимін қолдану ұсынылды. Осы норма 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде басым инвестициялық жобалар үшін инвестициялық преференцияларды беруде қосымша өлшемшарттарды көздеу ұсынылды. Атап айтқанда, басым инвестициялық жобаларды іске асыру үшін лизингтік қаржыландыру және кредиттеу инвестициялық преференцияларды беру үшін кедергі болып табылмайды.

«Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында этил

спиртін (коньяк спиртін қоспағанда) өндіруге өндіріс паспортында көрсетілген өндірістік қуаттың кемінде жиырма пайызы пайдаланылған кезде жол берілетін талапты белгілеу ұсынылды. Осы норманың қолданыстағы редакциясы өндірістік қуаттың кемінде қырық пайызын пайдалану туралы талапты көздеген болатын.

Бұдан басқа, заң жобасы нормаларын бір бірімен ұштастыратын түзетулер енгізілді. Сондай-ақ нақтылайтын өзгерістер, оның ішінде заң техникасы қағидаларымен байланысты өзгерістер енгізілді.

Заң жобасы 2017 жылы 7 желтоқсанда толықтырулар мен түзетулер енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

2017 жылы 13 желтоқсанда Мәжіліс Заңды қабылдады.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 25 желтоқсанда № 122-VI ҚРЗ қол қойды.

## **9. «Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Грузия Үкіметіне берген мемлекеттік кредиттері бойынша Грузия Үкіметінің берешегін қайтадан қайта құрылымдау туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат О. Перепечина.

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Грузия Үкіметіне берген мемлекеттік кредиттері бойынша Грузия Үкіметінің берешегін қайтадан қайта құрылымдау туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) 2017 жылғы 13 маусымда қол қойылды.

Келісімді жасау мақсаты Грузин үкіметінің өкілі мен Париж клубының кредитор мемлекеттері қатысатын үкіметтердің өкілдері 2001 жылғы 6 наурызда және 2004 жылғы 21 шілдеде Париж қаласында қол қойған Грузия борышын шоғырландыру туралы келісілген хаттамалар шарттарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының және Грузияның Ұлттық Банктерінің өкілетті өкілдері 2003 жылғы 25 қыркүйекте қол қойған Қазақстан Республикасы мен Грузия банктері арасындағы корреспонденттік шоттар ашылғанға дейін 1992 жылғы өзара есеп айырысуларды түпкілікті салыстырып тексеру актісін ескере отырып, мемлекеттік кредиттері бойынша Грузия Үкіметінің берешегін қайтадан қайта құрылымдау болып табылады.

Осылайша, Келісім бойынша Грузия тарапының 2017 жылдан бастап 2025 жылға дейінгі кезеңдегі берешегін өтеу жөніндегі төлем сомасы 37 997 815 АҚШ долларын құрайды.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2017 жылы 14 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 28 желтоқсанда № 129-VI ҚРЗ қол қойды.

## **10. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Н. Қылышбаев.

Заң жобасы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында әзірленген.

Мемлекеттік аудит жүйесін одан әрі реформалау қажеттігін ескере отырып, заң жобасы мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді:

- мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының кадрлар құрамын жақсарту үшін «ассистент» ұғымын енгізу;

- бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігінің жыл сайынғы аудитін тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде өткізу;

- ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның ішкі мемлекеттік аудитті өткізу қағидаларын бекітуі;

- электрондық мемлекеттік аудитті жүзеге асыру тәртібін бекіту;

- ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау кезінде туындайтын дауларды апелляциялық түрде реттеу тәртібін бекіту;

- Ішкі аудит қызметтерінің бюджеттік процестің тиімділігіне аудит жүргізуі;

- тепе-теңдікті қамтамасыз ету үшін Мемлекеттік аудиторларды сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссиядағы өкілдердің сандық құрамын айқындау;

- мемлекеттік аудиторлардың этикалық нормалар мен кәсіби стандарттарды сақтамағаны үшін жауапкершілігін күшейту;

- Ұлттық комиссияға мемлекеттік аудитор сертификатын кері қайтарып алу құқығын беру;

- мемлекеттік аудиторларға жазалау шарасы ретінде ескертуді қолдану;

- мемлекеттік аудитор болуға үміткерлер үшін жұмыс істеп жүрген үш мемлекеттік аудитордан мінсіз және іскерлік беделін растайтын ұсынымдар беру туралы талаптарды енгізу.

Заң жобасын қабылдау және іске асыру мемлекеттік бюджеттен қосымша қаржы шығындарын талап етпейді, сондай-ақ теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға алып келмейді.

Заң 2017 жылы 28 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 11 қаңтарда № 135-VI ҚРЗ қол қойды.

## **11. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ирландия Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған**

**салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны және оған Хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Әділбеков

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ирландия Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенция және оған Хаттама 2017 жылғы 26 сәуірде Астанада жасалды.

Конвенцияның мақсаты Қазақстан Республикасы мен Ирландия арасында инвестициялар үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы экономикалық ынтымақтастықты нығайту және кеңейту болып табылады.

Конвенция екіжақты халықаралық шарт болып табылады және қосарланған салық салуды жою мақсатында жасалды. Уағдаласушы Мемлекеттердің әрқайсысы салық төлеушіге бір рет – уағдаласушы мемлекеттің бірінде ғана салық төлеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Екінші мемлекет төленген салық сомасына есепке жатқызуды береді немесе салық салынатын жиынтық табыстан екінші мемлекетте салық салу жүргізілген табыстың бөлігін алып тастайды.

Конвенцияда оларға сәйкес дивидендтерге, пайыздарға және роялтиге төмендетілген мөлшерлемелер бойынша табыс көзі пайда болатын мемлекетте салық салынуы мүмкін ережелер көзделген.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Конвенция және Хаттама ратификациялануға жатады.

Заң 2017 жылы 28 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 29 желтоқсанда № 130-VI ҚРЗ қол қойды.

**12. «1996 жылғы 9 желтоқсанда Нью-Делиде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы Қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға және Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Әділбеков.

1996 жылғы 9 желтоқсанда Нью-Делиде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы Қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға және Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы хаттама 2017 жылғы 6 қаңтарда Нью-Делиде жасалған.

Хаттамада «Қазақстан» терминіне өзгеріс енгізілген, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес Конвенция қолданылатын қазақстандық салықтардың атауы нақтыланған.

Сонымен бірге заң жобасында елдің экономикалық мүддесін ескере отырып, салық салу мәселелерін нақтылау және қайта қарау бөлігінде өзгерістер енгізілген. Бұдан басқа уағдаласушы мемлекеттердегі резиденттілікті анықтауды реттейтін баптың ережелері нақтыланған.

Салық қызметтерінің арасындағы ынтымақтастықты кеңейту мақсатында «Ақпарат алмасу» (ЭЫДҰ Модельдік конвенциясына сәйкес келтіру мақсатында осы баптың қолданылуын кеңейту және оны нақтылау бөлігінде), «Жеңілдіктерді шектеу» (бап салықтан жалтару және Конвенция ережелерін теріс пайдалану анықталған кезде ішкі заңнаманы қолдануға мүмкіндік береді), «Салықтарды жинауға көмек» (ЭЫДҰ Модельдік конвенциясына сәйкес келетін жаңа редакцияда жазылған бап салық органдарының салықтық берешекті өндіріп алу тәртібін реттейді) баптарына түзетулер енгізілген.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Хаттама ратификациялануға жатады.

Заң 2018 жылы 25 қаңтарда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 6 ақпанда № 138-VI ҚРЗ қол қойды.

**13. «1996 жылғы 16 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Н. Қылышбаев.

1996 жылғы 16 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы хаттама 2017 жылғы 3 сәуірде Бакуде жасалды.

Хаттамамен «Қазақстан», «Әзербайжан» деген терминдерге өзгерістер енгізілді, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес оларға Конвенция қолданылатын Қазақстан және Әзербайжан салықтарының атаулары нақтыланды.

Хаттамамен салық салу мәселелерін қайта қарауға байланысты өзгерістер енгізілді. Бұдан басқа, уағдаласушы мемлекеттерде резиденттікті айқындауды және тұрақты мекеме құру тәртібін реттейтін баптардың

ережелері нақтыланды.

Салық қызметтерінің арасындағы ынтымақтастықты кеңейту және ЭЫДҰ-ның модельдік конвенциясына сәйкес келтіру мақсатында «Қосарланған салық салуды жою» және «Ақпарат алмасу» деген баптарға түзетулер енгізілді. «Жеңілдіктерді шектеу» деген жаңа бап көзделуде, ол салықтық жалтарулар және Конвенцияның ережелерін теріс пайдаланулар анықталған кезде ішкі заңнаманы қолдануға мүмкіндік береді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Хаттама ратификациялануға жатады.

Заң 2018 жылы 15 ақпанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 28 ақпанда № 141-VI ҚРЗ қол қойды.

**14. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 сәуірдегі Табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Ә. Бектаев.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 сәуірдегі Табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама 2016 жылғы 16 наурызда Минскіде жасалған.

Хаттама салық төлеуден жалтаруға жол бермеу және қосарланған салық салуды болдырмау мақсатында салық салу мәселелері бойынша ақпарат алмасу арқылы екі Уағдаласушы мемлекеттің салықтық құрылымдарының ынтымақтастығын кеңейтуді көздейді.

Хаттамамен «Қазақстан» деген терминге өзгеріс енгізілген, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес Келісім қолданылатын салықтардың атаулары нақтыланған.

Сондай-ақ «тұрақты мекеме» деген термин барлау жүргізудің бірінші күнінен бастап табиғи ресурстарды барлаудан түсетін табыстарға салық салуға мүмкіндік беретін редакцияда жазылған. Бұдан басқа, елдің экономикалық мүдделерін қорғау мақсатында Хаттамамен акцияларды, қатысу үлестерін өткізу кезінде жекелеген табыстарға пайыздар, роялти, күн өсімі бөлігінде салық салу мәселелерін қайта қарауға байланысты өзгерістер енгізілді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы»



Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Хаттама ратификациялануға жатады.

Заң 2018 жылы 29 наурызда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 9 сәуірде № 146-VI ҚРЗ қол қойды.

### **15. «2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат О. Перепечина.

«2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы 2018 – 2022 жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштердің нақтылануы негізінде әзірленді және Мемлекет Басшысының жыл сайынғы Жолдауларын және Қазақстан Республикасы Президентінің бес жаңа әлеуметтік бастамасын іске асыруға бағытталған.

Әлемдік экономикадағы ағымдағы ахуалды, тауар нарықтарындағы конъюнктураны және 2017 жылғы және 2018 жылғы қаңтар-ақпандағы Қазақстан экономикасы салаларының алдын ала даму қорытындыларын есепке ала отырып, 2018 жылға арналған макроэкономикалық көрсеткіштер болжамы нақтыланды.

Базалық сценарийде 2018 жылы мұнай бағасы барреліне 45 АҚШ долларынан барреліне 55 АҚШ долларына дейін артты.

Мұнай өндіру бойынша болжам 1 млн. тоннаға артты және 87 млн. тоннаны құрайды.

2018 жылы атаулы ЖІӨ 57 206,7 млрд. теңге көлемінде бағаланады, бұл 2017 жылғы тамызда мақұлданған болжамға қатысты 1 300,6 млрд. теңгеге артық.

Ұлттық Банктің болжамы бойынша инфляция жыл соңына қарай бұрын жоспарланған 5-7% нысаналы дәлізі шегінде сақталады.

Макроэкономикалық көрсеткіштердің өлшемдерін, 2017 жылдың қорытындысы бойынша іс жүзіндегі түсімдерге сүйене отырып есептеулерді нақтылау 2018 жылғы республикалық бюджет кірістерін қайта қарау үшін негіз болды.

2018 жылға арналған республикалық бюджет кірістерінің нақтыланған болжамы (трансферттер түсімдерін есепке алмағанда) 5 718,2 млрд. теңге сомасында айқындалды немесе 189,8 млрд. теңгеге ұлғайды, оның ішінде салықтық түсімдер бойынша – 196,3 млрд. теңгеге ұлғаю және салықтық емес түсімдер бойынша 6,5 млрд. теңгеге азаю орын алған.

Бекітілген жоспарға қарағанда бірқатар баптар бойынша республикалық бюджет кірістерінің жалпы алғанда 333,3 млрд. теңгеге ұлғаюы болжанып отыр.

Сонымен қатар басқа баптар бойынша «Астана-Экспо 2017» ҰК-дан акциялардың мемлекеттік пакетіне дивиденттер түсімінің төмендеуінің және бір жолғы түсімдердің есебінен 143,5 млрд. теңгеге азаю ескерілді.

2018 жылға трансферттер түсімдерінің 3,0 млрд. теңгеге азаюмен немесе жалпы сомасы 2 918,4 млрд. теңге көзделіп отыр.

2018 жылға арналған бюджеттік кредиттерді өтеу 123,0 млрд. теңге сомасында немесе 5,3 млрд. теңгеге азаюымен айқындалды.

2018 жылға арналған республикалық бюджет шығыстарының нақтыланған көлемі түзетілген бюджеттен 425,1 млрд. теңгеге ұлғая отырып 9 642,9 млрд. теңгені құрайды, олар соның ішінде:

- 293,0 млрд. теңге сомасында Мемлекет басшысының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік», «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жыл сайынғы Жолдауларын іске асыруға;

- 25,1 млрд. теңге сомасында ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында айтылған Қазақстан Республикасы Президентінің бес әлеуметтік бастамасын іске асыруға;

- 98,9 млрд. теңге сомасында мемлекеттің бұрын қабылдаған міндеттемелері мен Президенттің тапсырмаларын іске асыруға бағытталды.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервін 77,5 млрд. теңге сомасында немесе 19,2 млрд. теңгеге азаюмен бекіту ұсынылады.

2018 жылға республикалық бюджеттің тапшылығы 883,2 млрд. теңгені немесе ЖІӨ-ге 1,5% құрайды.

2018 жылға мұнайға қатысты емес тапшылық – 4 330,5 млрд. теңге немесе ЖІӨ-ге 7,6%.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсімдердің нақтыланған болжамы 2018 жылға 2 005,1 млрд. теңге сомасында айқындалды.

Заң жобасы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енгізілген бюджет заңнамасының жаңа талаптарын ескере отырып қалыптастырылды, оған сәйкес мемлекеттік және мемлекет кепілдендірген қарыздардың жай-күйі туралы, тартылған мемлекеттік және мемлекет кепілдендірген қарыздар туралы деректер, республикалық бюджеттен бөлінген, дамуға арналған нысаналы трансферттерді пайдалану туралы ақпарат ұсынылды, сондай-ақ түсіндірме жазбаға мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар бөлігінде республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын бюджеттік инвестициялар тізбесі қоса беріледі.

Тұтастай алғанда заң жобасы мемлекеттік бюджеттік жоспарлау жүйесінің нормаларын айқындайтын Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің ережелеріне сәйкес келеді.

Заң 2018 жылы 26 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 27 сәуірде № 148-VI ҚРЗ қол қойды.

**16. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Г. Дүйсембаев.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 тамыздағы № 954 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру мақсатында, сондай-ақ 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған Мемлекет басшысының отандық қор нарығын жандандыру жөніндегі тапсырмасын орындау үшін әзірленген.

Заң жобасының мақсаттары:

жеке тұлғалардың сақтандыру қызметтерін көрсетушілерге сенімін арттыруға ықпал ететін, көрсетілетін қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетігін құру;

қор нарығын дамыту үшін жағдай жасау;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын жетілдіру және халықаралық практикаға сәйкес келтіру болып табылады.

Сақтандыру және сақтандыру қызметі саласында қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін заң жобасымен мыналар көзделеді.

**Онлайн-сақтандыруды енгізу.** Сақтандыру саласын цифрландыру халыққа сақтандыру шарттарын кеңсеге бармай немесе делдалдардың қатысуынсыз сақтандыру компанияларының интернет-ресурстары арқылы электрондық нысанда жасасуға мүмкіндік береді.

Болашақта делдалдардың болмауы сақтандыру құнының төмендеуіне алып келеді.

Сақтандыру шарттары жөніндегі бірыңғай сақтандыру дерекқоры (БСД) онлайн-сақтандырудың негізгі элементі болады. БСД-ның мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелерімен және дерекқорларымен интеграциялануы адамдарды қашықтықтан сәйкестендіруге, қолданыстағы электрондық полистің жасалғандығы мен бар-жоғын тексеруге мүмкіндік береді.

**Шетелге шығатын туристерді сақтандыру схемасын өзгерту.**

Бұл жаңашылдықпен шығу туризмі саласындағы қолданыстағы заңнаманың олқылықтары жойылады.

Қазақстандық туристерді қорғау мақсатында заң жобасында шетелге шығатын туристің мүлкіктік мүдделерін міндетті сақтандыруға көшу көзделеді. Туроператорға туристі міндетті сақтандыру шартын жасасу міндеті жүктеледі, бұл ретте сақтанушының туристі міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін сақтандырушы ұйымды таңдау құқығы белгіленген.

Бұдан басқа, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру жағдайлары орын алған кезде, оның ішінде жедел әрі шұғыл медициналық көмек көрсету кезінде жабылуға тиіс шығыстар айқындалған. Сондай-ақ туристі міндетті сақтандыру шартының қолданылу және сақтандырылған туристерді шетелде нақты болған бүкіл кезеңде қорғау мерзімі белгіленген.

#### **Жүктелген сақтандыруды енгізу.**

Бұл сақтандыру түрін енгізу халықаралық сақтандыру практикасын ескере отырып әзірленді.

Жүктелген сақтандыру кезінде тәуекелдердің нақты тізбесі айқындалады және соның негізінде клиент үшін әділ тариф белгіленеді. Осылайша жүктелген сақтандыруды енгізу сақтандыру компанияларына анағұрлым икемді болуға әрі өз клиенттеріне сақтандырудың неғұрлым тиімді шарттарын ұсынуға мүмкінді береді.

#### **Сақтандыру омбудсманының өкілеттіктерін кеңейту.**

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес сақтандыру омбудсманының өкілеттіктері автомобиль иелерінің жауапкершілігін сақтандыруға ғана қолданылады. Осы заң жобасымен сақтандыру компаниясының клиенттеріне кез келген сақтандыру түрі бойынша қорғауға сақтандыру омбудсманына жүгіну мүмкіндігі беріледі.

#### **Бірқатар шектеу шараларын енгізу.**

Көзделген шаралар халық пен бизнес үшін көрсетілетін сақтандыру қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге және құнын төмендетуге, оның ішінде тікелей сатуларды дамыту және делдал сақтандыру агенттерінің қатысуын азайту арқылы төмендетуге бағытталған.

Мәселен, сақтандыру агенттерінің қатысуы талап етілмейтін және орынсыз болатын сақтандыру түрлері бойынша олардың қатысуына тура тыйым салу белгіленген.

Қайта сақтандыру арқылы ақшаны шетелге шығарудың заңсыз схемаларын болдырмау мақсатында:

1) лицензияда көрсетілмеген сыныптар бойынша да, «өмірді сақтандыру» және «жалпы сақтандыру» салалары арасындағы сыныптар бойынша да тәуекелдерді қайта сақтандыруға;

2) Қазақстан Республикасының бірнеше бейрезиденттері-сақтандыру брокерлерінің тәуекелдерді шетелге беру кезіндегі делдалдығына тыйым салуды енгізу ұсынылады.

Ұлттық Банк сақтандыру тәуекелдерін беру рұқсат етілетін шетелдік қайта сақтандырушылардың тізілімін (ақ тізім) және Қазақстан Республикасының тыйым салынған бейрезиденттері-қайта сақтандырушыларының тізілімін (қара тізім) жүргізетін болады.

#### **Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының (СТКҚ) қосымша кепілдіктері.**

Заң жобасында СТКҚ аннуитеттік сақтандырудың қолданыстағы шарттары бойынша төлемдердің үздіксіздігі мен уақтылығын, қызметкердің

кәсіби еңбекке жарамдылығын жоғалту дәрежесін белгілеген не ұзартқан (қайта куәландырған) жағдайда жасалған аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеудің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді деп көзделген.

Кепілдік беру сақтандыру ұйымын таратудың транзиттік кезеңінде барлық міндеттемелер басқа сақтандыру компаниясына берілгенге дейін қолданылатын болады. Бұл түзетулер зейнеткерлер мен жұмысқа жарамсыз адамдарға сақтандыру компаниясының не заңды тұлғаның таратылуына қарамастан СТКҚ-дан өз ақшаларын уақтылы алуына мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, заң жобасында сақтандыру жағдайларының санына қарамастан, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шеңберінде бір жыл бойы сақтандыру полисінің қолданылуының үздіксіздігі қағидатын қамтамасыз ету көзделген. Сондай-ақ жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандырылушының жауапкершілігінің шекті көлемі ұлғайтылған.

Сақтандыру жағдайлары болмаған және өз қызметкерлері үшін қолайлы әрі қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайтын, Unit-linked өмірді жинақтап сақтандырудың сақтандыру өнімдерін дамыту жөніндегі шараларды көздеген сақтандырушылар (жұмыс берушілер) үшін сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін азайту мүмкіндігі көзделген.

Заң жобасымен қор нарығы саласында мыналар көзделген.

**Қор нарығы инфрақұлымын жетілдіру**, оның шеңберінде:

- Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеушіні Бағалы қағаздардың орталық депозитарийіне қосу және Орталық депозитарийдің функционалын одан әрі кеңейту;

- оның базасында қор биржасы қосымша бірқатар қызмет түрлерін жүзеге асыратын бағалы қағаздардың биржалық нарығының интеграцияландырылған ақпараттық жүйесін құруды, оның жұмыс істеуін және техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етуді қамтитын қор биржасының функционалын кеңейту;

- отандық брокерлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және өз клиенттеріне брокерлік қызмет шеңберінде көрсетілетін қызметтердің толық көлемін ұсыну мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында олардың инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту көзделеді.

**Инвестициялаудың ұжымдық нысандарын дамыту.**

Заң жобасын талқылау және екінші оқылымға дайындау барысында оған:

- ұлттық қауіпсіздік органдарына көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарына қатысты сақтандыру құпиясын құрайтын мәліметтерді прокурордың санкциясынсыз алуға құқық беру;

- актуарийлер бірлестігінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру омбудсманының құқықтық жағдайын, қызметін

реттеуді және оларға қойылатын талаптарды нақтылау;

-сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қызметіне қатысты жекелеген нормаларды нақтылау;

- тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кездегі сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін сақтандырушының ұстап қалуын регламенттейтін нормаларды дұрыс жазу;

- акционерлік қоғамдардың есептерді ұсыну мерзімдерін нақтылау;

- заң жобасының мәтінін қолданыстағы заңнамаға, сондай-ақ енгізілген өзгерістерге сәйкес келтіру;

- заң жобасының мәтінін енгізілген өзгерістерге сәйкес келтіру;

- заң жобасының редакциясын жақсарту және нақтылау, заң техникасының қағидаларына сәйкес келтіру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігі туындады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар салыстырма кестеге жинақталған.

Заң жобасы 2018 жылы 14 маусымда толықтырулар мен түзетулер енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

2018 жылы 20 маусымда Мәжіліс Заңды қабылдады.

## **17. «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат С. Плотников.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 тамыздағы № 954 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 қыркүйектегі № 314 Жарлығымен бекітілген Заң шығару жұмысының 2016-2021 жылдарға арналған тұжырымдамалық жоспарын орындау шеңберінде әзірленді.

Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін Заң жобасымен мынадай бағыттар көзделеді:

- валюталық операцияларды валюталық операциялар туралы ақпараттарды жинақтау рәсімдерін бір мезгілде оңтайландыра отырып мониторингпен қамтуды кеңейту;

- Қазақстан аумағында есеп айырысуларда шетел валютасын қысқарту;

- либералдық валюталық режим қағидаларын сақтау, ол азаматтар мен бизнес субъектілеріне қосымша жүктеме салмай, халықаралық ұйымдардағы интеграциялық бірлестіктер мен мүшеліктер шеңберінде Қазақстан Республикасы қабылдаған халықаралық міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етеді;

- шетелдік ұйымдардың филиалдарын резиденттер ретінде тану. Бұл бағыт жергілікті компаниялар мен шетелдік ұйымдардың филиалдары үшін бизнес жүргізуде тең жағдайды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

- елден ақшаларды алып шығуға қарсы іс-қимылды күшейту. Мұндай операцияларды банктер тек резидент валюталық бақылау органына ақпарат беруге арналған рұқсатты ұсынған кезде ғана жүзеге асырады.

Бұдан басқа, заң жобасымен банктік емес айырбастау пункттеріне Ұлттық Банк шығарған шағын алтын құймаларын сатып алуға және сатуға құқық беріледі.

Сондай-ақ, «валюталық операциялар» ұғымында валюталық құндылықтарды сенімгерлік басқаруға беру не брокерлік қызметтер көрсету туралы шарт негізінде беру, бейрезидент шығарған электрондық ақшаларды резиденттің сатып алуы мен өтеуі және керісінше жасауы қамтылған.

Заң 2018 жылы 21 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

**18. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау, қаржы ұйымдарының қызметін тәуекелге бағдарланған қадағалау, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат С. Плотников.

Заң жобасы «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Заң жобасының нормаларына сәйкес келтіру мақсатында, сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес әзірленді.

Осы заң жобасында мынадай мәселелер көзделеді.

*Валюталық реттеу және валюталық бақылау бойынша*

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне валюталық заңнаманы бұзғаны үшін тұлғаға әкімшілік жауаптылық белгілеу және қолма-қол шетел валютасын сатып алу және сату бағамдарын белгілеу туралы өкімдерді жұмыс емес уақытында шығарғаны үшін, сондай-ақ шетел валютасын сатып алу бағамдарының сату бағамдарынан ауытқу шектерін сақтамағаны үшін жауаптылықты алып тастау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Капиталды елден шығаруға қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қолдану шеңберінде Салық кодексіне екі жыл ішінде қайтарылмаған (қанағаттандырылмаған) импорт бойынша алдын ала төлеу сомаларын салық салынатын кірістер деп тануды көздейтін түзетулер енгізіледі.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңында банктік емес айырбастау пункттерін олардың қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты лицензиядан айырудың қосымша негізі көзделеді. Бұдан басқа, мемлекеттік кіріс органдарына валюталық операциялар бойынша банктік құпияны ашу мүмкіндігі белгіленеді, сондай-ақ капиталды шығаруға байланысты операцияларға қатысты нақты шаралар қолдану үшін сыртқы экономикалық шарттар бойынша және осындай операцияларды жүзеге асыратын тұлғалармен ақпарат алмасу

көзделеді.

*Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша*

Заң жобасымен тәуекелге бағдарланған қадағалауды енгізу ұсынылады, оның шеңберінде Ұлттық Банк нысандандырылған талаптарға қосымша Ұлттық Банктің кәсіптік бағалауын көздейтін уәжді пайымдау институтын пайдаланатын болады.

Мемлекет басшысы Бес әлеуметтік бастама шеңберінде жариялаған «Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» - «7-20-25» бағдарламасын іске асыру шеңберінде заң жобасымен жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық қарызының ерекшеліктері белгіленеді.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін 100% деңгейінде шектеу бөлігінде қарыз алушы жеке тұлғаларды қорғауға бағытталған түзетулер енгізіледі.

Заң жобасымен депозиттің қосымша түрі – жинақ салымдарын енгізу көзделеді. Бұл салымшылардың қазіргі бар құқықтарын қозғамайтын жинақтаудың баламалы құралы.

Жаңа құралға инвестиция салу жоғары сыйақы мөлшерлемесін алуды және ұлттық валютадағы өзге де салымдар бойынша мемлекеттік кепілдікті қолданыстағы 10 млн. теңгеге дейінгі кепілдікке қарағанда 15 млн. теңгеге дейін арттыруды көздейді. Бұл ретте салымды талап ету жөнінде банкті 30 күн бұрын хабардар еткен жағдайда салымшының оны мерзімінен бұрын алу құқығы болады. Бұл құрал ұзақ мерзімді жинаққа арналғандықтан, ол мерзімінен бұрын алынған жағдайда сыйақы мөлшері талап еткенге дейінгі салымдар бойынша белгіленген мөлшерлеме бойынша қайта есептеледі.

Сонымен қатар реттеудің ерекше режимі енгізіледі, бұл қаржы нарығындағы бәсекелестіктің дамуын ынталандыруға, сондай-ақ қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеуде барабар тәсілдерді тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Орталық контрагенттің қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету және оның қатысуымен қор нарығындағы барлық мәмілелердің орындалуына кепілдік беру шеңберінде орталық контрагент активтеріне тыйым салу және өзге өндіріп алу мүмкіндіктерін жою мақсатында нормалар көзделеді.

Тұтастай алғанда, заң жобасы Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес келеді, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және басқа да заңнамалық актілерге қайшы келмейді.

Заң 2018 жылы 21 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

**19. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне венчурлік қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**



Заң жобасын жүргізген депутат Н. Қылышбаев.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне венчурлік қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын орындау мақсатында әзірленді.

Заң жобасының мақсаты венчурлік қаржыландырумен, оның ішінде қазіргі заманғы халықаралық тәжірибе негізінде индустриялық-инновациялық қызметті тиімді мемлекеттік қолдаумен және технологиялар трансфертімен байланысты қатынастардың жүйелі заңнамалық реттелуін енгізу арқылы инновациялық белсенділікті арттыру, жеке венчурлік капитал нарығының, цифрлық және басқа да инновациялық шешімдерді әзірлеушілердің жеке экожүйесінің дамуы мен тиімді қызметін ынталандыру болып табылады.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында жеке венчурлік капитал нарығының жүйелі түрде реттелуі жоқ, ол Қазақстан Республикасында инновацияларды әзірлеу бойынша кәсіпкерлікті венчурлік (жоғары тәуекелді) қаржыландыру, оның ішінде шетелдерден трансферттеу арқылы туындауы мен дамуы үшін қажет.

Отандық заңнама көптеген параметрлер бойынша венчурлік капитал нарықтарын реттеудің бүкіл әлемдік құқықтық үрдістеріне сай келмейді, сондай-ақ жеке венчурлік қаржыландыруды дамытудың оңтайлы заңнамалық тетіктерін қамтымайды.

Осылайша, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында елдегі венчурлік капитал нарығының дамуына негіз болатын:

- икемді азаматтық заңнама;
- мемлекеттік қолдау тетіктерінің, оның ішінде венчурлік жобаларды тікелей және (немесе) мемлекеттік даму институттары арқылы мүмкін болатын мемлекеттік қоса қаржыландырудың болуы;
- венчурлік қызметтің ерекшелігін ескере отырып, венчурлік қаржыландыру үшін мемлекеттік ынталандыру шараларының тиімділігін бағалау;
- венчурлік қорларды құру мен қалыптастырудың еркін ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны сияқты бірқатар негізгі факторлар және басқа да факторлар жоқ.

Осылайша, қазіргі кезеңде қазақстандық юрисдикциядағы венчурлік кәсіпкерлікті жүргізу әлеуетті инвесторлар үшін тартымсыз болып табылады.

Заң жобасын қабылдау венчурлік қаржыландыру саласында заңнамалық базаны қалыптастыруға және жетілдіруге әкеп соғады, ол жеке венчурлік қаржыландыру нарығына қатысушылардың инвестициялық белсенділігінің артуы мен Қазақстанда инновациялық және кәсіпкерлік белсенділіктің өсуіне алып келеді.

Заң 2018 жылы 28 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР, ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ**

### **1. «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасындағы қызметтік және азаматтық қаруды өткізу туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Кәлетаев.

Келісім қызметтік және азаматтық қаруды өткізу мен оның ішкі транзитіне байланысты қатынастарды, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің құзыретті органдары арасында осындай өткізу мен ішкі транзитті мемлекеттік бақылауға байланысты мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасауды реттеуге бағытталған.

Осы Келісіммен қызметтік және азаматтық қаруды өткізу мен оның ішкі транзиті жүзеге асырылатын жағдайлардың тізбесі регламенттелген, Еуразиялық экономикалық комиссия бекітетін нысан бойынша бірыңғай құжат негізінде міндетті рұқсат беру тәртібі белгіленген.

Келісімді ратификациялау осы қару түрін ЕАЭО-ға қатысушы елдердің аумағында өткізуді оңайлатуға, нақты айтқанда қаруды әкелу және әкету үшін рұқсат беру құжаттарын беру мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді.

Заң 2017 жылы 5 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 18 қазанда № 97-VI ҚРЗ қол қойды.

### **2. «Қару саудасы туралы шартты ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Кәлетаев.

Қару саудасы туралы шарт 2013 жылғы 2 сәуірде Нью-Йоркте жасалған.

Осы Шарт мынадай санаттар шеңберіндегі кәдімгі қару-жарақтың барлық түрлеріне қолданылады: жауынгерлік танктер, жауынгерлік брондалған машиналар, үлкен калибрлі артиллериялық жүйелер, жауынгерлік ұшақтар, жауынгерлік тікұшақтар, әскери корабльдер, зымырандар мен зымырандық ұшыру қондырғылары, атыс қаруы мен жеңіл қару-жарақ.

Осы Шарттың ережелерін жүзеге асыру үшін әрбір қатысушы мемлекет ұлттық бақылау тізімін қоса алғанда, ұлттық бақылау жүйесін құрады және пайдаланады, сондай-ақ осы Шартқа қатысты мәселелер бойынша ақпарат алмасу үшін ұлттық байланыс орталығын тағайындайды.

Шарттың қатысушы мемлекеттері кәдімгі қару-жарақтың экспортын немесе экспорты бойынша нақты операцияларды жүзеге асыруға рұқсаттар беруді ұлттық есепке алуды жүргізеді және кәдімгі қару-жарақтың рұқсат етілген немесе нақты экспорты мен импорты туралы ақпаратты қамтитын алдыңғы жыл бойынша баяндаманы жыл сайын ұсынады.

Шартта кәдімгі қару-жарақты, оқ-дәрілер және зақымдау құралдарын, бөлшектері мен компоненттерін беруге тыйым салу жағдайлары да жазылады.

Осы Шартты ратификациялау кәдімгі қару-жарақтың халықаралық саудасына бақылауды белгілеу және күшейту арқылы халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға, сондай-ақ олардың заңсыз қайта бағытталуының және заңсыз айналымының жолын кесуге ықпал ететін болады.

Заң 2017 жылы 12 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 31 қазанда № 104-VI ҚРЗ қол қойды.

### **3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Кәлетаев.

Заң жобасының мақсаты Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, әскери прокуратура, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының әскери қызметшілерін тұрғын үймен қамтамасыз ету тетіктерін нысаналы тұрғын үй төлемдері арқылы жетілдіру мақсатында әзірленді.

Заң жобасы 3 кодекске – Азаматтық, Қылмыстық-процестік, Азаматтық процестік кодекстерге, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Тұрғын үй қатынастары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы», «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы», «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Атап айтқанда, түзетулер әскери қызметшілерге қызметтік тұрғынжай берудің орнына оларға бюджет қаражаты есебінен арнайы ақшалай қамтым төлеуді көздейді. Бұл ретте осы тұрғын үй төлемдерінің мөлшері өңірлер мен отбасы құрамы бойынша сараланатын болады.

Қызметтік тұрғынжай жекешелендіруге жатпайтын жағдайларда (егер ол әскери қалашықтардың, шекара заставаларының және өзге де жабық объектілердің аумағында орналасса) әскери қызметшілерге төленетін тұрғын үй төлемі мен ақшалай өтемақы мөлшерін есепке жазу тәртібі айқындалады.

Тұрғын үй төлемдерін пайдалану мақсаттары, оларды төлеуді тоқтату негіздері, әскери қызметшілердің отбасы құрамы нақтыланады.

Әскери қызметші қаза тапқан жағдайда оның отбасы мүшелеріне, мұрагерлеріне тұрғын үй төлемдерін пайдалану, оларды біржолғы ақшалай

өтемақы түрінде алу құқығына кепілдік беріледі. Әскери қызметші қаза тапқан (қайтыс болған) кезде біржолғы өтемақы төлеуден бас тартуға қойылатын талаптар бекітіледі.

Сонымен қатар жекелеген түзетулер банктік шоттарда жинақталған тұрғын үй төлемдерін нысаналы пайдаланбаудан қорғау мәселелерін реттейді.

Түзетулер арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері (арнаулы (әскери) оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын қоспағанда) мен әскери қызметшілерді (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді, әскери оқу орындарының курсанттары мен кадеттерін, әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілерді қоспағанда) тұрғын үйге мұқтаж деп тануға қойылатын талаптарды айқындайды.

Тұрғын үй төлемдерін пайдалану мақсаттары нақтыланады, атап айтқанда оларды тұрғынжайды меншікке алу; тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу, оның ішінде кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу; бұрын алынған ипотекалық кредитті (қарызды) өтеу; тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу кезінде, сондай-ақ тұрғын үй және тұрғын үй-құрылысы кооперативіне қатысу кезінде жарналарды төлеу; тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы түріндегі жинақтарды толықтыру және тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін пайдалануға болады. Бұл ретте әскери қызметшілердің тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайды меншікке алу құқығы бір рет жүзеге асырылады.

Тұрғын үй төлемдерін тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату негіздері, тұрғын үй төлемдерін алушының құқықтары мен міндеттері, қызметтік тұрғынжай жекешелендіруге жатпайтын жағдайларда ақшалай өтемақы алу құқығы бекітіледі.

Қызмет өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің немесе әскери қызметшінің отбасы мүшелерінің тұрғын үй төлемдерін пайдалануға немесе оларды біржолғы ақшалай өтемақы түрінде алуға құқықтары айқындалады. Сондай-ақ әскери қызметте болудың шекті жасына толуына, денсаулық жағдайына не штаттардың қысқартылуына байланысты әскери қызметтен шығарылған кезде әскери қызметшілерге жұмыстан шығу жәрдемақысын төлеудің негіздері мен мөлшерлері нақтыланады.

Шетелге қызмет өткеру үшін жіберілген арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің тұрып жатқан тұрғынжайларының және (немесе) тағайындалған тұрғын үй төлемдерінің сақталуына кепілдіктер қолданылады.

Заң 2017 жылы 30 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 12 желтоқсанда № 114-VI ҚРЗ қол қойды.

#### **4. «Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы стратегиялық әріптестік туралы шартты ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Н. Нұрсипатов

Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы стратегиялық әріптестік туралы шартқа (бұдан әрі – Шарт) 2017 жылғы 18 сәуірде қол қойылған.

Шартта халықаралық ұйымдар шеңберінде ынтымақтастық пен қарым-қатынастардың кеңеюі, өзара мүдделілік туғызатын мәселелер бойынша өз ұстанымдарын келісу үшін консультациялар жүргізу көзделеді.

Шарттың ережелеріне сәйкес Тараптар халықаралық терроризмге және діни экстремизмге, сондай-ақ жаңа қауіптер мен қауіпсіздік сын-қатерлерінің өзге де көріністеріне қарсы күресте ынтымақтастықты кеңейтеді және тереңдетеді. Энергетика жүйелерін басқару, су ресурстары, теміржол көлігі, машина жасау, информатика және байланыс салаларындағы ынтымақтастықты дамытуға ерекше көңіл бөледі.

Арал теңізінің экологиялық жүйесін қалпына келтіру ісінде күш-жігерді біріктіреді және үйлестіреді, осы саладағы халықаралық және өңірлік бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруда өзара іс-қимыл жасасады.

Екі мемлекеттің транзиттік-көліктік әлеуетін дамытуға, халықаралық транзиттік телекоммуникациялық маршруттарды жасауға және дамытуға жәрдемдеседі.

Осылайша, бұл Шартты ратификациялау саясат, экономика, мәдениет, ұлттық қауіпсіздік, сауда, қоршаған орта, транзиттік көлік, білім беру және спорт салаларындағы екі мемлекеттің арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді.

Заң 2017 жылы 28 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 11 қаңтарда № 137-VI ҚРЗ қол қойды.

## **5. «Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Қазақстан -Түрікмен мемлекеттік шекарасын шегендеу туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Н. Нұрсипатов

Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Қазақстан-Түрікмен мемлекеттік шекарасын шегендеу туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) 2017 жылғы 18 сәуірде Астана қаласында қол қойылды.

Келісімнің басты мақсаты Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы шегенделген мемлекеттік шекара сызығын халықаралық-құқықтық бекіту болып табылады.

Келісімге сәйкес Қазақстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі мемлекеттік шекараның бастапқы нүктесі болып табылады. Шегенделген мемлекеттік шекара сызығының соңғы нүктесі – Каспий теңізі жағалауында орналасқан №162 шекаралық нүкте болып табылады.

Мемлекеттік шекара сызығы мен бүкіл шекаралық белгілердің орналасқан жері Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Мемлекеттік шекара картасының 41 парағына түсірілген, ол Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Келісімді ратификациялау мемлекеттік аумақты және ұлттық егемендіктің кеңістік шектерін белгілеуге, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын халықаралық-құқықтық ресімдеу процесін аяқтауға және Түрікменстанмен аумақтық даулардың туындауының ықтимал алғышарттарын жоюға мүмкіндік береді.

Заң 2017 жылы 28 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 11 қаңтарда № 136-VI ҚРЗ қол қойды.

#### **6. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы Солтүстік және Орталық Азия үшін Субөңірлік бөлімшеге арналған әкімшілік және қаржылық рәсімдерге қатысты келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Кәлетаев.

Келісім Алматы қаласында 2013 жылғы қарашада ресми түрде ашылған Солтүстік және Орталық Азияға арналған Субөңірлік бөлімшенің жұмысын қамтамасыз етуге жәрдемдеседі.

Осы Келісім транзиттік сауда, су және энергетика салаларындағы біріккен жобалар бойынша Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымымен Азия мен Тынық мұхитқа арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссиясымен ықпалдастығын нығайта түседі, сондай-ақ Қазақстан тарапына Бөлімшенің жұмысына және кейбір бағдарламаларды іске асыруға бөлінетін ерікті жарна бойынша Бөлімшеден жыл сайын есеп алуға мүмкіндік береді.

Келісімде ұлттық заңнамадағыдан өзгеше нормалардың қамтылғанын ескере отырып аталған Келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2018 жылы 15 ақпанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 27 ақпанда № 140-VI ҚРЗ қол қойды.

#### **7. «Теңіз кеме қатынасы қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз іс-әрекеттермен күрес туралы конвенцияға 2005 жылғы хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Н. Нұрсипатов.

Теңіз кеме қатынасы қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз іс-әрекеттермен күрес туралы негізгі конвенцияны (бұдан әрі – Конвенция) Қазақстан Республикасы 2003 жылы ратификациялады.

Конвенцияға 2005 жылғы қазанда Лондонда Халықаралық теңіз ұйымының заңсыз іс-әрекеттермен күрес туралы шарттарды қайта қарауы жөніндегі халықаралық конференцияда қабылданған Хаттама террористік акт ретінде сыныпталатын қылмыстардың тізімін кеңейтуді, қатысушы мемлекеттердің оларды жасағаны үшін жауаптылығын заңнамалық бекіту жөніндегі міндеттемелерін көздейді, сондай-ақ қатысушы мемлекеттердің

террористік актілерді болдырмау немесе олардың жолын кесу үшін өзара ынтымақтастығының тетігін айқындайды.

Бұдан басқа, Хаттамамен лауазамды адамдар мен заңды тұлғалардың қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық жауапкершілігі, сондай-ақ қатысушы мемлекеттердің ақпарат ұсыну саласындағы ынтымақтастығы регламенттеледі.

Осылайша, Хаттаманы ратификациялау Қазақстанның біздің отандық теңіз кеме қатынасы қауіпсіздігімен байланысты мәселелерді шешуде басқа елдермен бірыңғай құқықтық кеңістікте болуына мүмкіндік береді.

Заң 2018 жылы 1 наурызда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 15 наурызда № 145-VI ҚРЗ қол қойды.

## **8. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломатиялық өкілдіктердің ғимараттарын салу үшін жер учаскелерін өзара беру туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Кәлетаев.

Осы Келісімге екі ел арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайту, дипломатиялық өкілдіктердің болуы мен жұмыс істеуінің тиісті жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасында 2010 жылғы 24 тамызда Астана қаласында қол қойылды.

Келісімге сәйкес тәжік Тарапы Қазақстан Тарапына Тәжікстан Республикасында Қазақстан Республикасы Елшілігінің ғимаратын салу үшін жер учаскесін жылына 1 сомони мөлшеріндегі жалдау ақысымен 49 жыл мерзімге өтеулі жер пайдалануға (жалға алуға) береді, Қазақстан Тарапы тәжік Тарапына Қазақстан Республикасында Тәжікстан Республикасы Елшілігінің ғимаратын салу үшін жер учаскесін жылына 1 теңге мөлшеріндегі жалдау ақысымен 49 жыл мерзімге өтеулі жер пайдалануға (жалға алуға) береді.

Осы заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға алып келмейді, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлуді талап етпейді.

Келісім ұлттық заңнамада көзделгеннен өзге ережелерді қамтитынын ескере отырып, осы Келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2018 жылы 19 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 4 мамырда № 153-VI ҚРЗ қол қойды.

## **9. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Ауғанстан Ислам Республикасының тұрақтылығы және қайта қалпына келтіру жөніндегі іс-қимылға**

**Америка Құрама Штаттарының қатысуына байланысты Қазақстан Республикасының аумағы арқылы арнайы жүктің коммерциялық теміржол транзитін қамтамасыз ету туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Т. Мұсабаев.

Хаттамаға 2017 жылғы 21 қыркүйекте Нью-Йоркте қол қойылған және арнайы жүктің транзиттік бағытына Ақтау және Құрық порттарын енгізуді көздейді, бұл Ауғанстанға (Ауғанстаннан) Каспий теңізі арқылы теміржол тасымалдарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ауғанстандағы контингентті материалдық қамтамасыз етудің негізгі бағыты Пәкістан арқылы өтеді, алайда әскери-саяси тұрақсыздыққа және екіжақты қатынастардағы келіспеушіліктерге байланысты америка тарапы Әзербайжан аумағынан Каспий теңізі арқылы Қазақстанға (Ақтау және Құрық порттары) және одан әрі теміржол көлігімен Өзбекстан мен Ауғанстанға өтетін балама бағытты пысықтауда, бұл Солтүстік тарату торабының өзгертілген нұсқасы болып табылады.

Осы транзиттің жұмыс істеуі Ауғанстанда бейбітшілік пен тұрақтылықты орнатуға ұмтылатын ел ретінде Қазақстанның мүдделеріне толығымен жауап береді.

Бұл Хаттама транзиттік тасымалдау жүйесін дамытуға оң ықпал етеді және елдің логистикалық инфрақұрылымын дамытуды жалғастырады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 3) тармақшасына сәйкес Хаттама ратификациялануға жатады.

Заң 2018 жылы 19 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 4 мамырда № 152-VI ҚРЗ қол қойды.

**10. «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Н. Нұрсипатов.

Келісім 2013 жылғы 20 қарашада Санкт-Петербуркте жасалған.

Осы Келісімнің негізгі мақсаты қатысушы мемлекеттерде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған үйлестірілген бірлескен іс-шараларды өткізу болып табылады.

Келісім Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдер арасындағы:

- ақпаратты трансшекаралық беру, ақпараттық жүйелердің ақпараттық қауіпсіздігінің қатерлерін талдау және бағалау,

- қатысушы мемлекеттердің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы нормативтік-құқықтық актілерін және нормативтік-әдістемелік құжаттарын жақындастыру,



- халықаралық стандарттармен үйлесімді ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мемлекетаралық стандарттар әзірлеу,
- ақпараттық жүйелерде орналастырылған ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуге және оның техникалық арналар арқылы сыртқа шығуына жол бермеуге бағытталған келісілген іс-шараларды іске асыру,
- қорғалу кластары әртүрлі ақпараттық жүйелердің өзара іс-әрекеті кезінде қолжетімділігі шектеулі ақпараттың және ақпараттық технологиялардың қорғалуын қамтамасыз ету,
- ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында кадрларды білікті қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру және басқалар бөлігінде іс-қимыл жасасуын реттейді.

Осылайша, Келісімде көзделген барлық нормалар ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешуге бағытталған.

Заң 2018 жылы 19 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 3 мамырда № 150-VI ҚРЗ қол қойды.

## **11. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы мемлекеттік әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету үшін төлемақы алуға қатысты келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Т. Мұсабаев.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы мемлекеттік әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету үшін төлемақы алуға қатысты келісім (бұдан әрі – Келісім) 2018 жылғы 12 қаңтарда Вашингтон қаласында жасалды және бортында үкімет делегациясы бар мемлекеттік әуе кемелерін аэронавигациялық алымдар алудан өзара босатуды көздейді.

Келісімге сәйкес, Тараптардың бірі екінші Тараптың ресми сұрау салуы бойынша өз мемлекетінің аумағының үстінен мемлекеттік әуе кемелерінің ұшып өтуін орындауға, осындай рұқсат берілетін сапарлар сол Тарап мемлекетінің аумағына қонуға байланысты болғанда дипломатиялық рұқсат береді. Келісім нормалары транзиттік ұшып өтулерге, сондай-ақ үкіметтік мақсаттар үшін пайдаланылмайтын немесе кез-келген коммерциялық қызметте пайдаланылатын әуе кемелеріне қолданылмайды.

Заң жобасының қолданысы «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 2-тармағының б) тармақшасын іске асыруға бағытталған, оған сәйкес Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушыларға ұсынылатын аэронавигациялық қызмет көрсету, егер шарт ережелерінде әуе қозғалысына қызмет көрсеткені үшін ақы төлеуден босату көзделген болса, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес ұшуды орындаған жағдайларда, өтеусіз жүзеге асырылады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 3) тармақшасына сәйкес Келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2018 жылы 26 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 5 мамырда № 154-VI ҚРЗ қол қойды.

**12. «2004 жылғы 18 маусымдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде құпия ақпараттың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Н. Нұрсипатов.

Хаттама 2012 жылғы 19 желтоқсанда Мәскеуде жасалды.

Осы Хаттаманың негізгі мақсаты Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің құпия ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ету тәртібін анықтауы болып табылады.

Хаттамамен енгізілген өзгерістер Келісімге қосылу мүмкіндігін ұсынуды және барлық халықаралық құқық субъектілерінің оның тетіктеріне қатысуын, Келісімді іске асыру тетігінің негізгі буыны болып табылатын уәкілетті органдардың құрамын нақтылауды, құпия ақпараттың таралуына жол берген тұлғаға қатысты заң құзыретін нақтылауды, сондай-ақ нақтылайтын және редакциялық сипаттағы түзетулерді көздейді.

Осылайша, Хаттамада көзделген барлық нормалар құпия ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуді айқындауға бағытталған.

Заң 2018 жылы 23 мамырда Сенат отырысында қабылданды.

**13. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қорғас өзенінде «Шүкірбұлақ (Алмалы)» бірлескен сел ұстайтын бөгетін салудағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Құл-Мұхаммед.

Келісімге 2017 жылғы 8 маусымда Астанада қол қойылған және ол Қорғас өзенінде сел ұстайтын бөгетті бірлесіп салуды жүзеге асыруды көздейді.

Сел ұстайтын бөгет Келісім мемлекеттерінің ортақ меншігі болып табылады. Тараптар құрылысты қаржыландыруды жобаның жалпы құнының 50 %-ынан бірлесіп жүзеге асырады.

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі уәкілетті органдар:

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті;

Қытай тарапынан – Қытай Халық Республикасының Шыңжан өндірістік-құрылыс корпусы болып табылады.

Сел ұстайтын бөгетті салу жөніндегі жұмысты үйлестіру мақсатында

Сел ұстайтын бөгетті салу жөніндегі Қазақстан-Қытай комитеті құрылады, олардың әрқайсысына әрбір Тарап мемлекеттерінің уәкілетті органдары мен мүдделі мемлекеттік органдарының, сондай-ақ ұйымдарының өкілдері кіреді.

Тараптардың құзыретті органдары сел ұстайтын бөгет салынатын белгіленген ауданда құрылыс үшін қажетті персоналдың, көлік құралдарының, жабдықтардың, шикізат пен материалдардың Мемлекеттік шекараны жеңілдетілген түрде кесіп өтуіне қолайлы жағдайлар жасайды.

Осы Келісім Қорғас өзені бассейнінің сағасындағы екі ел халқының өмірі мен мүлкінің қауіпсіздігіне оң әсерін тигізетін болады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 3) тармақшасына сәйкес Келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2018 жылы 21 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

## **ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ, ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК КОМИТЕТІ**

**1. «2006 жылғы 20 наурыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Ә. Құртаев.

Заң жобасы 2017 жылғы 23 наурызда Астанада жасалған Хаттаманы ратификациялауға бағытталған.

Заң жобасының негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыру үшін құқықтық негіз жасау, сондай-ақ мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты белсенді дамыту және іскерлік байланыстарды тереңдету болып табылады.

Хаттамамен «Целинный» және «Сырдария» автомобиль өткізу пункттерін ашу, «Қазығұрт», «Қапланбек», «Атамекен» автомобиль өткізу пункттерінің мәртебесін «екіжақтыдан» «көпжақтыға» өзгерту және теміржол өткізу пунктін Бейнеу станциясынан Оазис станциясына ауыстыру көзделеді.

Хаттама ережелері Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне, Қазақстан Республикасының басқа заңдары мен нормативтік құқықтық актілеріне қайшы келетін нормаларды қамтымайды.

Заң 2017 жылы 12 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 30 қазанда № 101-VI ҚРЗ қол қойды.

## **2. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Норвегия Корольдігінің Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Е. Сұлтанов.

Келісімнің мақсаты Қазақстан Республикасы мен Норвегия Корольдігі арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту және автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруды оңайлату болып табылады.

Осы Келісімді ратификациялау Қазақстан мен Норвегия арасындағы автомобиль тасымалын жүзеге асыру үшін құқықтық негіз құруға мүмкіндік береді, екі елдің сауда-экономикалық ынтымақтастығын одан әрі дамытуға жәрдемдеседі.

Келісім құқыққа сыйымдылық өлшемшартына сәйкес келеді: оның нормалары Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына, халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттарына, сондай-ақ республиканың бұрын жасалған халықаралық шарттарына қайшы келмейді.

Заң 2017 жылы 12 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 30 қазанда № 102-VI ҚРЗ қол қойды.

## **3. «Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы № 2967-KAZ Қарыз туралы келісімге (Жай операциялар) (ОАӨЭЫ 2 Дәліз инвестициялық бағдарламасы [Маңғыстау облысындағы учаскелер] – 2-жоба) түзетулерге қатысты Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы келісім-хатты ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Бортник.

Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы № 2967-KAZ Қарыз туралы келісімге (Жай операциялар) (ОАӨЭЫ 2 Дәліз инвестициялық бағдарламасы [Маңғыстау облысындағы учаскелер] – 2-жоба) түзетулерге қатысты Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы келісім-хаттың (бұдан әрі – Келісім-хат) негізгі мақсаты ОАӨЭЫ 2 Дәліз инвестициялық бағдарламасының 1-қосымшасын Маңғыстау облысындағы қосымша учаскемен, «Жетібай-Жаңаөзен» жол учаскесін (ұзындығы 73 км) қосымша реконструкциялау бөлігінде өзгерту болып табылады.

Келісім-хаты іске асыру Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісім (Жай операциялар) (ОАӨЭЫ

2 Дәліз Инвестициялық бағдарламасы [Маңғыстау облысындағы учаскелер] – 2-жоба) шеңберінде іске асырылып жатқан «Шетпе-Ақтау» жобасы бойынша үнемделген қаражат есебінен жүзеге асырылатын болады.

Келісім-хатты ратификациялау Қазақстан автомобиль жолдарын дамыту және реконструкциялау бойынша шығындарды тиімді басқаруға бағытталған. Бұдан басқа, осы жобаның іске асырылуы Қазақстанда көлік дәліздерін дамытуға негізделген және көлікке жәрдемдесу саласындағы

шараларды жақсартуға бағдарланған көлік саясатын қалыптастыруға ықпал ететін болады.

Заң 2017 жылы 26 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 13 қарашада № 108-VI ҚРЗ қол қойды.

#### **4. «Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартты ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Бортник.

Шарттың негізгі мақсаты Еуразиялық экономикалық одақта бірыңғай кедендік реттеуді қамтамасыз ету болып табылады.

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі кедендік реттеу саласында:

- декларация негізінде толтырылған құжаттарды кеден органына ұсынбай, электрондық түрде кеден декларациясын беру мүмкіндігі;

- тауарларды шығаруды кеден декларациясы тіркелген сәттен бастап төрт сағаттың ішінде жүзеге асыру;

- кеден органдарының лауазымды адамдарының қатысуынсыз, кеден декларациясын тіркеуге және тауарларды автоматты түрде шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау мүмкіндігі;

- Уәкілетті экономикалық оператор мәртебесі берілуі, арнайы жеңілдіктердің тізімдері, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың бүкіл аумағындағы кедендік бақылауға қатысты арнайы жеңілдіктердің тізімдері кеңейтілуі мүмкін заңды тұлғалардың санаттарын көбейту сияқты жаңа басым бағыттарды енгізеді.

Шарт жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын қолданыстағы халықаралық шарттарға және екіжақты келісімдерге қайшы келмейді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінің осы заң жобасы бойынша ескертпелері мен ұсыныстары жоқ.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес Шарт ратификациялануға жатады.

Заң 2017 жылы 30 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 13 желтоқсанда № 115-VI ҚРЗ қол қойды.

#### **5. «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы № 7681-KZ Қарыз туралы келісімге (Оңтүстік-Батыс автомобиль жолдарын дамыту жобасы: Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық транзит дәлізі (ОАӨЭЫ 1b және 6b)) № 2 түзетулерге қатысты Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы келісім-хатты ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Е. Сұлтанов.

Келісім-хатпен Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы № 7681-KZ Қарыз туралы келісімге (Оңтүстік-Батыс автомобиль жолдарын дамыту жобасы: Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық транзит дәлізі (ОАӨЭЫ 1b және 6b)) «Күрті – Бурылбайтал» және «Ұзынағаш – Отар» қосымша жол учаскелерін қосу және қарыз қаражатын санаттар арасында қайта бөлу көзделген.

Келісім-хат жобасын іске асыру Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі қарызының 271,3 млн. АҚШ доллары сомасындағы үнемделген қаражаты мен республикалық бюджеттен 47,9 млн. АҚШ доллары сомасындағы қоса қаржыландыру есебінен жүзеге асырылатын болады.

Келісім-хатты ратификациялау «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көзделген автомобиль жолдарын реконструкциялау бойынша шығындарды тиімді басқаруға бағытталған.

Келісім-хат жобасы заңдылық өлшемшартына сәйкес келеді: оның нормалары Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына, халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттарына, сондай-ақ республиканың бұрын жасасқан халықаралық шарттарына қайшы келмейді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес Келісім-хат ратификациялануға жатады.

Заң 2017 жылы 7 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 15 желтоқсанда № 116-VI ҚРЗ қол қойды.

## **6. «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Бортник.

Заң жобасының мақсаты «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің ережелеріне сәйкес келтіру болып табылады.

Кодекс жобасымен кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары туралы ережелер, сондай-ақ кедендік төлемдерді есептеу, кедендік төлемдер мен баждарды төлеу жөніндегі міндеттердің туындауы мен тоқтатылуы, төлеу мерзімдері, оларды төлеу және өндіріп алу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету бойынша нормалар регламенттеледі.

Заң жобасымен тауарлардың ЕАЭО-ның кедендік аумағына келуімен және кетуімен, кеден декларациясын тапсырумен және кері қайтарып алумен, тауарларды шығарумен байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі реттеледі. Сондай-ақ ішкі тұтыну үшін шығару, экспорт, кедендік транзит, кеден қоймасы, еркін кеден аймағы кедендік рәсімдерін және басқаларды қоса алғанда, кедендік рәсімдер регламенттеледі.

Сонымен бірге, халықаралық тасымалдау көлік құралдары, халықаралық пошта жөнелтілімдері, құбыржолмен және электр беру желілерімен

тасымалданатын тауарлар сияқты тауарлар санаттарын ЕАЭО-ның кедендік шекарасы арқылы тасымалдаудың тәртібі мен шарттарының ерекшеліктері және басқалар заңнамалық түрде белгіленеді.

Кодекс жобасы шеңберінде декларантты әкімшілік жауаптылықтан босату жағдайлары айқындалады. Кедендік бақылау регламенттелген. Кеден ісі саласындағы тұлғалардың және уәкілетті экономикалық операторлардың қызметіне қатысты нормалар енгізіледі.

Кодекс жобасымен кедендік реттеу саласындағы жаңа басым бағыттар көзделеді. Атап айтқанда: кеден декларациясын кеден органына тиісті құжаттарды ұсынбай электрондық түрде беру мүмкіндігі; кедендік төлемдерді аванстық төлемдер енгізу арқылы төлеу; мемлекеттік органдардың ақпараттық өзара іс-қимыл жасауында «бір терезе» тетігін пайдалану.

Бұдан басқа, Кодекс жобасымен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін кедендік баждар мен төлемдер бойынша мерзімді кейінге шегеру енгізіледі. Тауарларды кедендік декларация тапсырғанға дейін шығару мүмкіндіктері кеңейтілген. Кодекс жобасының нормалары Қазақстан Республикасы Салық кодексінің ережелерімен үйлестірілген. Кеден ісі саласындағы тұлғаларды тиісті тізілімнен шығару үшін бұрын негіз болған, олардың қызметін тоқтата тұру үшін негіздер көзделген.

Заң 2017 жылы 21 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 26 желтоқсанда № 123-VI ҚРЗ қол қойды.

## **7. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кедендік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Бортник.

Заң жобасының мақсаты Қазақстан Республикасының заңнамасын «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Кодексі жобасының ережелерімен сәйкес келтіру болып табылады.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының 35 заңнамалық актісіне, оның ішінде: Қылмыстық, Кәсіпкерлік, Экологиялық және Бюджет кодекстеріне, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, сондай-ақ бірқатар заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасымен тауарларға декларация бергенге дейін тауарларды шығару туралы өтініште немесе уақытша әкетілген халықаралық тасымалдың көлік құралдарына қатысты операциялар жасау туралы өтініште көрінеу анық емес мәліметтер көрсете отырып, тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) кедендік шекарасы арқылы ірі мөлшерде өткізуді экономикалық контрабандаға жатқызу бөлігінде өзгерістер енгізіледі. Аталған өтініштер кеден органы тіркеуге алған сәттен бастап,

осындай өтініштерді беру заңдық мәні бар фактілер туралы куәландыратын құжатқа айналады.

Заң жобасының шеңберінде мемлекеттік кіріс органына Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының кеден заңнамаларында белгіленген мерзімдерде уақытша әкелудің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлар болып табылатын, уақытша әкетілген халықаралық тасымалдаудың көлік құралдарына қатысты операциялар жасау туралы өтінішті ұсынбағаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделеді. Сондай-ақ декларацияламаумен және анық емес декларациялаумен қатар декларацияны табыс еткенге дейін тауарды шығару туралы өтініштегі анық емес мәліметтер үшін жауапкершілік белгіленеді.

Заң жобасымен Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының кеден заңнамаларына сәйкес енгізілген алдағы төлемдерді төлеу есебіне аванстық төлемдерді қоса алғанда, кедендік операцияларды жасау кезінде республикалық бюджетке жіберілетін салықтық түсімдердің түрлері нақтыланады.

Бұдан басқа, қазіргі кезде көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган іске асыратын, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізудің теңіздегі өткізу пункттерінде және өзге де өткізу орындарында көліктік бақылау функцияларын мемлекеттік кіріс органдарына беру көзделеді.

Заң жобасымен ақпарат ауыстыру және валюта заңнамасын сақтау мақсатында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдары мен Ұлттық банкінің өзара іс-қимылын заңнамалық қамтамасыз ету бөлігінде толықтырулар енгізіледі.

Заң 2017 жылы 21 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 26 желтоқсанда № 124-VI ҚРЗ қол қойды.

## **8. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Көбенов.

Келісім 2017 жылғы 3 сәуірде Баку қаласында жасалған.

Бұл Келісімнің мақсаты Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасының арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту және автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруды оңайлату болып табылады.

Заң жобасының қолданысы Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасының арасындағы халықаралық автомобиль қатынасында жолаушылар мен жүктер тасымалын, олардың аумақтары арқылы транзитті, сондай-ақ осындай тасымалдарды орындауға рұқсат берілген тасымалдаушылардың және жоғарыда аталған мемлекеттердің аумақтарында тіркелген көлік құралдарының үшінші елдерге (елдерден) тасымалдарын реттеуді қамтамасыз етеді.



Экспорттық-импорттық қатынаста екі мемлекет арасында тасымалданатын негізгі жүктер қара және түсті металдардан жасалған бұйымдар, өсімдіктен және мал өнімдерінен жасалған өнімдер, қағаз және қағаздан жасалған бұйымдар болып табылады.

Осы Келісімге сәйкес ақылы жолдар мен көпірлерді қоспағанда, Тарап мемлекеттерінің аумақтарында (транзитті қоса алғанда) рұқсаттар құрамы негізінде автокөлік құралдары орындайтын халықаралық тасымалдар жолдарды пайдаланумен және күтіп-ұстаумен байланысты салықтар мен алымдардан босатылады.

Шекаралық, кедендік, санитариялық-карантиндік, ветеринариялық, фитосанитариялық және көліктік бақылауға қатысты Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың ережелері қолданылады, ал бұл шарттарда реттелмеген мәселелерді шешу кезінде әрбір Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасы қолданылады.

Осы Келісімнің ережелері Тараптар қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2018 жылы 25 қаңтарда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 7 ақпанда № 139-VI ҚРЗ қол қойды.

**9. «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған шарттың жекелеген ережелерін қолдану туралы хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Жолдасбаев.

Заң жобасының негізгі мақсаты ЕАЭО мемлекеттерінің баждарды бөлудегі бірдей тәсілін қамтамасыз ету және мүше елдер үшін кедендік әкелу баждарының сомаларын бөлу нормативтерін қайта қарау болып табылады.

«2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған шарттың жекелеген ережелерін қолдану туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын ратификациялау бірдей тәсілді және ЕАЭО мемлекеттерінің бюджеттеріне баждарды тұрақты бөлу мен есепке жатқызуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын қолданыстағы халықаралық шарттарға және екіжақты келісімдерге қайшы келмейді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінің осы заң жобасы бойынша ескертпелері мен ұсыныстары жоқ.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес Заң жобасы ратификациялануға жатады.

Заң 2018 жылы 1 наурызда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 14 наурызда № 143-VI ҚРЗ қол қойды.

**10. «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік тауарларға қатысты өзіндік ерекшелікті субсидияларды Еуразиялық экономикалық комиссиямен ерікті келісу және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзіндік ерекшелікті субсидияларды беруіне байланысты талқылауларды Еуразиялық экономикалық комиссияның жүргізу тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат С. Еңсегенов.

Келісімнің мақсаты Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – ЕАЭО) мүше мемлекеттердің тұрақты және тиімді дамуы үшін жасалатын жағдайлармен, сондай-ақ ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасындағы өзара сауда мен адал бәсекелестікті дамытуға жасалатын жағдайлармен камтамасыз ету болып табылады.

Келісімде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) арасында құқықтық реттеу тетігі көзделген.

Комиссия Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы субсидиялау практикасына сәйкес келетін өлшемшарттар негізінде өзіндік ерекшелікті субсидияларды беруге болатын немесе болмайтыны туралы тиісті шешім қабылдайды. Бұл ретте Комиссия ұлттық экономика саласына нұқсан келгені туралы айғақ болған кезде басқа мүше мемлекеттерге берілген өзіндік ерекшелікті субсидияларға қатысты талқылау жүргізуге құқылы. Комиссияның талқылау қорытындысы бойынша қабылдаған шешімі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің орындауы үшін міндетті.

Заң 2018 жылы 1 наурызда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 14 наурызда № 144-VI ҚРЗ қол қойды.

**11. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Е. Мамытбеков.

Заң жобасының мақсаты бизнес-ортаны жақсарту мен кеңейту, кәсіпкерлерге әкімшілік кедергілерді қысқарту және ауыртпалықты азайту шеңберінде заңнамалық базаны жетілдіру болып табылады.

Заң жобасы мемлекеттік бақылау-қадағалау қызметін реформалауға, ақпараттық құралдарды реттеуді және реттеуші әсерді талдау тетігін жетілдіруге, табиғи монополия субъектілері мен квазимемлекеттік сектор

көрсететін міндетті қызметтерді реформалауға, сондай-ақ бәсекеге кедергі жасайтын нормаларды алып тастауға бағытталған.

Бұдан басқа, заң жобасымен бизнес шығындарын жаппай төмендету және «Doing Business» рейтингінде Қазақстан позициясын жақсарту жөніндегі шаралар көзделеді.

Заң жобасымен құрамында он төрт кодекс пен жүз тоғыз заң бар Қазақстан Республикасының 123 заңнамалық актісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасымен профилактикалық бақылауды қамтитын мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың жаңа жүйесі ұсынылады. Мәселен, іріктеу тәртібімен жүзеге асырылатын тексерулердің орнына негізгі айырмашылығы әкімшілік іс жүргізуді қозғамастан құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен алдын алу болып табылатын профилактикалық бақылаудың жаңа институты ендіріледі. Осыған байланысты, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске көрсетілген функциялармен және әкімшілік іс қозғау жөніндегі уәкілетті органдардың құзыретімен ұштастырылған тиісті өзгерістер енгізіледі. Бұл ретте, субъектіге (объектіге) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау тәуекелдерді бағалау негізінде жүзеге асырылатын болады.

Заң жобасы шеңберінде бақылаудың жиырма саласы мен бірқатар бақылау функциялары қайталанушы және тиімсіз ретінде алып тасталады.

Осымен қатар, заң жобасымен жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті қызметтерді көрсету жөніндегі табиғи монополия субъектілері мен квазимемлекеттік кәсіпорындардың жұмысын реттеу жөніндегі нормалар енгізіледі. Атап айтқанда, Үкіметке осындай көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту жөніндегі, ал экономика саласындағы уәкілетті органға оларды көрсету тәртібін айқындау жөніндегі құзырет беретін норма көзделді.

Мемлекеттік реттеу құралдарын сапалы бағалау үшін заң жобасымен жергілікті деңгейдегі және орталық мемлекеттік органдар ведомстволарының барлық шешімдеріне реттеуші әсерді талдау рәсімін қолдану, сондай-ақ бизнеске әсер етуді бағалауды күшейту ұсынылады.

Қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында тексерулердің нәтижелері туралы актілерге шағым жасау жөніндегі апелляциялық комиссия институты енгізіледі.

Заң 2018 жылы 19 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 24 мамырда № 156-VI ҚРЗ қол қойды.

## **12. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне газ және газбен жабдықтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Бортник.

Заң жобасының мақсаты Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау саласындағы қолданыстағы заңнамасын жетілдіру, сондай-ақ

әкімшілік кедергілерді азайту, құқық қолдану практикасы процесінде анықталған құқықтық олқылықтарды жою болып табылады.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодесіне, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» және «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына түзетулер енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодесіне енгізілетін түзетулер 2021 жылдан бастап газ желісі ұйымдарын аккредиттеу институты таратылатындықтан осы ұйымдарды аккредиттеумен байланысты нормаларды алып тастауды, сондай-ақ сұйытылған мұнай газының көтерме саудадағы шекті бағаларын өнім беру жоспары шеңберінде электрондық сауда алаңдарынан (бұдан әрі – ЭСА) тыс шекті бағаларға ауыстырумен және сұйытылған мұнай газын тиеп-жөнелту мониторингін жүзеге асырумен байланысты нақтылау сипатындағы түзетулерді көздейді.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне енгізілетін түзетулер де жоғарыда аталған өзгерістерге байланысты осы Кодекстің нормаларын нақтылауға бағытталған.

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілетін негізгі өзгерістер мыналармен:

Қазақстан Республикасының ішкі нарығына ЭСА арқылы сұйытылған мұнай газын берудің жаңа тетігін бекіту арқылы сұйытылған газдың көтерме саудадағы бағаларын кезең-кезеңімен қайта реттеумен;

ұсынылып отырған газ желісі ұйымдарын аккредиттеу институтын таратумен байланысты жекелеген нормаларды нақтылаумен;

сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізу бағаларын мемлекеттік реттеуді өнім беру жоспары шеңберінде өткізілетін сұйытылған мұнай газына бағаларды мемлекеттік реттеуге ауыстырумен;

уәкілетті органның жергілікті атқарушы органдардың жиынтық өтінімдері негізінде сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыруымен;

уәкілетті органның Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру жөніндегі комиссиясын, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың сұйытылған мұнай газын беруге жиынтық өтінімдерді қалыптастыру жөніндегі комиссияларын құрумен байланысты.

Бұдан басқа, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» және «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына ұсынылып отырған түзетулермен 2021 жылдан бастап газ желісі ұйымдарын аккредиттеу институтын тарату көзделеді.

Заң 2018 жылы 28 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

## **ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ**

## **1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат және коммуникациялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Б. Жұмағұлов.

Заң жобасы бұқаралық ақпарат құралдары, телерадио хабарларын тарату, ақпараттандыру және байланыс, ақпараттық қауіпсіздік салаларында қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу мақсатында әзірленді.

Заң жобасы Бюджет, Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Кәсіпкерлік кодекстерге, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодекстеріне, сондай-ақ «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», «Телерадио хабарларын тарату туралы», «Ақпараттандыру туралы», «Байланыс туралы», «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы», «Пошта туралы», «Жарнама туралы», «Білім беру туралы», «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына түзетулер енгізуді көздейді.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне бірқатар өзгерістер енгізу, оның ішінде шығу деректерін жариялау тәртібін алғаш рет бұзған басылымдар үшін әкімшілік жаза қолдануды жұмсарту бөлігінде өзгерістер енгізу ұсынылады. Баланың немесе оның заңды өкілдерінің келісімінсіз кәмелетке толмаған баланың жеке және биометриялық деректерін, оның жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін өзге де ақпаратты пайдалануға шектеу енгізіледі.

Бұдан басқа, жалпы білім беру мекемелеріне балалардың жас мөлшерлеріне бейімделген Интернетті беру туралы талапты енгізу ұсынылады.

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында БАҚ-тың ауызша және жазбаша сұрау салулары бойынша оларға ақпарат беру процесі реттеледі; БАҚ-пен жұмысты жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті тұлғалардың немесе бөлімшелердің мәртебесі мен функциялары алғаш рет заңнамалық тұрғыдан айқындалады.

«Телерадио хабарларын тарату туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер субтитрді және сурдоаударманы қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі адамдардың ақпаратқа қол жеткізу құқығын пайдалану мүмкіндігін кеңейтеді, сондай-ақ мемлекеттік тілде жарнаманы бөлуді заңнамалық тұрғыдан бекітеді.

Байланыс операторларының радиожииліктерді бірлесіп пайдалануына рұқсат беру бөлігіндегі «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңына көзделген өзгерістер ұялы байланыстың сапасын арттыруға мүмкіндік береді және оның елдің аумағын қамтуын кеңейтеді.

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында БАҚ-тың ауызша және жазбаша сұрау салулары бойынша оларға ақпарат беру процесі реттеледі; БАҚ-пен жұмысты жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті тұлғалардың немесе бөлімшелердің мәртебесі мен функциялары алғаш рет заңнамалық тұрғыдан айқындалады.

Сондай-ақ заң жобасында бұқаралық ақпарат құралдарының шығындарын қысқарту мақсатында уәкілетті органға жіберілетін мерзімді баспасөз басылымының міндетті данасының қағаз нысанын алып тастап, электрондық нысанда жіберу ұсынылады.

Бұдан басқа, заң жобасында халықтың тыныс-тіршілігін бұзатын оқиғаларға жедел ден қоюды және оларды уақтылы хабарлауды қамтамасыз ету шеңберінде мемлекеттік органдардың үш сағат ішінде халықты ақпараттандыру міндетін заңнамалық тұрғыдан бекіту ұсынылады.

Ресми хабарларға жатпайтын ақпаратты беру туралы сұрау салулар бойынша жауап, егер сұрау салудың өзінде өзгеше көрсетілмесе, сұрау салу келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде, берілген сұрау салу нысанында және тілінде ұсынылады.

«Телерадио хабарларын тарату туралы» Қазақстан Республикасының Заңында оларды жарнамамен бөлудің мүмкіндігін болдырмайтын «діни», «білім беру» және «балалар» телебағдарламасы ұғымдарына анықтама берілген.

Заң 2017 жылы 21 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 28 желтоқсанда № 128-VI ҚРЗ қол қойды.

## **2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың жұмыспен қамтылуы және көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Н. Төреғалиев.

Заң жобасы Мемлекет Басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» және 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына Жолдауларында жарияланған тапсырмаларын орындау мақсатында әзірленген.

Заң жобасының мақсаттары:

- халықты жұмыспен қамтуды мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру;
- халықты жұмыспен қамту орталықтарын реформалау және электрондық еңбек биржасының бірыңғай онлайн-платформасын құру;
- мемлекеттік органдардың халықтың көші-қоны саласындағы функцияларын бөлу болып табылады.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының Бюджет, Еңбек кодекстеріне, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы», «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы», «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы», «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Халықтың көші-қоны туралы», «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы», «Халықты жұмыспен қамту туралы» заңдарына түзетулер енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң жобасының мәтініне жасына байланысты зейнетақы төлемдерін және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін арттыру мөлшері туралы нормаларды міндетті енгізуді көздейтін толықтыру енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінен халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға кәсіптік даярлаудан, қайта даярлаудан және өндірісішілік оқудан өткендердің саны туралы мәліметтерді ұсыну міндетін орындамағаны үшін жұмыс берушілердің жауапкершілігін көздейтін норма алып тасталады.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне медициналық қызметкерлер үшін қоса атқаратын жұмысқа тыйым салуды алып тастауды; қызметкер зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін онымен еңбек қатынастарын тоқтату туралы жұмыс берушінің хабардар етуін; ауысымнан кейін куәландырудан өту жөніндегі қызметкердің міндетін алып тастауды; жаңа ұжымдық шарт жасасқанға дейін оны ұзарту арқылы ұжымдық шарттар жасасуды қолданудың ағымдағы практикасын жақсартуды көздейтін түзетулер енгізіледі.

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер «азаматтығынан айырылу» және «азаматтығын жоғалту» деген сөздердің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармаларындағы әртүрлі оқылумен байланысты.

«Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілетін түзету Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктерге заңды тұлға құрмай, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына жол бермеумен байланысты.

«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы», «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына халықты жұмыспен қамту орталықтарының мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанынан шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын нысанына өтуін, сондай-ақ жұмыссыз адамдарға көрсетілетін олардың қызметтерін бюджет қаражаты есебінен қаржыландыруды көздейтін түзетулер енгізіледі.

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу үшін қоныс аударушылардың отбасыларын ғана емес, жекелей қоныс аударушылардың өздерін, оның ішінде некеде тұрмайтындарын мемлекеттік қолдау шараларымен қамтуға бағытталған түзетулер енгізіледі. Этникалық қазақтарға оралман мәртебесін үш айдан аспайтын мерзімге бір рет ұзарту туралы өтініш беру құқығын беретін өзгерістер де енгізілген.

«Халықтың көші-қоны туралы» және «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөніндегі өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне

және көші-қон саласындағы ведомствоаралық үйлестіру және мемлекеттік саясатты іске асыру функциясын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне беру бойынша түзетулер енгізілген.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілетін өзгерістер мыналарды:

- еңбек нарығының бірыңғай ақпараттық базасын қамтитын электрондық ақпараттық ресурс ретінде «Еңбек биржасы» мемлекеттік интернет-ресурсын құруды;

- «халықты жұмыспен қамту саласында көрсетілетін қызметтердің аутсорсингі» ұғымын енгізуді;

- халықты жұмыспен қамту саласындағы уәкілетті органға халықты жұмыспен қамту саласында көрсетілетін қызметтердің аутсорсингін ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін, халықты жұмыспен қамту саласында көрсетілетін қызметтердің аутсорсингіне қатысуға үміткер жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктеріне қойылатын біліктілік талаптарын, халықты жұмыспен қамту саласында бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру әдістемесін және тарифтердің шекті деңгейін әзірлеу және бекіту бойынша құзырет беруді;

- жергілікті атқарушы органдарға халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметін бақылау функцияларын беруді;

- халықты жұмыспен қамту орталықтарына халықты жұмыспен қамтудың жекеше орталықтарымен халықты жұмыспен қамту саласында көрсетілетін қызметтердің аутсорсингі туралы шарт жасасу құқығын, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің аутсорсингі туралы шарттың іске асырылу барысына мониторинг жасау және бақылау функциясын беруді көздейді.

Сондай-ақ заң жобасымен жұмыссыздарды тіркеу рәсімдері оңайлатылған, студенттер мен жоғары сынып оқушылары үшін жазғы демалыс кезеңінде ғана емес, сабақтан бос және басқа уақыттарда да қоғамдық жұмыстарға қатысу мүмкіндігі кеңейтілген.

Заң 2018 жылы 29 наурызда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 16 сәуірде № 147-VI ҚРЗ қол қойды.

### **3. «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Б. Жұмағұлов.

Заң жобасы 2017 жылғы 4 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Парламентінің алтыншы шақырылымы үшінші сессиясының ашылуында Қазақстан Республикасының Президенті берген тапсырмаларды іске асыруға бағытталған және мыналарды:

- Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің, құрылымы мен басқару органдарының құқықтық мәртебесін, мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, негізгі бағыттарын нақтылауды;



- қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік саласындағы қайырымдылық пен медиацияны дамытуға ықпал ету түріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің жаңа бағытын енгізуді;

- Ассамблеяның мақсаттары мен міндеттерін бөлісетін және азаматтардың белсенділігі мен өзіндік әрекетін дамытуға, олардың дәстүрлерді, тілдер мен мәдениетті сақтау және дамыту саласындағы мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктеріне арналған жаңа бап енгізуді;

- дәстүрлерді, тілдер мен мәдениетті сақтау және дамыту саласындағы этномәдени бірлестіктердің қызметіне мемлекеттік қолдауды жүзеге асыруды, мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуын;

- этномәдени бірлестіктер институтының өзін одан әрі жетілдіруіне бағытталған қоғамдық аккредиттеу рәсімінен өтуін көздейді.

Сонымен бірге заң жобасымен қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделінің, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және азаматтық қоғам институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған нормалар ұсынылады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмыс істеуін ұйымдастырушылық, қаржылық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз ету мақсатында заң жобасында Ассамблеяның атқарушы органдары айқындалады және олардың қызметінің тәртібі регламенттеледі.

Заң жобасының қабылдануы Қазақстан қоғамындағы этносаралық келісім мен толеранттықты, елдегі тұрақтылық пен құқықтық тәртіпті одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

Заң 2018 жылы 19 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 27 сәуірде № 149-VI ҚРЗ қол қойды.

#### **4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне архив ісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Б. Әйтимова.

Заң жобасының негізгі мақсаты тіршілік қызметінің барлық салаларына құжаттамалық қамтамасыз етудің жаңа ақпараттық нысандарының белсенді түрде интеграциялануымен және жалпы толығымен электрондық құжат айналымына көшумен байланысты архив ісі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру болып табылады.

Заң жобасымен Бюджет кодексіне, сондай-ақ «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы», «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы туралы», «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Білім туралы»,

«Оналту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына түзетулер енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне мемлекеттік архивтерге ақылы қызмет түрлерін өткізуден алынған ақшаларды жұмсау құқығын беру бөлігінде өзгеріс енгізіледі.

«Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер ұғымдық аппаратты, мемлекеттік архивтер көрсететін қызметтер тізбесін кеңейтумен, уәкілетті органдар мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік бақылауды жүргізуге құзыреттерінің аражігін ажыратумен байланысты.

«Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңына архив ісі және құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органдардың құзыретін нақтылайтын түзетулер енгізіледі.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына жеке тұлғалардың жеке сәйкестендіру нөмірін, заңды тұлғалардың бизнес-сәйкестендіру нөмірін міндетті көрсету бөлігінде түзету енгізіледі, бұл жеке тұлғалардың сұрау салуларын орындауды ретке келтіру мен бақылауға, сондай-ақ жасырын өтініштердің санын қысқартуға ықпал ететін болады.

«Білім туралы» Заңға білім беру гранттарын тағайындау конкурсын өткізу кезінде баллдары тең болған жағдайда ғана артықшылық құқығының айқындалуы жөніндегі өзгеріс пен толықтырулар енгізілген.

«Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізілген, онымен сыйлықты беру жөніндегі комиссия құрамын дербес бекіту алып тасталады, бұл комиссияны лауазымдық деңгейде құруға мүмкіндік береді.

«Оналту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына банкроттың архивтік құжаттарын ретке келтіру және тиісті архивке беру бойынша банкроттықты басқарушының міндеттерін регламенттеу бөлігінде түзетулер енгізіледі.

Заң 2018 жылы 26 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 16 мамырда № 155-VI ҚРЗ қол қойды.

## **5. «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Орта білім беруді жаңғырту жобасы) ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Бақтиярұлы.

Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімге (Орта білім беруді жаңғырту жобасы) (бұдан әрі – Келісім) 2017 жылғы 21 тамызда Астана қаласында қол қойылды.

Келісім Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың бес институционалдық реформасын іске асыру жөніндегі «Ұлт жоспары – 100 нақты қадамның» 76-қадамында, сондай-ақ Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында белгіленген басымдықтарға сәйкес келеді.

Орта білім беруді жаңғырту жобасы бойынша шығындардың жалпы сомасы 75 млн. АҚШ долларын, оның ішінде Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің қарызы 67 млн. АҚШ доллары мөлшерінде, қарызды республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру 8 млн. АҚШ доллары мөлшерінде құрайтын болады.

Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің 67 млн. АҚШ доллары сомасындағы қарызы Қазақстан Республикасына 5,5 жыл жеңілдік кезеңін қоса алғанда, 17 жыл өтеу мерзіміне беріледі, сыйақы мөлшерлемесі – ЛИБОР + құбылмалы спрэд, біржолғы комиссия – қарыз сомасының 0,25 %-ын, резервке қойғаны үшін комиссия – жылына қарыз бойынша пайдаланылмаған балансының 0,25 %-ын құрайды.

Келісімнің мақсаты орта білім беру жүйесінің сапасын арттыру, жаңғыртуды қолдау, білім берудегі қолжетімділік пен тепе-теңдікті арттыру болып табылады.

Келісім ҰБТ тестеудің жаңа стандарттарын қалыптастыру арқылы бағалау жүйесін, оқудағы жетістіктерді сыртқы бағалауды және тест тапсырмаларының базасын жаңартуды қайта қарау сияқты білім берудің жаңартылған мазмұнын қолдауға бағытталған бастамалар кешенін қамтиды.

Келісімнің басты бағыттарының бірі білім беру материалдарына қолжетімділікті арттыру, мультимедиялық жабдықпен жарақтандыру және ауыл мұғалімдерінің әлеуетін ұлғайту арқылы ауылдық жалпы білім беретін және шағын жинақталған мектептердегі оқушылардың үлгерімін жақсарту болып табылады. Келісімнің жалпы қаржыландыру сомасының шамамен 67 %-ы 5400 ауылдық мектепті интерактивті жабдықпен қамтамасыз етуге жұмсалатын болады. Ауылдық мектеп кабинеттерінің 60%-ын компьютерлермен, проекторлармен және экранмен жарақтандыруға мүмкіндік беретін 32,5 мың жабдық жинақталымын сатып алу жоспарланып отыр.

Менеджмент бойынша оқытумен ауылдық жерлердегі мектептердің шамамен 200 мың мұғалімдері мен басшылары қамтылуға тиіс. 3 миллионнан астам оқушы, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар Келісімнің бас бенефициарлары болады.

Келісім инклюзивті білім беруді қолдауға да бағытталған. Жалпы білім беретін мектептер негізінде 9 Ресурстық орталық құру және оларды жарақтандыру, дефектологтердің, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар беретін мамандардың біліктілігін арттыру, көру қабілеті және интеллекті бұзылған балалар үшін оқулықтар сатып алу жоспарланып отыр.

Келісімді іске асыру ауылдық және қалалық мектептердің арасындағы үлгерімдегі алшақтықты қысқартуға және білім беру сапасын теңдестіруге ықпал етуге тиіс.

Заң 2018 жылы 23 мамырда Сенат отырысында қабылданды.

## **6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коммерциялық емес ұйымдардың қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат С. Ершов.

Заң жобасының мақсаты Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы заңнамасын мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асырудың тиімділігін және ашықтығын арттыру, сондай-ақ уәкілетті органға мәліметтер беретін коммерциялық емес ұйымдардың тізбесін оңтайландыру арқылы жетілдіру болып табылады.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы», «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына түзетулер енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне түзетулер субъектілердің Қазақстан Республикасының коммерциялық емес ұйымдар туралы заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылығын нақтылауға бағытталған.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер жаңа «мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру» және «мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін бағалау» ұғымдарын енгізуге, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру және оның нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру бөлігінде уәкілетті орган мен мемлекеттік органдардың құзыретін нақтылауға байланысты.

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына уәкілетті органға мәліметтер беретін үкіметтік емес ұйымдардың тізбесін қысқарту мақсатында түзетулер енгізіледі.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Қазақстан Республикасының Үкіметімен және мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылы, Қазақстан Республикасы Үкіметі өкілдерінің Ұлттық палата съезінің жұмысына және төралқа құрамына қатысуы туралы нормаларды алып тастау мәселелеріне қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» және «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес келтіру бөлігінде түзетулер енгізілді.

Заң 2018 жылы 31 мамырда Сенат отырысында қабылданды.

## **7. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Б. Әйтимова.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауында, «Бес әлеуметтік бастама» атты үндеуінде, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жарияланған тапсырмаларды орындау, сондай-ақ Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі жалпыұлттық тұжырымдамасын іске асыру мақсатында әзірленген.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауында, «Бес әлеуметтік бастама» атты үндеуінде, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жарияланған тапсырмаларды іске асыру мақсатында мыналар:

2018 жылғы 1 шілдеден бастап бала кезінен бірінші топтағы мүгедекке күтім жасауды жүзеге асыратын адамдарға жәрдемақы енгізу;

айына 25 еселік айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен аспайтын жалақысы төмен жұмыскерлердің салықтық жүктемесін азайту;

заңнамалық тұрғыдан «кіші отан» ұғымын бекіту және жеке тұлғалардың ерікті түрде кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі шарттарын анықтау көзделеді.

Бұдан басқа, заң жобасымен Қазақстан ратификациялаған БҰҰ-ның Мүдегектердің құқықтары туралы конвенциясы шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында оқуға қабылдау тәртібі, ауылдық жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік сала мамандарын атаулы әлеуметтік қолдау, арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлерін әлеуметтік қорғау шараларын күшейту тәртібі нақтыланады.

Заң жобасы әлеуметтік қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған және 5 кодекске және 23 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

«Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 2018 жылғы 1 шілдеден бастап бала

кезінен бірінші топтағы мүгедектерге күтімді жасауды жүзеге асыратын адамдарға жәрдемақы енгізуді көздейтін түзетулер енгізіледі.

Президенттің Бес әлеуметтік бастамасын іске асыру шеңберінде жалақысы төмен жұмыскерлердің салықтық жүктемесін төмендету жөніндегі Салық кодексіне салық салынатын табысты 90%-ға азайтылу жағына қарай түзету және табысы айына АЕК 25-еселік мөлшерінен аспайтын жұмыскерлердің санаттары үшін 10 % мөлшерлеме бойынша жеке табыс салығын салу жөніндегі өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Ауылдық жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік сала мамандарына атаулы көмек көрсетуді күшейту мақсатында «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекске және «Білім туралы», «Ветеринария туралы», «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңдарға жергілікті өкілді органдар бекіткен тәртіппен және мөлшерде бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі нормаларды біріздендіруге бағытталған түзетулер енгізіледі.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне көп балалы отбасыларға арналған жеңілдіктер мен әлеуметтік кепілдіктерді заңнамалық тұрғыдан белгілеу мақсатында «көп балалы отбасы» ұғымы енгізіледі.

Қазақстанның Еңбек кодексінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының талаптарын ескере отырып, жүктілікке және босануға байланысты демалыс ұзақтығы нақтыланады.

«Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында халықты әлеуметті қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қаржыландыру және мониторингтеу қағидаларын, арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын ұйымдардың бірыңғай тіркелімі мен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың тізілімін қалыптастыру қағидаларын, арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын ұйымдардың қызмет қағидаларын, арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну саласындағы әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуді және бекітуді көздейтін нормалармен толықтырып, уәкілетті органның құзыретін кеңейту ұсынылады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына Қазақстан ратификациялаған БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы шеңберінде барлық балаларды, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында оқуға қабылдау тәртібін нақтылайтын түзетулер енгізіледі.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «Қарулы Күштердің жоғарғы қолбасшылығының президенттік резерві» ұғымын енгізу және оны қалыптастыру тәртібін айқындау жөніндегі түзетулер көзделген. «Сыртқы барлау туралы», «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына түзетулер

Сыртқы барлау қызметі қызметкерлерінің жеңілдікпен есептеле отырып, есепке жатқызылуға тиісті қызмет кезеңін, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері қатарынан зейнеткерлерді жерлеуге арналған біржолғы төлемнің мөлшерін нақтылауды көздейді.

«Қайырымдылық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына «кіші отан» ұғымын заңнамалық тұрғыдан бекіту және жеке тұлғалардың ерікті түрде кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі шарттарын анықтау мақсатында түзетулер енгізіледі.

Заң 2018 жылы 14 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

## **8. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат С. Бектұрғанов.

Заң жобасы баланың құқықтарын қорғауды басым түрде қамтамасыз ету қажеттілігі негізге алына отырып, балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған, оның ішінде Қазақстан Республикасы ратификациялаған БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясында бекітілген, халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларына сәйкес әзірленді.

Заң жобасының негізгі мақсаты балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғауды, балалардың өзінің жасына сәйкес келетін ақпаратты алу және тарату құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Заң жобасының міндеті балаларды физикалық және психикалық денсаулығына, имандылық, рухани, психикалық, физикалық және әлеуметтік жағынан дамуына зардабын тигізетін ақпараттан, оның ішінде зорлық-зомбылық пен қатыгездікті, порнографияны, қоғамға жат және құқық бұзушылық мінез-құлықты насихаттайтын баспа, аудио- және аудио-бейне өнімдерді, электрондық және компьютерлік ойындарды таратудан қорғаудың ұйымдастырушылық-құқықтық тетіктері мен заңнамалық кепілдіктерін енгізу болып табылады.

Осыған байланысты заң жобасымен:

- балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау басымдылығын айқындау;
- жас сыныптамасы мен ақпараттық өнімді маркалауды енгізу;
- балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпаратты таратуға бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі функциялардың аражігін ажырату;
- ақпараттық өнімді маркалауды жүзеге асыратын субъектілерді (меншік иесі және (немесе) таратушы) айқындау жөніндегі шаралар реттеледі.

Осы заң жобасының қолданысқа енгізілуімен балаларды агрессивті, қатыгез, қоғамға жат мінез-құлыққа, құқыққа қайшы әрекеттерге итермелейтін, психикасын зақымдайтын және бұзатын ықпалдық азаюы болжанады.

Заң жобасын қабылдау және оны іске асыру мемлекеттік бюджеттен қосымша қаржы шығыстарын қажет етпейді, сондай-ақ экономикалық, әлеуметтік, заңдық және экологиялық теріс салдарларға алып келмейді.

Заң 2018 жылы 21 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

## **9. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат С. Бектұрғанов.

Заң жобасы қолданыстағы заңнамалық актілерді «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасымен сәйкес келтіру мақсатында әзірленді.

Негізгі заң жобасының тұжырымдамалық бағыттарын ескере отырып, жеті заңнамалық актіге, оның ішінде Қылмыстық кодекске және Кәсіпкерлік кодексіне, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Мәдениет туралы», «Телерадио хабарларын тарату туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Бұл түзетулер салааралық сипатқа ие, балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін, Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған кез-келген тәсілмен ашық таратылатын ақпараттан олардың ақпараттық қауіпсіздігіне байланысты қатынастарды кешенді түрде құқықтық реттеуге арналған.

Қылмыстық кодекс пен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске түзетулермен балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін тиісті жауаптылық көзделеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне балаларды суицидке итермелегені, телекоммуникация желілерін, оның ішінде Интернет желісін пайдалану арқылы кәмелетке толмағандарды қылмыстық әрекетке тартқаны үшін жауаптылық белгілеу бөлігінде түзетулер енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне енгізілетін түзетулер кәмелетке толмағандарға балаларға тыйым салынған ақпараттық өнімді таратқаны, жас санаты белгісіз мерзімді баспа басылымдарын, аудио-бейне және (немесе) баспа өнімін таратқаны, «18 жастан бастап» жас санатына жатқызылған ақпаратты қамтитын телерадио бағдарламаларын тарату кезінде белгіленген уақытты сақтамағаны үшін жауаптылықты белгілейді.

Кәсіпкерлік кодексіне, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Мәдениет туралы» және «Телерадио хабарларын тарату туралы» заңдарға қолданыстағы нормаларды негізгі заң жобасының ережелерімен ұштастыруға



бағытталған өзгерістер енгізіледі, атап айтқанда фильмдердің жас сыныптамасы енгізіледі, фильмдердің жас санаты белгісін пайдалану регламенттеледі.

Заң жобасы балалардың толыққанды имандылық, рухани, психикалық, физикалық және әлеуметтік жағынан дамуына зардабын тигізетін ақпараттан оларды қорғау саласындағы қазіргі заманғы ақпараттық кеңістік жағдайындағы баланың ақпараттық қауіпсіздікке құқықтарын қамтамасыз етудің тиімді тетіктерін құруға мүмкіндік береді.

Заң жобасы қолданысқа енгізілгеннен кейін балаларды агрессивті, қатыгез, қоғамға жат мінез-құлыққа, құқыққа қайшы әрекеттерге итермелейтін, психикасын зақымдайтын және бұзатын ықпалдың азаюы болжанады.

Заң 2018 жылы 21 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

#### **10. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Бақтиярұлы.

Заң жобасы Президенттің 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауын орындау үшін Парламент депутаттарының заң шығару бастамашылығы тәртібімен әзірленді.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, «Білім туралы» және «Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Заң жобасында «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасын енгізу ұсынылады, оның шеңберінде қазақстандықтардың жас ұрпағының ұлттық және жалпы адами құндылықтарға негізделген дүниетанымын қалыптастыру жөніндегі тәрбиелеу қызметі жүзеге асырылады.

Дуальды оқытуды енгізуге байланысты заң жобасында: өндірістік оқыту, тәлімгер, тыңдаушы, тірек мектеп (ресурс орталығы) ұғымдарын бекіту көзделеді.

Бұдан басқа, заң жобасында ұсынылатын түзетулер техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша әдістемелік жұмысты күшейтуге мүмкіндік беретін республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің, бейіндер бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктердің мәртебесін заңнамалық деңгейде бекітеді.

Заң жобасымен қайталанатын және ескірген нормаларды алып тастауға, техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы заңнама нормаларының алшақтықтары мен қайшылықтарын жоюға бағытталған түзетулер көзделген.

Заң 2018 жылы 28 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

**11. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Б. Жұмағұлов.

Заң жобасы Мемлекет басшысының 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауын, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 78-қадамын орындау, сондай-ақ Мемлекет басшысының Бес әлеуметтік бастамасын іске асыру үшін әзірленді.

Заң жобасымен Азаматтық кодекске (Ерекше бөлік), Бюджет және Еңбек кодекстеріне, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне және Қазақстан Республикасының 15 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасы жоғары оқу орындарының академиялық, басқару және қаржылық дербестігін кеңейтуге, Назарбаев Университетінің тәжірибесін ескере отырып, олардың бәсекеге қабілеттігін арттыруға, сондай-ақ жоғары білім берудің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға және студент жастардың күнелту жағдайларын жақсартуға бағытталған.

Академиялық дербестікті кеңейту үшін жоғары оқу орындарына білім беру бағдарламаларының мазмұны, білім алушылардың ауысуы мен қайта қабылдануы мәселелерін, білім беру қызметтерін көрсету және кәсіптік практиканы өткізу шартының нысандарын айқындау өкілеттіктерін беру бойынша құзыреттер көзделген.

Басқару және қаржылық дербестік мәселелері бойынша заң жобасында жұмысқа жалдау, жоғары оқу орнының құрылымын айқындау, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің коммерциялық ұйымдарын коммерциялық емес ұйымдар етіп қайта құру, жоғары оқу орындарының коммерциялық қызметті жүзеге асыруы, сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы директорлар кеңесінің айрықша құзыреті мәселелерін реттейтін нормалар көзделеді.

Сонымен қоса, заң жобасының негізгі ережелерін тиімді іске асыру үшін:

- кадрларды даярлау бағыттары бойынша жаңа сыныптауышқа сәйкес жоғары оқу орындарының білім беру қызметін лицензиялаудың жаңа түріне көшуі;

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім бағдарламалары бойынша оқытуды тек қана күндізгі оқыту нысандарында жүзеге асыру;

- өмір бойы оқыту қағидатын іске асыру мақсатында формальды және формальды емес білім беру арқылы оқытудың нәтижелерін тану;

- жоғары оқу орындарының түрлері – «академия», «институт», «университет» ұғымдарын нақтылау;

- жоғары оқу орындарының аккредиттеу органдары көрсететін қызметтерді сатып алуын мемлекеттік сатып алудың жалпы рәсімдерінен шығару;

- заң жобасының жекелеген нормаларын нақтылау және мазмұнын жақсарту бөлігінде бірқатар түзетулер көзделеді.

Мемлекет басшысының үшінші әлеуметтік бастамасын іске асыру шеңберінде жана студенттік жатақханалар салуға қатысты:

- студент жастардың күнелту жағдайларын жақсартуды;

- екінші деңгейдегі банктердің мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарын сенімді кепіл ретінде тануын;

- инвестициялық шығындар өтемақысын есепке жатқызуға арналған шоттардың сақталуын көздейтін түзетулер енгізілді.

Заң 2018 жылы 28 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

## **АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР, ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМУ КОМИТЕТІ**

### **1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам Ұйымы арасындағы штаб-пәтер туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Ә. Нұралиев.

Келісім 2017 жылғы 2 мамырда Астана қаласында жасалған.

Келісім Қазақстан Республикасында Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам Ұйымының (бұдан әрі – АҚИҰ) штаб-пәтерін ашуды көздейді.

Қазақстан Республикасында АҚИҰ-ның штаб-пәтерін құру Ислам ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі ынтымақтастықты нығайтады және ұйымның халықаралық, өңірлік және субөңірлік бастамаларына Қазақстанның тартылуын күшейтеді.

Қазақстанда АҚИҰ-ның штаб-пәтерін ашу үшін республикалық бюджетте:

2017 – 2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің «Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға, өзге де халықаралық және басқа да органдарға қатысуы» 017 бюджеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының АҚИҰ-ға ерікті жарнасы жыл сайын 247204 мың теңге (749103 АҚШ доллары);

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 001 бюджеттік бағдарламасының «Ауыл шаруашылығы, табиғатты пайдалану және жер ресурстарын пайдалану саласындағы жоспарлау, реттеу, басқару» 100 кіші бағдарламасы бойынша 2018 жылдан бастап жыл сайын 39600 мың теңге сомасында офистік үй-жайды жалға алу шығыстары көзделген.

Заң 2017 жылы 9 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 20 қарашада № 110-VI ҚРЗ қол қойды.

## **2. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Кодексі**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Жұмағазиев.

«100 нақты қадам: Баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт жоспарының 74 және 75-қадамдарын іске асыру мақсатында әзірленген Кодекс жобасын қабылдаудың мақсаты пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі есептілік стандарттарының халықаралық жүйесін және саланың инвестициялық тартымдылығын арттыруға арналған жер қойнауы саласындағы заңнама нормаларын жүйелендіруді көздейтін жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар жасасудың жеңілдетілген әдісін енгізу болып табылады.

Кодекс жобасының тұжырымдамасы мыналарды:

- лицензиялау және барлау мен өндіруге лицензияға өтінімдер беру кезінде рұқсат беру рәсімдері бойынша нормаларды нақтылау арқылы қатты пайдалы қазбалар саласында жер қойнауын пайдалану құқығын беру тәртібін жеңілдетуді;

- жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізу кезінде экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздікке басымдық беруді;

- қатты пайдалы қазбаларды қайта өңдеу секторына инвестицияларды ынталандыруды;

- жерасты суларын өндіруді реттеу мәселелерін су заңнамасының жүргізуіне беруді;

- лицензиялар мен келісімшарттардың мазмұнын реттейтін нормаларда тиісті ережелерді белгілеу, жер қойнауын пайдалануға лицензияда және келісімшартта көзделген міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілікті белгілеу арқылы жер қойнауын пайдалану шарттарының тұрақтылығын қамтамасыз етуді;

- жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді және жер қойнауын пайдалану құқығын беруге құзыретті органның рұқсатын алуды талап етпейтін жағдайларды және онымен байланысты объектілерді айқындауды;

- «базалық құрылыс материалдары» терминінің орнына «кең тараған пайдалы қазбалар» ұғымын пайдалануды, сондай-ақ олардың тізбесін нақтылауды;

- жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларда жергілікті қамту мәселелерін және басқа да мәселелерді қарастыруды көздейді.

Кодекс жобасы жер қойнауын пайдалану саласын реттеудің жаңа тәсілдерін көздейді. Негізгі жаңалықтары «бірінші келген – бірінші алады» қағидаты бойынша жер қойнауын пайдаланудың Аустралиялық моделін ендіру, пайдалы қазбалардың қорларын есептеудің халықаралық жүйесіне көшу, жер қойнауының мемлекеттік қорын басқару бағдарламасын әзірлеу, уранды, көмір қабаттарының метанын өндіруді реттеу, пайдалы қазбаларды старательдік өндіруді ендіру болып табылады.

Бұдан басқа, Кодекс жобасында жер қойнауын пайдаланудың салдарын жоюды қамтамасыз етудің жаңа тетіктерін енгізу ұсынылады, оған сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар өндіру бойынша операциялар басталғанға дейін жою жоспарын және жою жұмыстары құнының бағасын жасауға тиіс.

Жоюды қаржыландыру тәуекелдерін барынша азайту мақсатында жер қойнауын пайдаланушылар қамсыздандыру ұсынуға міндетті, оған уәкілетті орган жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда өндіріп алуды қолданады. Мұндай тәсіл жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар аяқталған кезде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және салдарды уақтылы жоюға мүмкіндік береді, бұл қоршаған ортаның жай-күйіне және халықтың өмір сүру сапасына әсер етеді.

Кодекс жобасында жер қойнауы саласына қаржыландыруды тарту процесін жеңілдету шеңберінде несие алу үшін кепілге жер қойнауын пайдалану құқығын беру кезінде уәкілетті органның рұқсатын алу қажеттілігі алып тасталады.

Жер қойнауы саласындағы басқаруға қойылатын бірыңғай тәсілдер шеңберінде Кодекс жобасында жер қойнауы мемлекеттік қорын басқару бағдарламасын ендіру ұсынылады, онда жер қойнауының мемлекеттік қорын ұтымды басқару және елдің минеральдық-шикізаттық базасын шығару саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен басымдықтары бекітіледі.

Кодекс жобасында жер қойнауын пайдаланушылардың ерікті негізде құзыретті орган айқындаған ұйым бекіткен сатып алу стандарттарын қолдану мүмкіндігі де көзделеді, яғни жер қойнауын пайдаланушы осы ұйымға мүше болған жағдайда ғана сол ұйымның сатып алу стандарттарын басшылыққа алуға құқылы.

Осылайша, Кодекс жобасы жер қойнауы саласын реттеудің кешенді, ашық және тиімді жүйесін құру мақсатында нормативтік актілерді жүйелеуге және кодтауға, сол арқылы ұзақ мерзімді өсу үшін жағдай жасауға бағытталған.

Заң 2017 жылы 21 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 27 желтоқсанда № 125-VI ҚРЗ қол қойды.

### **3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Жұмағазиев.

Заң жобасын қабылдаудың мақсаты қолданыстағы заңнаманы «100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт жоспарының 74 және 75-қадамдарын іске асыруға бағытталған «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекс жобасының нормаларымен сәйкес

келтіру болып табылады, ол пайдалы қазбалар қоры бойынша есептіліктің халықаралық стандарттар жүйесін және жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар жасасудың жеңілдетілген әдісін енгізуді көздейді.

Заң жобасымен 16 заңнамалық актіге, оның ішінде Қазақстан Республикасының 6 кодексіне және 10 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасы кәсіпкерлердің қызметіне қолайлы әсер етуі мүмкін нормаларды енгізеді. Осындай нормалардың қатарына жер қойнауын пайдалану саласында геологиялық ақпаратқа қолжетімділік, мемлекет тарапынан рұқсаттар және келісімдерді алудың жеңілдетілген тәртібі жатады.

Бұл ретте, геологиялық ақпаратқа ашық түрде қолжетімділікті қамтамасыз ету әлеуетті жер қойнауын пайдаланушылардың санын арттыруға алып келеді, олар геологиялық ақпаратпен еркін танысу мүмкіндігіне ие бола отырып, геологиялық барлауға капитал салу үшін қандай да бір учаскелердің келешегін бағалай алады.

Осылайша, заң жобасының нормалары жер қойнауын пайдалану саласындағы кәсіпкерлік субъектілердің қызметіне қолайлы әсер ете алады.

Заң жобасымен жер, әкімшілік, экологиялық, бюджет заңнамасына, атап айтқанда жер қойнауын пайдалану саласын қозғайтын, сондай-ақ геологиялық ақпаратқа ашық қолжетімділікті қамтамасыз ететін әкімшілік кедергілерді және рұқсат беру рәсімдерін қысқарту бөлігінде түзетулер енгізуді көздейді.

Атап айтқанда:

*Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:*

жер қойнауын пайдалану саласындағы облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудандар, облыстық маңызы бар қалалар (қаладағы аудандардан басқа) уәкілетті органдарының құзыретін нақтылау;

барлау кезеңінде жария сервитутты (сервитут үшін өтемақы төлей отырып немесе залалдарды өтей отырып) енгізу;

жер қойнауын пайдалану мақсатында мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қою талаптарын нақтылау бөлігінде.

*Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне:*

қоршаған ортаны қорғау эмиссиясына рұқсат алу үшін қағаз жеткізгіште ұсынылатын құжаттардың мерзімдері мен тізбелерін қысқарту, материалдарды беруді алып тастау бөлігінде.

*Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне:*

жер қойнауын пайдалану саласындағы кейбір құқық бұзушылық құрамдары бойынша айыппұлдардың мөлшерін арттыру, санкцияларды қатаңдату бөлігінде;

алып тастауға байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді ведомствоға бағынысты қарауды нақтылау бөлігінде.

*Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:*

жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның шарттарын сақтауға бақылау жасауды қоса отырып, кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне мемлекеттік бақылау саласын кеңейту бөлігінде түзетулер енгізу көзделеді.

Су, Экологиялық, Бюджет, Кәсіпкерлік кодекстеріне де, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, сондай-ақ «Аудиторлық қызмет туралы», «Концессиялар туралы» «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы», «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң 2017 жылы 21 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылы 27 желтоқсанда № 126-VI ҚРЗ қол қойды.

#### **4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Р. Әкімов

Заң жобасының мақсаты – Қазақстан Республикасы Президентінің «Жер заңнамасының кейбір нормаларын қолдануға мораторий енгізу туралы» 2016 жылғы 6 мамырдағы № 248 Жарлығына сәйкес құрылған Жер реформасы жөніндегі комиссияның ұсыныстарын іске асыру.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді сатуға, сондай-ақ оны шетелдіктерге беруге тыйым салу «Қазақстан Республикасы Жер кодексінің жекелеген нормаларының қолданысын және «Қазақстан Республикасының Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының қолданысқа енгізілуін тоқтата тұру туралы» 2016 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленгенін атап өту керек.

Заң жобасымен мына заңнамалық актілерге:

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне;

2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне;

«Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына;

«Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына;

«Қазақстан Республикасы Жер кодексінің жекелеген нормаларының қолданысын және «Қазақстан Республикасының Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының қолданысқа енгізілуін тоқтата тұру туралы» 2016 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Осы заң жобасының негізгі ережелері:

мемлекет мұқтажына жатқызу арқылы азаматтарды жеке ауладағы жануарларды жаю үшін жайылымдық алқаптармен, жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерімен қамтамасыз етуге;

жер учаскесін беру кезінде жариялылықты қамтамасыз етуге;

Қазақстан Республикасының азаматтарына және Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына жалдау шартымен берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің ауданын шектеуге;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылауды күшейтуге;

шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдіктермен некеде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтарына шекара маңы аумақтарынан жер беру бойынша қосымша шектеулер енгізуге бағытталған.

Заң 2018 жылы 19 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 4 мамырда № 151-VI ҚРЗ қол қойды

## **5. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) арасындағы ФАО-ның Қазақстан Республикасындағы Байланыс және әріптестік жөніндегі бюросын құру туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Мусин.

Келісім 2015 жылғы 23 мамырда Астана қаласында жасалған.

Келісімнің мақсаты Қазақстан Республикасында Байланыс және әріптестік жөніндегі бюроны (Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО)) ашу, сондай-ақ Қазақстан – ФАО Әріптестік бағдарламасын іске асыру болып табылады. Қазақстанда ФАО-ның

Байланыс және әріптестік жөніндегі бюросын құру ФАО-мен ынтымақтастықты нығайту және ұйымның халықаралық, өңірлік және субөңірлік бастамаларына Қазақстанның қатысуын күшейту ісінде маңызды кадам болады.

Қазақстанда ФАО-ның Байланыс және әріптестік жөніндегі бюросын құру үшін республикалық бюджеттен мынадай қаражат көзделген:

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 017 «Қазақстан Республикасының халқаралық ұйымдарға, өзге де халықаралық және басқа органдарға қатысуы» бюджеттік бағдарламасы бойынша:

300000 АҚШ доллары мөлшерінде – Қазақстан Республикасының ФАО-ға жыл сайынғы жарнасы;

ерікті жарналарға – жабдық пен 1 автокөлік бірлігін сатып алу үшін ФАО-ға 25197 мың теңге сомасында бір реттік жарна.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бюджеттік



бағдарламасы бойынша:

офистік үй-жайды жалдауға арналған шығыс – 44208 мың теңге сомасында;

212 «Агроөнеркәсіптік кешен және табиғатты пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулер мен іс-шаралар» бағдарламасы шегінде ФАО-ның халықаралық консультанттарын тарту арқылы ғылыми жобаларды іске асыру кезіндегі жыл сайынғы бірлесіп қаржыландырудың ең төменгі мөлшері – 2000000 АҚШ доллары.

Заңды қабылдау Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) арасындағы Келісімнің күшіне енуіне алып келеді және экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және экологиялық салдарларға әкеп соқтырмайды

Заң 2018 жылы 28 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

*Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының  
комитеттерімен өзара байланыс жасау бөлімдерінің материалдары  
бойынша Ақпараттық-талдау бөлімі әзірледі*

*ШЖҚ «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының  
әкімшілік ғимараттары дирекциясы» РМК баспаханасында басылды.  
Астана қаласы, тел: 74-64-24, 74-65-97*